

coralclub

ӨНІМДЕР КАТАЛОГЫ

Каталог Ресей және ТМД елдерінің
компания дистрибьюторлары
арасында таралуы тиіс



ӨНІМДЕР КАТАЛОГЫ

ТМД елдеріне арналған өнімдер каталогы

A large teal background with a dynamic water splash effect at the bottom, featuring bubbles and ripples. The text 'HYDRATE THE WORLD' is centered in white, bold, uppercase letters.

HYDRATE THE WORLD

Каталог белгілі бір тұлғалардың (дистрибьюторлардың) арасында таратуға
жатады, жарнама болып саналмайды.

Баспаға тапсырылған: Алматы, 2024 ж. қыркүйек.

Н-500	8	Мырыш Метионин 25	56
Абрикотаб С.	9	Омега 3 Апельсин	57
АД Фито Контрол.	10	О!Мега-3 ТГ	58
АкваОкс.	11	ОпиСтоп	59
Акула бауырының майы	12	Оушенмин	60
Алтимейт Макс	13	ПараФайт	61
Ассимилятор	14	ПентоКан/Пентокан К ⁺	62
Би-Курунга	15	Премиум Спирулина	63
Би-Лурон	16	Пренатал +	64
Визи-Прайм	17	Промарин Коллаген Пептидтері	65
Готу Кола сығындысы	18	Промарин Коллаген Трипептидтері	66
Гриффония	19	Противити Ультра	67
ДГҚ + D3 смарт пастилкалары	20	Пьюр-Си 500 мг	68
Дейли Делишес Бьюти Шейк	21	Сарымсақ сығындысы	69
Дейли Делишес Хай-Файбер	22	Сафрино	70
Джинерра	23	Селен	71
Заферан	24	Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы	72
Ивнинг Формула	25	Сильвер-Макс	73
Кальци-Прайм	26	Слим бай Слим	74
Каскара Саграда	27	Супер-Флора	75
Колострум Плюс	28	СуперБарлар	76
Корал Артишок	29	Темір	78
Корал Босвеллия	30	Тэйсти Би	79
Корал Бурдок Рут	31	ФанДетокс	80
Корал Жоңышқа	32	Әйелдерге арналған ФитоМикс	81
Корал Қара Жаңғақ	33	Флексикор	82
Корал Карнитин	34	Хлорелла	83
Корал Келп	35	ЦиркуФит	84
Корал Лецитин	36	Шайнайтын Папайя	85
Корал Магний	37	Ямми Витс	86
Корал-Майн/Корал-Майн Сильвер	38		
Корал Мия	39		
Корал Мысық тырнағы	40	Кешенді шешімдер	
Корал Таурин	41	Салауатты Старт	88
Коэнзим Q10	42	Гидрамакс	89
Күн дәрумені D3 спрей/ D-спрей 2000	43	Иммунити Пэк	90
Күнбағыс лецитині	44	Кардиопэк	91
Ерлерге арналған Либидекстра	45	Коло-Вада Плюс 2 бағдарламасы	92
Әйелдерге арналған Либидекстра	46	Коло-Вада Лайт бағдарламасы	93
ЛимФлоу	47	Коло-Вада Грин бағдарламасы	94
Липосомдық куркумин	48	Корал Детокс	95
Липостик Фит	49	Корал Детокс Плюс	96
МайндСет	50	Ментал Форс	97
Мате қосылған құмырсқа ағашының қабығы	51	Нутрипэк	98
Мемо-Прайм	52	Парашилд	99
Метастик	53	Парашилд Плюс	100
МСМ	55	Рикавер	101
		Сау Ішек	102
		Судан Баста	103

СҰЛУЛЫҚ

Privilege Кофе сығындысы мен майы қосылған бет жууға арналған сүтше	108	ODA Naturals Жібек протеиндері мен арган майы қосылған бальзам-кондиционер	120
Privilege Кофе сығындысы мен майы қосылған бетке арналған скраб	109	ODA Naturals Теңіз балдырлары сығындысы бар нәрлендіргіш душқа арналған гель	121
Privilege Кофе сығындысы мен майы қосылған бетке арналған ылғалдандырғыш тоник	110	ODA Naturals Манго сығындысы бар сергіткіш душқа арналған гель	122
Privilege Кофе сығындысы қосылған көз айналасындағы теріге арналған қарқынды әсерлі сарысу	111	ODA Naturals Апельсин және даршын сығындысы бар қолға арналған крем	123
Privilege Кофе сығындысы қосылған бет пен мойынға арналған қарқынды сарысу	112	Эму майы	124
Privilege Кофе сығындысы мен майы қосылған көз айналасындағы теріні қалпына келтіруге арналған крем	113	Pure&Natural Эму майы, шәй ағашының майымен теріге арналған бальзамы	125
Privilege Кофе сығындысы мен майы қосылған бет пен мойынға арналған жасартқыш күндізгі крем	114	Pure&Natural Cool Relief, денеге арналған кремі	126
Privilege Кофе сығындысы қосылған бет пен мойынға арналған жасартқыш түнгі крем	115	Сильвер гель	127
ODA Naturals Кератин қосылған қалпына келтіргіш сусабын	117	Шай ағашынан алынған косметикалық май	128
ODA Naturals Жібек протеиндері қосылған нығайтқыш сусабын	118	Coralbrite tic пастасы	129
ODA Naturals Кератин мен макадамия қосылған қалпына келтіргіш бальзам-кондиционер	119	Sunny Glow ерін бальзамы	130
		Advanced Collagen биоцеллюлозалы бет маскасы	131
		Hydro Boost биоцеллюлозалы бет маскасы	132
		Skin Harmony биоцеллюлозалы бет маскасы	133

ТАЗАЛЫҚ

Нейтроник	136
---------------------	-----

coralclub

Immunity Pack

Для укрепления
иммунитета
30 дней

coralclub

Parashield Plus

Для защиты
от паразитов
30 дней

coralclub

Coral Detox Plus

Активация естественного
очищения
30 дней

ДЕН САУЛЫҚ



H-500

H-500

код: 91800/91883 шығарылу түрі: 60/120 капсула



«H-500»:

- ағзаның энергетикалық қорын көбейтуге;
- ауыр физикалық және интеллектуалды жүктемелерден кейін қалпына келтіруді жылдамдатуға;
- мезгілінен бұрын қартаюдың алдын алуға көмектеседі.

Құрамы

H-500 қоспасы 300 мг (магний цитраты, калий цитраты, калий аскорбаты, кремний диоксиді, натрий бораты.)
Қосымша компоненттер

«H-500» антиоксиданттық әрекет ететін өнімдер топтамасын толықтырады. Бос радикалдар АТФ түзілетін және сақталатын митохондрияларды зақымдайтыны белгілі, осылайша, ағзаның энергияға қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырады. Осының салдарынан қартаюға тән белгілер пайда болады: есте сақтау, есту, көру нашарлайды, сергектік пен төзімділік төмендейді. Бос радикалдардан қорғай отырып, «H-500» ағзаның қалыпты жұмысқа қабілетін қалпына келтіруге көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсері:

«H-500» — өмірлік күш, төзімділік, қалпына келу, физикалық және ақыл-ой жұмысына қабілет.

«H-500» кез келген физикалық жүктемелерді, спортпен айналысуды жеңілдетуге көмектесіп, ауыр жұмысты жеңіл көтеруге мүмкіндік береді. Өнім сүт қышқылы деңгейінің төмендеуіне және оның бұлшықеттен тез жойылуына ықпал етеді, жүктемелерден кейін бұлшықеттің қалпына келуін жылдамдатады. Мұндай оң әсері өнімді ақыл-ой еңбегімен айналысатын, ауыр өндірісте жұмыс істейтін адамдарға, спортшыларға, сондай-ақ, белсенді демалысты ұнататындарға, белгілі бір себеппен сергектік және күшті сезіну қажет болғанда ұсынуға мүмкіндік береді, себебі, артық жүктемелерді жеңіл көтеруге мүмкіндік береді, ширығуды басады, бұлшықеттің серпімділігі мен ширақтығын арттырады.

Бұл өнім жасушалық энергияның өндірілуін ынталандыру есебінен ағзаның энергетикалық әлеуетін күшейтеді, бұл жалпы денсаулық үшін аса маңызды, себебі, энергияның жеткілікті қоры физикалық және ақыл-ой жұмысына қабілетті қамтамасыз етеді, заттек алмасуын жақсартады және көптеген қолайсыз факторларға қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Уыттан, микробтардан, бос радикалдардан болатын тотығу стрессі жасушалық зақымдануға және денсаулықтың нашарлауына апарады. «H-500» сау жасушалар тотығуының алдын алады және жасушалардың қоректенуін және заттек алмасуын жақсарта отырып, ағзада оңтайлы сілтілік ортаны қалпына келтіреді.

АБРИКОТАБ С

Abricotab C

код: 2188 шығарылу түрі: шайнайтын 60 таблетка



«Абрикотаб С» келесі жағдайларда көмегін тигізеді:

- ересектер мен 3 жастан асқан балалардың рацион-нын пайдалы нутриенттермен толықтырады;
- жүрек пен қан тамырларының саулығын қолдайды;
- ас қорытуды жақсартады;
- иммунитетті нығайтады.

Құрамы

лиофилизацияланған өрік ұнтағы 880 мг, С дәрумені (аскорбин қышқылы) 100 мг, қосымша компоненттер.

«Абрикотаб С» өрік пен С дәруменінің пайдалы қасиеттерін біріктіреді және теңгерімсіз тамақтану мен рационда жаңа піскен жемістер мен көкөністер жетіспегенде аса пайдалы. Өнім ас қорыту мен зат алмасуды қалыпқа келтіруге көмектеседі, сонымен қатар ағзаны қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етеді. Шайнайтын таблеткалар жағымды дәмге ие және сумен жууды қажет етпейді, бұл болса оларды қабылдауды айтарлықтай жеңілдетеді.

Белсенді компоненттердің әрекеті:

Өріктің лиофилизацияланған ұнтағы.

Лиофилизация әдісі (алдын ала мұздатылған өнімді вакуумда кептіру) дәстүрлі кептіру мен консервілеуге қарағанда пайдалы заттарды барынша сақтауға мүмкіндік береді.

Өрік – денсаулықты қолдау үшін қажетті фитонутриенттердің бай көзі. Олардың құрамында дәрумендер (бета-каротин, В тобының дәрумендері, С, Р және РР дәрумендері), сондай-ақ лютеин мен зеаксантин, минералдар (калий, магний, темір, мыс, кальций, фосфор және йод), жасұнық бар. Калий мөлшері бойынша өрік өсімдік тектес өнімдер арасында алғашқы орындардың бірін иеленеді. Өрік зат алмасуға, ас қорытуға жағымды әсер етеді, өт қабы, ішектің жұмысын жақсартады және жалпы күшейтетін әсерге ие.

«Абрикотаб С» өндіру үшін Армениядағы Арарат алқабында экологиялық таза ортада өсірілген «салах» өріктері ғана қолданылады. Бұл сұрып тәттілік пен қышқылдың тамаша теңгерімімен ерекшеленеді.

С дәрумені. Бұл дәруменнің ағзаға маңызы зор: ол жасушаларды ерте қартаюдан қорғайтын ең күшті тотықсыздандырғыш және тіндердің жазылуын тездететін және тамырлардың серпімділігін сақтайтын коллаген синтезінің маңызды қатысушысы. Сонымен қатар, С дәрумені темір мен селеннің сіңуін жақсартады, ағзаның қорғанысын күшейтеді.

АД Фито Контрол

BP Phyto Control

код: 91859 шығарылу түрі: 90 капсула



«АД Фито Контрол»:

- тамырлар қабырғасының мықтылығы мен икемділігін арттыруға;
- қантамырларды тотығу салдарынан қорғауға;
- жүрек-қан тамырлар жүйесінің қалыпты жұмысын сақтауға көмектеседі.

Құрамы

Айыр кесілген долана жемістерінің сығындысы 200 мг, Қарапайым сасықшөп жапырағының сығындысы 130 мг, Қытай гибискусі гүлшелерінің сығындысы 100 мг, Көк кофе дәндерінің сығындысы 70 мг, Байкал томағашөбі тамырының сығындысы 30 мг, қосымша компоненттер.

«АД Фито Контрол» артериалдық қысымды және тамырларды қалыпты күйде қолдауға арналған. Өсімдік тектес сығындылар кешені тамырларды нығайтуға көмектеседі, тамырдың ширақтығын жақсартады, қан ағымын реттейді, тамырлардағы қабыну процесінің алдын алады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Айыр кесілген долана жемістерінің сығындысы — көптеген қасиеттері бойынша құнды өсімдік тектес компоненті. Атап айтқанда, қантамырлардың жұмысын жұмсақ ынталандыратын, жүрекке ширақтық беретін оңтайлы табиғи құралдардың бірі болып саналады. Шеткері және жүрек қантамырларының кеңеюіне ықпал етеді, қанмен қамтамасыз етуді және миокардтағы, мидағы алмасу процестерін жақсартады, қысымды аздап азайтады. Бұл әсері жемістегі флавоноидтар тобына (гиперозид, кверцетин) және үштерпенді қышқылдардың (олеанол, урсол, кратег) болуына байланысты. Бұл заттектер жүректің және мидың қан айналымын жақсартады, ірі және ұсақ тамырлардың қан ағымын едәуір күшейтеді. Сонымен қатар, қандағы холестериннің жалпы деңгейін азайтады, холестерин түйіндағының түзілуінің алдын алады, тамырлардағы түйіндақтың қабынуын туындататын простагландиндер мен ферменттердің белсенділігін басады. Өсімдікте тамырлардың қабырғасын құрайтын коллаген талшықтарды тұрақтандыратын С дәруменінің мөлшері көп.

Көк кофе дәндерінің сығындысында қуырылған дәндерге қарағанда денсаулық үшін құнды хлорогенді қышқылдардың мөлшері көп, себебі, дәндерді қыздырып өңдеуде осы қышқылдардың бұзылуы орын алады. Хлорогенді қышқылдар қанда және липидтердің құрамында холестерин мен төмен тығыздықты липопротеиндерді белсенді тотықтырғыш — диальдегидтің әрекетін азайтады, демек, тамырларды тотығу күйзелісінен және зақымданудан қорғайды. Дәндердегі кофеин артериалдық қысымның (АҚ) деңгейіне екі жақты әрекет етеді: қалыпты болса, оны өзгертпейді немесе сәл арттырады, ал төмен болса — реттейді.

Қарапайым сасықшөп жапырағының сығындысы — фенолды гликозидтердің, флавоноидтардың және алкалоидтардың үйлесімді көзі. Заттектер кешені ірі, орташа артерияларды және қылтамырларды нығайтады, тамырлардың түйілуін азайтады және АҚ төмендетуге ықпал етіп, жалпы жұмсақ тыныштандыратын әсер етеді.

Байкал томағашөбі — Қиыр Шығыстан шыққан өсімдік, тибеттік және алтайлық шөппен емдеушілерге жақсы белгілі. Оның белсенді заттектерінің әсерімен тамырлар кеңейеді, қан айналымы қалыпқа түседі. Осымен қатар, томағашөп жүректің жиырылуының ырғағын дұрыстауға ықпал етеді, миокардқа түсетін артық жүктемені азайтады.

Қытай гибискусі (қытай раушангүлі) — органикалық қышқылдардың (лимон, алма, аскорбин), гибиск қышқылының, антоциандардың, флавоноидтардың, фитостеролдардың көзі, оларға сай тамырларға жалпы нығайтатын және ширақтық беретін әсер етеді.

АкваОкс

AquaOx

код: 91829 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«АкваОкс»:

- өсімдік тектес антиоксидант болып табылады;
- атеросклероз дамуының алдын алуға көмектеседі;
- белсенді жұмысқа қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

Құрамы

Анар жемістерінің сығындысы 200 мг, асаи жемістерінің сығындысы 200 мг, какао жемістерінің сығындысы 40 мг, розмарин жапырағының сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер.

«АкваОкс» — орталық жүйке жүйесінің және жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын оңтайландыруға, қан айналымын және тамырлардың өтімділігін жақсартуға, ағза жасушаларын мезгілінен бұрын қартаюдан қорғауға ықпал ететін аса күшті өсімдік тектес антиоксиданттардың кешені.

Белсенді компоненттердің әсері:

Анар жемістерінің сығындысының құрамында эллаг қышқылы, проантоцианидиндер және басқа заттектердің кешені бар. Ми, жүрек, бауыр, бүйректің жұмысында бұзылыстарға апаратын жасушалық зақымданудың алдын алатын күшті антиоксидант саналады. Соңғы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, анар жемістерінің сығындысы атеросклероздың асқынуын бәсеңдетуге қабілетті, ал жыл бойы күнделікті анар шырынының бір стақанын тұтыну тамырларда атеросклеротикалық түйіндақтың пайда болуының алдын алады. Мүкжидекке, қара жидекке немесе көк шайға қарағанда анардың антиоксиданттық белсенділігі едәуір көбірек.

Асаи жемісі — антиоксиданттардың, омега-3, -6, -9 қажетті май қышқылдарының, дәрумендердің, минералдардың, амин қышқылының мөлшері бойынша үздігі. Пайдалы заттектердің осындай мөлшерінің бір жидекте болуы қандай да бір басқа өнімде аса сирек кездеседі. Асаи жалпы ширақтық беретін әрекет етеді, қан айналымын жақсартады, ойлау қызметін белсендіреді, холестериннің қалыпты деңгейін қолдауға ықпал етеді.

Какао бұршақтарының сығындысы — ағзаның организмнің жасушаларына бос радикалдардың қолайсыз әсеріне қарсы тұратын полифенолдар мен флавоноидтардың көзі. Полифенолдардың болуы какао бұршақтарының түсі мен дәмін, тотығуға қарсы, бактерияларға және қабынуға қарсы бірқатар қасиеттерін анықтайды. Тәжірибе жүзінде дәлелденгендей, какао полифенолы эпикатехин ағзада толығымен және тез сіңеді. Какао миға оңтайлы әсер етеді, серпін жылдамдығы мен есте сақтауға жауапты мидың аумағына қан келуін арттырады.

Розмарин сығындысы — құрамында фенолды қышқылдардың болуына сай белсенді антиоксидант. Карнозин қышқылы және оның туындылары розмарин сығындысының жоғары антиоксиданттық тұрақтандыратын, ширақтық беретін қасиеттерін қамтамасыз етеді.

Акуланың Бауыр Майы

Shark Liver Oil Plus

код: 2309 шығарылу түрі: 60 капсула



«Акуланың бауыр майы»:

- иммундық жүйені нығайтуға;
- ағзаны аурулар мен күйзелістерден кейін қалпына келуін жылдамдатуға;
- «нашар» холестерин деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Құрамы

Акуланың бауыр майы 320 мг, сквален (акула бауырынан алынған) 275 мг.

Терең суларда тіршілік ететін акуланың бауыры — нәрлі бағалы өнім, құрамында бірегей пайдалы заттардың мол болуына байланысты ол «сұр алтын» деп те аталады. Акуланың бауыр майында сквален, скваламин, алкилглицериндер, ПҚПМҚ омега-3, А, Е, D дәрумендері бар. Балықшылар ежелден бері акула майын жараны емдеу, көру қабілетін жақсарту, тыныс алу және асқазан-ішек жолдарының ауруларын емдеу үшін қолданған.

Белсенді компоненттерінің әсері:

Терең суларда тіршілік ететін акуланың бауырынан алынатын **сквален мен алкилглицериндердің** жалпы әлдендіретін және иммундымодуляциялық әсері бар, холестерин деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Акулалардың барлық нысанының бауыр майында алкилглицериндер бола бермейді. Зерттеулер көрсеткендей, терең теңіз түбіндегі суық суда тіршілік ететін акулаларда ғана алкилглицериндер, сквалендер мен триглицеридтер болады. Олар көбіне бауырда көп кездесетін компоненттер болып табылады.

Алкилглицериндер иммунитеттің 50-ден астам факторларының секрециясын арттырады, олардың ішінде интерлейкиндер маңызды орын алады. Сонымен қатар, алкилглицериндер вирустарды бұзатын цитокиндердің түзілуін күшейтеді. Лейкоциттердің, эритроциттердің және тромбоциттердің мөлшерін реттейді. Имунокомпетентті жасушалардың (макрофагтар мен лимфоциттер), қан мен сүйек кемігі жасушаларының мембраналарын құруға қатысады.

Сквален — күшті табиғи антиоксидант және антигипоксикант. Ол оттекті тұтып, онымен жасушалар мен тіндерді қанықтырады, оттектің жетіспеуіне және бос радикалдардың жойқын әсеріне жол бермейді. Нәтижесінде зақымдалған тіндерде қалпына келтіру процестері күшейеді, жасушалардың регенерациясы жеделдейді, ағзаның қартаюы баяулайды. Сквален АІЖ арқылы «нашар» холестериннің шығуына көмектеседі және тамырларда холестерин түйіндіктерінің пайда болуына жол бермейді.

АЛТИМЕЙТ МАКС

Ultimate Max

код: 2175 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«Алтимейт Макс»:

- ағзадағы дәруменді-минералды теңгерімді қалпына келтіруге;
- иммунитетті нығайтуға;
- жұмысқа қабілеттілік пен өмірлік тонусты арттыруға;
- белсенді ұзақ өмір сүруге көмектеседі.

Құрамы

Дәрумендер: А (бета-каротин) 900 мкг (3000 МЕ), Д3 5 мкг (200 МЕ), Е (токоферил сукцинат және токотриенолдар) 20 мг, С (кальций аскорбаты және магний аскорбаты) 80 мг, В1 1,1 мг, В2 (рибофлавин 5-фосфат) 1,4 мг, никотинамид 8 мг, В6 (пиридоксаль 5-фосфат) 1,4 мг, В12 (метилкобаламин) 2 мкг, пантотен қышқылы 5 мг, фолий қышқылы (Metafolin®) 100 мкг, биотин 50 мкг, холин 50 мг, инозитол 50 мг, ПАБК (парааминобензой қышқылы) 50 мг.

Минералдар: магний (цитрат) 20 мг, калий (цитрат) 10 мг, цинк (цитрат) 5 мг, йод (ламинариядан алынған) 50 мкг, селен (L-селенометионин) 50 мкг, марганец (глюконат) 1 мг, мыс (бисглицинат) 0,5 мг, молибден (натрий молибдаты) 12 мкг, хром (пиколинат) 40 мкг.

Фитонутриенттер: цитрустық биофлавоноидтар кешені (лимон, грейпфрут, апельсин, лайм, мандарин) 50 мг, өсімдік кешені (цитрус гесперидині, қаражидек жидектерінің сығындысы, асаи және қызанақ жемістері) 20 мг. Қосымша компоненттер.

«Алтимейт Макс» — бұл қалыпты зат алмасу және барлық жүйелер мен мүшелердің жұмысы үшін қажетті негізгі қоректік заттардың жетіспеушілігін өтеуге көмектесетін белсенді биоқолжетімді нысандағы дәрумендер, минералдар мен өсімдік компоненттерінің заманауи теңдестірілген кешені.

Белсенді компоненттер әсері

А дәрумені «көру дәрумені» деп аталады, ол көз торының қалыпты жұмысын қолдайды және жарық жеткіліксіз жағдайларға көру қабілетін бейімдеуге көмектеседі. Қалыпты зат алмасуға ықпал етеді, иммундық және репродуктивті жүйелердің жұмысын қолдайды. Өнім А дәруменінің ең оңай және толық сіңетін түрлерінің бірі - бета-каротин формасында ұсынылған.

С дәрумені — иммунитетті нығайтатын және ағзаның жасушаларын зақымданудан қорғайтын аса маңызды антиоксидант. Коллаген синтезі үшін қажет, терінің зақымдардан жазылуын жеделдетеді. Өнімдегі С дәруменінің көзі - минералды аскорбаттар. Мұндай қосылыстарды С дәруменінің буферлендірілген нысаны деп атайды. С дәруменінің бұл нысаны тұрақты, шырышты қабықты азырақ тітіркендіреді және ағзаны магний және кальциймен қосымша байытады.

Өнімнің құрамына кіретін **Д және Е дәрумендерінің** табиғи шығу тегі бар. Олар иммундық, жүйке, жүрек-тамыр, тірек-қимыл, репродуктивті жүйелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет.

Өнімде зат алмасу мен энергия, жүйке, жүрек-тамыр, ас қорыту жүйелерінің жұмысы, терінің, шаштың және тырнақтың денсаулығы үшін маңызды В дәрумендерінің барлық спектрі бар. **В тобындағы** дәрумендерге қажеттілік стресстік жағдайларда және жоғары физикалық жүктемелер кезінде артады. Өнімде В6, В9 және В12 дәрумендері заманауи биоактивті нысандарда — сәйкесінше, пиридоксальфосфат, Metafolin® патенттелген формуласы және метилкобаламин формасында ұсынылған.

Өнім құрамында **мырыш, магний, хром, мыс, марганец** минералдары органикалық тұздармен — мырыш пен магний цитраттарымен, хром пиколинатымен, мыс бисглицинатымен, марганец глюконатымен ұсынылған. Органикалық қосылыстар айтарлықтай жақсы биожетімділік пен тиімділікке ие

Йод көзі — теңіз орамжапырағының қоңыр балдыры. Йод қалқанша безі гормондарының синтезіне қатысады, бұл өз кезегінде ағзадағы зат алмасудың барлық түрлерін реттейді.

Керемет антиоксиданттар, жүрек пен қан тамырларының ең жақсы қорғаушылары болып саналатын лимон, грейпфрут, апельсин, лайм, мандарин, көкжидек, асаи және қызанақ сияқты әр түрлі цитрус пен жидек дақылдарының **биофлавоноидтары**. Дәрумендермен үйлесімде олар қан тамырларының серпімділігін қамтамасыз етеді, қанның микроциркуляциясын жақсартады, тромбтардың пайда болуына жол бермейді.

АССИМИЛЯТОР

Assimilator

код: 91118 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Ассимилятор»:

- ас қорытуды және сіңіруді жақсартуға;
- іш кебуін, іштегі ауырлық сезімін жоюға;
- жасушаларды қоректік заттектермен қамтамасыз етуге;
- иммунитетті нығайтуға көмектеседі.

Құрамы

Протеаза 30 000 бірл., амилаза 8000 бірл., липаза 50 бірл., мальтаза 150 бірл., лактаза 400 бірл., целлюлаза 200 бірл., папаин 600 000 бірл., бромелайн 300 000 бірл., А дәрумені 1000 МЕ, Д3 дәрумені 200 МЕ, қосымша компоненттер.

Тағамды әдеттегіден көбірек сіңіру қажет болғанда ас қорыту ферменттерінің есебінен асқазан-ішек жолдарының қорыту қабілетін күшейту қажет. Бұл — асқазан-ішек жолдарын да күрделі тағамдық заттектерді қарапайым түрлеріне дейін ыдыратып, ішектің сілемей қабаты арқылы қанға түсіретін арнайы ферменттердің тобы. Қоректік заттектерді ыдыратуға шығынның артуында, сондай-ақ, асқазан-ішек жолдарында ферменттердің жеткіліксіз өндірілуінде ферменттерді сырттан тағамға биологиялық қоспамен енгізу қажет болады, мысалы «Ассимилятормен» болады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Көмірсуларды ыдырататын ферменттер, сілекейдің басты ферменті, көмірсулы тағамды (нан-тоқаш өнімдерін, жармаларды, картопты) қорыту үрдісін ауыз процесін бастайды.

Целлюлаза — адамның ас қорыту жүйесінде түзілмейтін, өсімдік тектес талшықтарды қорытуға қажетті фермент. Целлюлозаны (талшықты) глюкозаны түзумен белсенді ыдыратады. Целлюлаза дәнді дақылдардың жемістер мен көкөністердің тағамдық құндылығын арттырады.

Лактаза — лактозаны (сүт қантын) глюкозаға дейін ыдырататын фермент. Сүт өнімдерінің сіңірілуін жақсартады.

Ақуыздарды ыдырататын ферменттер

Протеаза басқа ферменттер — **папаинмен, бромелайнмен** бірге ақуыздарды қарапайым амин қышқылдарына дейін ыдыратуға ықпал етеді, олардың сіңуінің сапасын жақсартады. Осыған сай ақуыздық тағамның ішектің қабырғасында шөгуінің алдын алады, ақуыздық алмасу жақсартады. Протеаза, сондай-ақ, дерт қоздыратын микроағзалардың бұзылуына ықпал етеді, ағзаның иммундық қорғанысын нығайтады.

Папаин мен **бромелайн** ас қорыту жолдарының қышқыл және сілтілік ортасында әрекет етеді, ақуыздарды жеңіл сіңетіндей күйге дейін ыдыратады.

Майларды ыдырататын ферменттер Липаза, аш ішекте әрекет етіп, жануар тектес қаныққан майларды ыдыратады (ет, сүт және теңіз өнімдері), оларды жеңіл сіңетін май қышқылдарына айналдырады, майда еритін А және Д дәрумендерінің сіңуіне көмектеседі.

А дәрумені — антиоксидант, инфекцияларға қарсы тұруды нығайтады, жасушалық иммунитетте маңызды роль атқарады, май алмасуында қатысады, асқазан-ішек жолдарының шырышын қорғайды.

Д дәрумені фосфорлық-кальций алмасуын реттейді және АІЖ-де пайдалы заттардың жақсы сіңірілуі үшін ішек қабырғаларының өткізгіштігін арттырады.

Би-Курунга

B-Kurunga

код: 2154/2156 шығарылу түрі: 90/180 таблетка



«Би-Курунга»:

- иммунитетті нығайтады және ағзада заттек алмасуын оңтайландырады;
- ішектің микрофлорасын қалпына келтіреді, ас қорытуды және қоректік заттектердің сіңуін жақсартады;
- жалпы нығайтатын әсер етеді.

Құрамы

Микроағзалар-пробиотиктер (*Lactobacillus acidophilus*, *Lactobacillus delbrueckii* subsp. *bulgaricus*), кемінде 1×10^7 КОЕ/г, мырыш (оксид) 0,6 мг.

Белсенді компоненттердің әсері:

Пробиотикалық өсірінділер — *Lactobacillus acidophilus*, *Lactobacillus delbrueckii* subsp. *bulgaricus* ас қорыту жолдары микрофлорасының құрамына және биологиялық белсенділігіне жағымды әсер етеді, ағзадағы басты қорғаныс ақуызы — интерферонның өндірілуін ынталандырады. Ацидофильдік және болгар таяқшасы қартаюға қарсы оңтайлы құрал саналады, асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартуға, аллергиялық серпіннің және уыттанудың алдын алуға көмектеседі, иммунитетті нығайтуға ықпал етеді.

Мырыш

Гормондардың өндірілуіне және деңгейін қолдауға көмектеседі, 300 астам ферменттердің құрамында болады, ДНҚ өндірілуінде және жасушалар бөлінуінде басты рөл атқарады, қышқылды-сілтілік тепе-теңдікті сақтайды, ағзаның ауруларға қарсы тұруын арттырады және зақымданған тіндердің жазылуын жылдамдатады.

Би-Лурон

B-Luron

код: 91814 шығарылу түрі: 500 мл-ден 2 құты



«Би-Лурон»:

- шеміршекте өзіндік буынішілік сұйықтықтың шығарылуын ынталандыруға;
- буындардың, шеміршектің, байламдардың зақымдануын, қажалуы мен бұзылуын алдын алуға;
- бір ай бойы қабылдаған кезде (күніне бір рет) қабылдау мерзімі аяқталған соң да өзінің сауықтыру әсерін сақтауға көмектеседі.

Құрамы

Хондроитин сульфаты 300 мг, Гиалурон қышқылы 150 мг, Е дәрумені 15 мг, қосымша компоненттер.

«Би-Лурон» — гиалурон-хондроитинді кешені бар тағамға биологиялық белсенді қоспа — инновациялық технологиялық әзірleme және өзіндік буын сарысуының өндірілуін белсендіруге, буындардың шеміршек тiнiн қалпына келтiруге және қоректенуiн қамтамасыз етуге арналған. «Би-Лурон» тиiмдiлiгi бойынша гиалурон қышқылының буынішілік инъекциясынан кем түспейдi, сонымен қатар, ол барлық буындарға қатар әрекет етедi.

Белсенді компоненттердің әсері:

Гиалурон-хондроитинді кешен шеміршектің негiзгi құрылыс материалдары - хондроитин мен гиалурон қышқылының тиiмдi бiрiгуiнен тұрады. Олардың көптеген жылдар бойы тексерiлген, қосарланған нақты қалыптасқан әрекетi зақымданған шеміршек тiнi жасушаларын белсендiруге әсер етедi. Ал сұйық түрiне сай осы заттектер сүйек-бұлшықет жүйесiнiң жасушаларына жеңiл енедi және сауықтыру әсерiн көрсетедi.


Гиалурон қышқылы адам ағзасының көптеген тiндерiнде болады: шеміршекте, сүйектерде, жүрек қақпақшаларында, терiде, буын сарысуында, ол — буын сарысуының немесе буын сұйықтығының негiзi. Бұл сұйықтықсыз бiздiң буындарымыз жұмыс iстей алмайды. Сау жас ағза гиалурон қышқылын қажеттi мөлшерде өзi өндiредi. Жас ұлғая келе немесе басқа себептi ағзада оның түзiлуi бәсеңдейдi, осы кезде буында мәселелер пайда бола бастайды. буын сарысуы буын шемiршегiн қоректендiредi және басты майлайтын материал, буынның қозғалғыштығын қамтамасыз етедi. Ал гиалурон қышқылы буын сарысуы түзiлуiн және оны қажеттi мөлшерде сақтауды қамтамасыз етедi: бұл оның негiзгi биологиялық «мiндеттерiнiң» бiрi.

Хондроитин — буындардың дәнекер тiнiн құрайтын коллагеннiң компоненттернiң бiрi, демек, олардың қалыпты қызметiне және созылымдылық қасиеттерiн сақтауына ықпал етедi. Сонымен қатар, ол буын шемiршегiнiң құрылысына кiредi, буындағы ауырсынуды азайтады, оның бұзылуының алдын алып, шемiршек тiндегi қабынуды туындататын ферменттердiң белсендiлiгiн басады және буын iшiлiк сұйықтықтың өндiрiлуiн арттырады. Гиалурон қышқылын өндiруде аса маңызды рөлдi атқарады, сондай-ақ, шемiршектегi фосфор-кальций алмасуына әсер етедi.

Визи-Прайм

Visi-Prime

код: 2114 шығарылу түрі: 30 капсула



«Визи-Прайм»:

- көру қабілетін сақтауға және оның қарқынды жүктеме нәтижесіндегі нашарлауын болдырмауға;
- көрудің жасқа байланысты нашарлауын бәсеңдетуге;
- көзді сыртқы факторлардың зиянды әсерінен қорғауға (ультрақұлгіннің әсері, компьютерде жұмыс істеу және т.б.);
- «көздік құрғауы» синдромының және қабынулардың профилактикасын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Құрамы

Е дәрумені 12 мг, В2 дәрумені (рибофлавин) 1,4 мг, мырыш (глюконат) 10 мг, лютеин 10 мг, зеаксантин 2 мг, балық майы 500 мг (омега-3 майлы қышқылдар 300 мг, оның ішінде ДГҚ 250 мг, ЭПК 30 мг), қосымша компоненттер

«Визи-Прайм» — белсенді заттектердің оңтайлы үйлескен кешені, ол көру сапасын сақтауға көмектеседі, көздің ширығуы мен жұмысына байланысты мәселелердің қауіпсіз және тиімді алдын алуды қамтамасыз етеді. Өнімнің құрамына Омега-3 көп қанықпаған май қышқылдары, антиоксиданттар лютеин мен зеаксантин, В2 және Е дәрумендері, мырыш минералы кіреді.

Белсенді компоненттердің әсері:

КҚМҚ Омега 3 көру үшін ең пайдалы докозагексаен қышқылының үлкен мөлшері «көздің құрғауы» синдромы дамуы мен қабыну процестерінің алдын алады, жалпы көру сапасына оң әсер етеді.

Каротиноидтар лютеин мен зеаксантиннің антиоксиданттық қасиеттері бар. Көзді ультрақұлгін сәулесінен, сыртқы факторлар немесе ағзаның қартаю нәтижесінде көз торқабығының деградациясына жол бермейді.

В2 дәрумені (рибофлавин) көруге және қараңғыға бейімделуге оңтайлы әсер етеді, ультрақұлгін сәулесінің зиянды әсері нәтижесінде көздің сілемей қабатының тітіркенуінің, сондай-ақ, алыстан көрмеудің дамуының алдын алады.

Е дәруменінің айқын антиоксиданттық қасиеттері бар, ағзаның қартаюымен байланысты дегенеративтік процестердің бәсеңдеуіне ықпал етеді, қан айналымын және айқын қабынуға қарсы әсер етеді.

Мырыш — алмастырылмайтын минерал, жасушаларды бос радикалдардың зиянды әсерінен қорғауға көмектеседі. Мырыш торқабықтың саулығын қолдайды, себебі, көздің құрылымындағы басымды минералды заттек.

Готу Кола сығындысы

Gotu Kola Extract

код: 2149 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«Готу Кола сығындысы»:

- бас миы мен жүректің бұлшықетіндегі микроайналымды жақсартуға;
- энергия мен стресске төзімділікті арттыруға;
- есте сақтау және ойлау қабілетін жақсартуға;
- атеросклероз, созылмалы шаршағандық, невроз, депрессия, вегето-тамырлық дистония, көктамырдың варикоздық кеңеюі кезінде көмектеседі.

Құрамы

Готу кола сығындысы 120 мг, қосымша компоненттер.

«Готу Кола сығындысы» — Мадагаскардың «есте сақтау шөбі» аталатын әйгілі өсімдігінің негізіндегі өнім. Тамырдың қабырғасын нығайтуға ықпал етеді, оның созылымдылығын арттырады, қылтамырлық қан ағымына оңтайлы әсер етеді, ми қан айналымын, ойлау процестерін, есте сақтауды белсендіреді, жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын жақсартады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Готу кола қантамыр жүйесінің жағдайын оңтайландырады, мидың қоректенуі мен оттегімен қанығуын жақсартады, осыған сай, есте сақтау, назар қою, көруді талдау қызметі жақсарады. Өсімдіктің белсенді заттектері ақыл-ой қабілетін арттырады, ойлау процестерін үдетеді, есте сақтауды жақсартады, бас ауруын азайтады, алаңдау-үрейлену жағдайларында, невроздарда, ұйқы бұзылысында орталық жүйке жүйесіне тыныштандыратын әрекет етеді, шаршауды азайтады. Готу кола, сондай-ақ, қанның кейбір компоненттеріне оң әсер етеді, қандағы гемоглобин мен қанттың деңгейін тұрақтандырады. Өсімдіктің құрамындағы үштерпенді сапониндер коллаген түзілуінде қатысады, қантамыр қабырғасының созылымдылығын арттырады, ағзаның тіндерді тез қалпына келтіру және түрлі зақымданулардың жазылу қабілетіне себептеседі.

Флавоноидтар көктамырлық қан айналымын жақсартады. Флавоноидтардың жүректі қорғайтын және артимияға қарсы әсері жүрекке жүктеме түсуі жағдайында айқын көрініс береді. Жүрек-қантамыр жүйесіне түсетін жүктеменің (күйзеліс, дене және ақыл-ой жүктемелері) артуында олар тұрақтылықты арттырады, қанмен қамтамасыз етуді күшейтеді, жүректің қантамырларын кеңейту арқылы жүректің бұлшықетін оттегімен қамтамасыз етеді, бұл кезде артериалдық қысымды арттырмайды және миокардтың қозғалысын өзгертпейді.

Лимфа-көктамыр жүйесіне оң әсер ете отырып, олар көлемді қан ағымын қалпына келтіреді, сонымен қатар, лимфа түйіндерін қалпына келтіруге ықпал етеді. Бұл кезде лимфа ағынын реттеу, лимфаның шайылуының жақсаруы, қылтамырлардың өтімділігінің азаюы байқалады.

Гликозидтер жүрек бұлшықетінің жұмысын реттейді, гипертензия (қысымның артуы) салдарынан жүрек жеткіліксіздігі (миокардқа жүктеме түсуінде), жүрек қақпақшаларының зақымдануында және кардиосклероз кезінде тиімді.

Готу коланың үштерпендері қосымша уытсыздандыратын әсер береді, ағзадан уытты заттектерді, дәрілерді шығаруды қамтамасыз ететін цитохромдардың қызметін жігерлендіреді. Өт қышқылдарының, кортикоидтық гормондардың түзілуін ынталандырады, холестериннің алмасуына әсер етеді, бауырдың өт түзетін қызметін және өттің ағымын реттейді.

Гриффония

Griffonia

код: 91848 шығарылу түрі: 60 капсула



«Гриффония» :

- депрессиямен;
- ұйқы бұзылысымен;
- түрлі себепті неврозбен;
- созылмалы шаршағандық синдромымен күресуге көмектеседі:

Құрамы

Гриффония тұқымының сығындысы 50 мг, B6 дәрумені 2 мг, B12 дәрумені 3 мкг, қосымша компоненттер.

«Гриффония» — орталық және шеткі жүйке жүйесі жұмысын оңтайландыруға қажетті өнім. Гриффония тропикалық өсімдігі және B тобының дәрумендері қосарлана әрекет етеді, мидың қызметіне және ұйқы-сергектік цикліне оңтайлы әсер етеді, көңіл күй бұзылысын жояды, мазасыздану сезімін және депрессиялық жағдайларды азайтады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Гриффония — Батыс және Орталық Африкада өсетін экзотикалық өсімдік. Гриффонияның барлық бөліктерінің арасында тұқымдары оларда табиғи заттек 5-гидрокситриптофан (5-НТР) болуына сай аса құнды саналады. Бұл амин қышқылы - серотониннің маңызды нейромедиаторларының бірінің ізашары. 5-НТР молекулалары ми жасушаларына жеңіл еніп, серотонинге айналады. Зерттеулерге сай 5-НТР тиімділігі жағынан синтетикалық антидепрессанттардан кем түспейді. Бұл заттек B6 дәруменімен бірге оң эмоцияларға жауап беретін эндорфиннің түзілісін ұлғайтады, көңіл-күйді және сау ұйқының барлық сатыларын: ұйқыға кетуді, жылдам және үстіртін ұйқыны жақсартуға ықпал етеді. Еуропалық елдерде бұл заттек көптеген жылдар бойы депрессиямен күрес мақсатында және есте сақтауды жақсарту үшін қолданылады. Сондай-ақ, 5-НТР мидағы тәбетті бақылау орталығының қозуын басады, әсіресе, көмірсулы тағамға әуестікті азайтады. Бұл амин қышқылы етеккір алды симптомдарын: айналымның соңғы ап тасында пайда болатын тұнжырау сезімін, мазасыздықты, эмоционалдық тұрақсыздықты, ашушаңдықты жоюға тиімді көмектеседі.

B6 дәрумені орталық және шеткі жүйке жүйесінің қалыпты қызмет етуінде жетекші рөл атқарады, маңызды нейромедиаторлардың, B12 дәруменінің түзілуіне қатысады. Бірқатар зерттеулерде B6 дәрумені депрессияда тиімділігін көрсеткен: ми үшін алмастырылмайтын амин қышқылдарының (триптофан, цистеин, метионин) және антипсихотикалық гормондар серотонин мен норэпинефриннің сіңуіне жауап береді. Бұл дәруменге қажеттілік антидепрессанттар мен ішетін контрацептивтерді қолданған кезде, күйзелісте және эмоционалдық жүктемелердің ұлғаюында артады.

B12 дәрумені. Ағзада эмоционалдық және танымдық мүмкіндіктердің кең ауқымы осы дәруменнің оңтайлы деңгейін қолдауға кең тәуелді. Ол депрессияның, қарттық есті жоғалтудың және ойлаудың айқын болмауының алдын алуға ықпал етеді, ұйқысыздықты жеңуге және ұйқы және сергектік тәртібінің өзгеруіне бейімделуге көмектеседі, бұл мелатониннің түзілісінде цианокобаламиннің тікелей қатысуымен түсіндіріледі. Ал бұл дәруменнің тапшылығы шеткері невриттің дамуына, көру жүйкесінің атрофиясына және мидың жұлынның жасушаларының кері бұзылысты өзгерістерінің дамуына апаруы мүмкін.

ДГҚ + D3 SMART ПАСТИЛКАЛАРЫ

DHA+D3 Smart Chews

код: 2304 шығарылу түрі: жеміс дәмі бар 30 шайнайтын пастилка



«ДГҚ+D3 смарт пастилкалары»:

- D3 дәруменімен ауыстырылмайтын омега-3 қышқылдары
- балық дәмі және иісі жоқ
- жоғары биоқолжетімділік және тұрақтылық
- Норвегияда шығарылады

1 шайнайтын пастилканың құрамы

Балық майы (анчоустардан, сардиндерден және скумбриялардан) 720 мг, Омега-3 ПНЖҚ 482 мг, оның ішінде, ДГҚ (докозагексаендік қышқыл) 360 мг, ЭПҚ (эйкозапентаендік қышқыл) 72 мг, D3 дәрумені (холекальциферол) 12 мкг, қосалқы компоненттер.

«Мидың зияткерлік жасы» адамның оқу, яғни, жаңа білімді игеру қабілетімен айқындалады. Бұл үшін балалар мен жасөспірімдерге есте сақтау қабілетін дамыту, оқығанды немесе естігенді есте сақтау маңызды, ал, ересектер үшін бұл дағдыларды өмір бойы сақтауға тырысу керек. Күн сайын түсетін ақпараттың елеулі бөлігі – көрнекі ақпарат, сондықтан, көру аппараты оқу, жұмыс және тіпті, демалыс уақытында елеулі жүктемеге шыдауы тиіс.

Бұл дағдыларды дамытуға және қолдауға, сондай-ақ, көздің амандығын күшейтуге «ДГҚ+D3 смарт пастилкалары» өнімі көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсері:

Омега-3 ПНЖҚ – рационның таптырмайтын компоненті: олар адам организмінде синтезделмейді және сондықтан, тұрақты түрде тамақпен қабылдау керек. ПНЖҚ омега-3 көбіне майлы теңіз балығында (тунец, сельдь, сардиналар, анчоустар, скумбрия, ақсерке); теңіз өнімдерінде және, азырақ жағдайда – өсімдік көздерінде кездеседі, олардың ішінде, ПНЖҚ омега-3 жоғары құрамымен зығыр майы ерекшеленеді. Қазіргі заманғы рационда балықтың үлесі сөзсіз төмендеуде, сондықтан, ПНЖҚ омега-3 қосымша қабылдау неғұрлым көкейкесті бола түсуде.

Омега-3 майлы қышқылдарының ішінде **ДГҚ (докозагексаендік қышқыл)** және **ЭПҚ (эйкозапентаендік қышқыл)** неғұрлым жоғары құндылықты білдіреді. Дәл ДГҚ жатыр ішінде даму кезеңінде зияткерлік мүмкіндіктердің әлеуетін қалыптастырады. Балалар және жасөспірімдер жасында ол ақпаратты жеңіл және оңай игеруге, оқыту кезінде зор ыждахаттылық білдіруге көмектеседі. ДГҚ үлкен адамдарға есте сақтау қабілетін дамытуға және мидың ерте қартаюынан сақтануға көмектеседі. Бұдан өзге, ДГҚ көздің қалыптасуына қатысады және өмір бақи оның амандығын қолдайды. Ми мен көздің амандығы үшін ДГҚ маңызды рөлі мынада көрініс береді, сау адамның ми қатпарларындағы жасушалардағы сұр затта шамамен 13% ДГҚ бар, ал, көз торындағы құрамы 20% жетеді және бұл, адам организміндегі неғұрлым көп мән. ЭПҚ жүрек-қан тамырлары жүйесінің амандығына жәрдемдесетін атеросклероздық түйіншектерден қан тамырларының қатпарларын қорғауға көмектеседі.

D3 дәрумені. Күн сәулесінің әсер етуімен синтезделеді және сүйектердің, тістердің саулығы, иммундық функцияны, нерв, репродуктивтік және жүрек-қан тамырлары жүйесін қолдау үшін қажет.

Күннен қорғаныш құралдары, ластанған ауа және шаң терінің УФ-сәулелерін жұтуын елеулі азайтады, сондықтан, бұл дәруменнің жетіспеушілігі солтүстік ендіктерде ғана емес, сонымен қатар, күн сәулелі елдерде де кездеседі. Сондықтан жас және егде жаста бұл дәруменді жеткілікті тұтыну әсіресе маңызды.

Өнім суық сулы теңіз балығында майдың тамшыларын бөлуді жүргізетін **ConCordix** патенттелген **технологиясы** бойынша шығарылады. Осындай жолмен, май еритін белсенді заттар әрбірі жеке желатин ұяшығына салынатын ұсақ тамшыларға бөлінеді, ол оларды жабысып қалудан және қышқылданудан қорғайды, бұл ретте, қан ағымына сіңіру аумағын елеулі ұлғайтады. Бұл бірегей технология липидтік қоректендіру заттарының игеруін ұлғайтатынын дәлелдеген, яғни, өнімнің тиімділігі 44%.

Дейли Делишес Бьюти Шейк

Таңқурай/ваниль/шоколад/апельсин-манго дәмімен

Daily Delicious Beauty Shake Raspberry/Vanilla/Chocolate/Orange-Mango

код: 2115/2116/2117/2118/2135/2136/2137/2138 шығарылу түрі: 500 г/25 г



«Дейли Делишес Бьюти Шейк»:

- сау мықты бұлшықеттердің қалыптасуын, шаш, тырнақтың серпімділігін, сұлулығы мен жастығын қолдайды;
- дәруменді-минералдық кешенді түзетеді;
- төзімділікті және жұмысқа қабілетті арттырады;
- салмақты бақылауға көмектеседі.

Құрамы

Сүт ақуызы 7,25 г, сарысулық ақуыз концентраты, 4,2 г, соя ақуызының изоляты 3 г, какао немесе, таңқурай жидегінің ұнтағы немесе ваниль сығындысы, магний (цитрат) 50 мг, коллаген гидролизаты 250 мг, С дәрумені (аскорбин қышқылы) 145,5 мг, ҚАБҚ (қосаминобензой қышқылы) 25 мг, Е дәрумені 4 мг, селен (селенометионин) 50 мкг, пантотен қышқылы 4 мг, мыс (глюконат) 0,5 мг, А дәрумені 367,25 мкг, фолий қышқылы 128,5 мкг, биотин 41 мкг, никотинамид 4,75 мг. қосымша компоненттер.

Таңқурай, ваниль, манго және какаоның табиғи дәмі бар «Дейли Делишес Бьюти Шейк» протеинді коктейльдері — жануар және өсімдік тектес ақуыздың үйлесімді көзі, коллагенмен және дәруменді-минералдық кешенмен бірге өмірлік ширақтықты және дене белсенділігін қолдайды, күнделікті қуат береді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Коллаген — тері, бұлшықет, шаш пен тырнақтың басты құрылыс ақуызы. Теріде 40% дейін коллаген болады. Шейкте қолданылатын коллаген гидролизаты — жануар тектес коллагеннің аса тиімді түрі, үш пептидтен (амин қышқылынан) тұрады: лизин, пролин және гидроксипролин. Оның ерекшелігі: молекулалық массасы төмен болғандықтан жеңіл сіңеді және белсенді, жылдам әрекет ете бастайды. Коллаген терінің ақуыздық қоректенуін қамтамасыз етеді, мезгілінен бұрын қартаюдың алдын алады.

Сүт ақуызы және сарысу ақуыз концентраты өсімдік тектес түрлерінен айырмашылығы — құрамында адамның бұлшықет тінінің құрылымына жақын келетін барлық алмастырылмайтын амин қышқылдары бар. Майы ажыратылмаған сүт ақуызына қарағанда сарысулық ақуыз ағзада толығымен сіңеді. Ол жүктемеден кейін бұлшықет тіндеріне қалпына келуге көмектеседі. Бұл процесс үшін ақуыздың құрамындағы үш ақуыз: валин, лейцин және изолейцин жауап береді, олар бұлшықетпен май алмасуын күшейту, майды жою және қосымша қуат бөлу үшін қолданылады.

Соя ақуызының изоляты — жеңіл өсімдік тектес ақуыз, ол алдымен, ағзасы қарапайым казеинді ақуызды нашар сіңіретін немесе лактозаны көтере алмайтын адамдарға пайдалы, сондай-ақ, егде жастағы адамдарға, вегетариандықтарға ет ақуызының алмастырушы ретінде ұсынылады. Соя ақуызы көптеген алмастырылатын және алмастырылмайтын амин қышқылдарына бай келеді, осыған сай, бұлшықеттің саулығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, холестерин деңгейін арттырмайды, салмақты бақылауға көмектеседі.


Дәруменді-минералдық кешен (А, С, Е, В тобының дәрумендері, В3, В7 және В9, РР қоса алғанда, минералдар: магний, мыс, селен) заттек алмасуының барлық түрінде қатысады: көмірсулық, ақуыздық және майлық. Дәрумендер және минералдар ас қорытуды жақсартады, тері және бұлшықеттің саулығын қолдайды, ағзаның өз коллагенінің түзілуіне қатысады.

ДЕЙЛИ ДЕЛИШЕС ХАЙ-ФАЙБЕР

асаи және қаражидек дәмімен

Daily Delicious Hi-Fiber Acai&Blueberry

код: 2103 шығарылу түрі: 270 г (9 г-нан 30 үлес)



«Дейли Делишес Хай-Файбер»:

- ішек микрофлорасын реттеуге;
- ішектің перистальтикасын белсендіруге;
- «нашар» холестериннің және қандағы қанттың деңгейінің төмендеуіне ықпал етуге;
- ағзаның уытсыздандыруын жақсартуға;
- семіздік қаупін азайтуға көмектеседі.

Құрамы

Алма жасұнығы 3000 мг, инулин (цикорий тамырынан) 2790 мг, (гуар шайыры, гуммиарабик, натрий карбоксиметилцеллюлоза) 740 мг, күріш кебегі 500 мг, қызылша 300 мг, лимон қышқылы, L-глутамин 200 мг, алхоры шырынының концентраты 200 мг, глюкоманнан 200 мг, табиғи қара жидек хош иістендіргіші, табиғи қарақат хош иістендіргіші, табиғи шие хош иістендіргіші, ананас жемістері 100 мг, асаи сығындысы 100 мг, қара жидек жемістері 100 мг, алма пектині 50 мг, алоэ вера гелі 30 мг, стевигликозид 30 мг, кремний диоксиді.

«Дейли Делишес Хай-Файбер» — заманауи адамның рационында жетіспейтін, тағамдық талшықтардың жаңа, пайдалы және дәмі мен иісі ұнамды, құнарлы көзі. Бұл өнім жыл маусымына және тәулік уақытына тәуелсіз түрде, барлық адамдарға пайдалы. Рациондағы тағамдық талшықтарды бірде-бір өнім алмастырмайды. Талшық — ішектің пайдалы микрофлорасы үшін негізгі «тағам». Ал ішектің саулығы — мықты иммунитеттің және ағзадағы дұрыс заттек алмасуының кепілі. Талшық ішектің пайдалы микрофлорасының тепе-теңдігін қолдайды, ас қорыту жолдарының қимылын ынталандырады, уыттардың холестериннің және тіршілік ету қызметінің басқа өнімдерінің шығарылуына ықпал етеді, қандағы қанттың деңгейінің күрт өзгеруінен қорғайды, артық салмақты реттеуге әсер етеді. Күніне 20 г жасұнықты тұтыну (ұсынылатын тәуліктік қажеттілік) жүрек ауруларының қаупін 60% азайтады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Еритін жасұнық (алма жасұнығы және алма пектині, гуар шайыры, гуммиарабик, инулин, глюкоманнан) — судың үлкен мөлшерін сіңіретін құнды қабілеті бар, гель тәрізді қоймалжың түзеді, осы арқылы бір жағынан асқазан мен ішектің сілемейін қорғайды, ал басқа жағынан, ағзадан уыттар мен қоқыстардың шығарылуын жеңілдетеді. Сонымен қатар, тойымдылық сезімін береді, бұл тамақты артық жемеуге және артық салмақ қоспауға көмектеседі.

Ерімейтін жасұнық (целлюлоза, күріш кебегі) ішектің қимылын белсендіреді, тағамның ас қорыту жолдарымен жылжуын үдетеді. Ол ағзада қорытылмайды, бірақ қатқыл талшықтары қылшақ тәрізді ішектің қабырғасын тазалайды. Осындай «тазалаудың» нәтижесінде алмасу процестері және дәрумендерді, минералдарды және басқа пайдалы заттектерді сіңіруді жақсартады.

Глутамин — шартты алмастырылмайтын амин қышқылы, ол ақуыз түзілісіне қатысады, сонымен қатар, ішектің құрылымы мен қызметін қолдау және қалпына келтіру үшін, әсіресе, сілемей қабаттың зақымдануы («ішектің тітіркену синдромы») орын алғанда аса қажет. **Алоэ вера** гелі асқазанның сілемейін бүркейді, оны тітіркенуден қорғайды. Ішектің қимылын жақсартады, ішектің пайдалы микрофлорасының өсуіне ықпал етеді. Заттек алмасуын және ас қорытуды реттеуге көмектеседі, тағамнан қоректік заттектерді сіңіруді жақсартады.

ДЖИНЕРРА

Ginerra

код: 2303 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«Джинерра» мынаған көмектеседі:

- асқазан-ішек шырышты қабығын қалпына келтіруге және қорғауға,
- тамақтанғаннан кейін жағымсыз белгілерді (қыжыл, кекіру, жүрек айну, іштің жоғарғы бөлігінің толып кету сезімі, іштің қорылдауы, метеоризм, нәжістің бұзылуы) жеңілдетеді;
- қоректік заттардың қорытылуын және сіңуін жақсартады.

Құрамы

Mucosave®™FG (үнді опунциясы кладодийлері сығындысы (*Opuntia ficus indica*) және еуропалық зәйтүн жапырағының сығындысы (*Olea europaea*) 200 мг, L-глутамин 50 мг, мия тамырының деглицирризин сығындысы (*Glycyrrhiza glabra L.*) 75 мг, қосалқы заттар

Асқазан-ішек жолдарының ыңғайсыздығы дені сау ересектердің шамамен 40%-да кездеседі. Ол қыжыл, кекіру, іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырлық сезімі, жүрек айну, метеоризм, нәжістің бұзылуы түрінде білінеді. Асқазан-ішек жолдарының саулығын сақтауда оның шырышты қабаты шешуші рөл атқарады. Ас қорыту жолын тұз қышқылының әсерінен, инфекциялардан, механикалық және термиялық зақымданудан қорғайды. Асқазан мен ішек сөлдерін бөліп шығарады, ал ішек шырышты қабығының микроталшықтары тағамнан қанға қоректік заттардың сіңу бетін арттырады.

«Джинерра» – диспепсия белгілері мен асқазан-ішек жолындағы ыңғайсыздықты басуға көмектесетін, ас қорытуды қолдайтын өсімдік сығындылары мен L-глутамин амин қышқылдарының кешені.

Белсенді компоненттердің әрекеті:

Mucosave®™FG, құрамында опунция кладодийлері (сабақтары) сығындысы мен зәйтүн жапырағы сығындысының синергетикалық үйлесімі бар. Екі өсімдік те Оңтүстік Еуропаның ыстық күн шуақты климатында, Сицилияда өсіріледі және сол жақта дәстүрлі түрде асқазан-ішек жолдарын жақсарту үшін қолданылады. Опунция кладодийлері полисахаридтерге бай. Асқазан мен ішектің қабырғаларында қорғаныс қабатын түзетін гель тәрізді зат түзуге көмектеседі. Зәйтүн жапырақтарында қабыну процестерінің айқындығын азайтуға көмектесе отырып, жұмсартатын және тыныштандыратын әсер ететін полифенолдар бар. Клиникалық зерттеуде **Mucosave®™FG** гастроэзофагеальді рефлюксі (ГЭР) бар дені сау ересектерде асқазан-ішек жолындағы ыңғайсыздықты басу қабілетін көрсетті.

Мия тамыры – Қытай, Үндістан, Тибет, Мысыр дәрігерлерінің көп ғасырлық көмекшісі және сүйікті құралы. Мия тамырының диглицирризин сығындысында флавоноидтардың жоғары концентрациясы мен алуан түрлері бар. Олар ас қорыту жүйесіне пайдалы әсер етеді: диспепсия белгілерін азайтады, *Helicobacter pylori* санының өсуін бақылайды, ойық жараның пайда болуына кедергі келтіреді, ішектің жұмысын реттейді және тотығу күйзелісінен қорғайды.

L-глутамин амин қышқылы – асқазан-ішек шырышты жасушаларының негізгі энергия көзі. Оның жазылуына ықпал етеді және тосқауыл функциясын нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, L-глутамин асқазан сөлінің секрециясын күшейтеді, ішекте пайдалы бактериялардың өсуін ынталандырады және оның қалыпты моторикасын қолдайды.

ЗАФЕРАН

Zaferan

код: 91873 шығарылу түрі: 60 капсула



«Заферан»:

- өт бөліну және өт қышқылдарының түзілу процесін қалпына келтіруге;
- бауырдағы қабыну және уытсыздандыру процестерін азайтуға;
- заттек алмасуын реттеуге;
- ағзаны тотығу стрессінен қорғауға көмектеседі.

Құрамы

Куркума сығындысы 120 мг, қосымша компоненттер.

«Заферан» — бауыр мен өт қабының саулығына арналған өнім. Тамырсабағының құрамындағы куркумин өт қабының жиырылу белсенділігін, бауыр жасушаларында өт қышқылы түзілуі мен өттің ағымын күшейтеді, қандағы зиянды холестериннің (төмен тығыздықты липопротеидтер) деңгейін азайтады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Куркума — зімбірге алыс туыстас өсімдік. Үндістан, Қытай, Цейлон мен Яваның тұрғындары оны «сары зімбір» атайды. Куркуманың барлық түрлерінің ішінде *Curcuma longa*, немесе турмерик аса құнды, оның хош иісті тамырсабағы көптеген татымдықтардың құрамына кіреді. Бізге куркума алдымен, нәзік, зімбірге ұқсас хош иісті, күйдіргі-ащы дәмді татымдық ретінде белгілі. Осындай түс пен хош иісті өсімдікке аса маңызды биологиялық белсенді заттектер — куркуминоидтар, оның ішінде, куркумин, сондай-ақ, эфир майлары береді.

Осы заттектердің арқасында куркума қазіргі кезде өт сөлінің өндірілуін ынталандыратын және өт қабы мен бауыр жұмысын жақсартатын дәрілік өсімдік ретінде де қарастырыла бастады. Куркуминоидтар өт қабының тегіс бұлшықетіне белсенді әсер етеді, оның ширақтығын арттырады, өт қабының жиырылуына және босатылуына ықпал етеді. Сондай-ақ, олар бауыр жасушаларында өт қышқылының түзілуін, сонымен қатар, бөлінетін өт сөлінің мөлшерін де ұлғайтады, бауыр ішілік өт жолдары бойынша өттің ағынын үдетеді, осы арқылы өттің қоюлануы мен іркілуінің алдын алады.

Сондай-ақ, олар бауыр жасушаларында өт қышқылының түзілуін, сонымен қатар, бөлінетін өт сөлінің мөлшерін де ұлғайтады, бауыр ішілік өт жолдары бойынша өттің ағынын үдетеді, осы арқылы өттің қоюлануы мен іркілуінің алдын алады.

Куркуминоидтардың өт айдау қызметі жақсартуы холестеринді реттейтін әрекетімен тікелей байланысты. Өт қышқылдарына және фосфолипидтерге ынталандыратын әсеріне сай куркумин өттегі төмен тығыздықты холестерин мен үшглицеридтердің ыдырауын үдетеді, осыған сай бауырдың өзінде, әсіресе, өт қабында уақыт өте холестеринді тастар нысанына айналатын холестериндік ұйындылардың түзілу ықтималдығы төмендейді.

Куркуминоидтардың күшті антиоксиданттық әсері бар екендігін атау маңызды. Олар бауыр жасушаларын тотығу зақымдануынан қорғайды, өт қышқылдарының өздерінің, холестерин алмасуының түпкі өнімдерінің тотығуының алдын алады, шығарылуына ықпал етеді. Сонымен қатар, куркумин өт қабының қабынуының негізгі медиаторлары — простагландиндер мен лейкотриендердің түзілуін азайтады.

Сондай-ақ, куркуманың биологиялық белсенді заттектері бауырды уыттар мен ксенобиотиктердің (пестицидтер, тұрмыстық химия препараттары, дәрілер) әрекетінен қорғайтын арнайы ферменттердің (мысалы, глутатионпероксидаза) өндірілуінде қатысады. Куркума қанды тазартып, айналымын жақсартуымен қатар эритроциттердің түзілуін ынталандырады. Бұл өсімдік заттек алмасуын реттейді, метаболикалық (заттек алмасуы) үрдістердің артықшылығы мен жеткіліксіздігін түзетеді, ақуыздың сіңуіне ықпал етеді.

ИВНИНГ ФОРМУЛА

Evening Formula

код: 91832 шығарылу түрі: 60 капсула



«Ивнинг Формула»

- қажып, шаршағанда көңіл-күйдің бұзылуын азайтуға;
- жүйкенің тозуымен (менеджер синдромы), ұйқысыздықпен; ашушаңдықпен жақсы күресуге;
- депрессия мен күйзеліс кезінде;
- сау, терең ұйқыны қамтамасыз етуге көмектеседі.

Құрамы

Теанин 100 мг, жаужапырақ сығындысы 100 мг, құлмақ сығындысы 100 мг, шайқурай сығындысы 100 мг, магний (глицинат) 75 мг, байкал томағашөбінің сығындысы 50 мг, қосымша компоненттер.

«Ивнинг Формула» — жұмсақ тыныштандыратын әрекет ететін белгілі өсімдіктердің негізіндегі үйлесімді композиция. Бұл кешен кешкі уақытта көңіл күйдің тыныштығы мен оң эмоциялық жағдайдың кепілі ретінде ұсынылады

Белсенді компоненттердің әсері:

Теанин — шай жапырағынан бөлініп алынған амин қышқылы, депрессияға қарсы ерекше қасиеттері бар. Теанин дофамин гормонының өндірілуін ынталандырады, ширьғуды және ашушаңдықты азайтады, жүктемелерден кейін жүйке жүйесінің қалпына келуіне ықпал етеді, көңіл-күйді жақсартады, тыныштықты қамтамасыз етеді.

Дәрілік жаужапырақ сығындысы жүйкенің түйілуінде, ұйқысыздықта, қозғыштықтың артуында жақсы тыныштандыратын құрал ретінде құндылығы бар. Бұл үшін шөптің құрамындағы полифенолдар, флавоноидтар, цитраль, цитронеллаль және кариофиллен жауап береді. Жаужапырақтың фенол-карбонды қышқылдары ашушаңдық жағдайын жоюға ықпал етеді, жүректің жиі соғуын азайтады, құрысуды жұмсақ басады.

Қарапайым құлмақ сығындысының құрамында тыныштандыратын, құрысуға қарсы әрекет ететін құлмақ қышқылдарының (гумулона, лупулина) кешені бар. Ал В (В1, В3, В6) тобы дәрумендерінің қатары қозғыштық жағдайын жеңуге, артық көңіл-күй бұзылыстарын жоюға, ұйқы мен сергектіктің дұрыс тәртібін қалпына келтіруге көмектеседі.

Тесілген шайқурай депрессиялық және мазасыздық жағдайларында, жалпы күйзелісте, жүйкенің күрт күйзелісінде тыныштандыратын әрекет ететін гиперцициннің мөлшерімен белгілі. Оның әсері серотониннің, норадреналиннің және дофаминнің «импульсивтік мінез-құлық» нейромедиаторларының артық белсенділігін тежеуге қабілетіне байланысты.

Магний — күйзеліске қарсы элемент аталады. Ол орталық жүйке жүйесі процестерінің дамуын тежейді, ағзаның сыртқы тітіркендіргіштеріне сезімталдығын азайтады, жүйке-бұлшықет құрысуын және артық ашушаңдықты азайтады.

Байкал томағашөбінің сығындысы тыныштандыру әрекетінің күші бойынша шүйгін шөптен артық түседі. Мұндай әсерді беретін флавоноидтардың (байкалин, скутеллярин, ороксиллин) ерекше тобы, олар орталық жүйке жүйесінің қозғыштығын азайтуға ықпал етеді, ширьғуды азайтады.

Кальци-Прайм

Calci-Prime

код: 2195 шығарылу түрі: 120 өсімдік капсуласы



«Кальци-Прайм» тигізетін көмегі:

- сүйектер мен тістерді нығайтады;
- буындар саулығы мен бұлшықеттер жұмысын қолдауға септігін тигізеді;
- қантамырлардың иілгіштігін сақтайды.

Құрамы

кальций (Aquamin™ TG кешенінен) 137,5 мг, магний (Aquamin™ TG кешені мен магний цитратынан) 40 мг, кремний (дала қырықбуыны сығындысынан) 2 мг, K2 дәрумені MenaQ7®™ (менахинон-7) 18,8 мкг, мырыш (цитрат) 1,34 мг, марганец (глюконат) 0,25 мг, бор (натрий бораты) 0,2 мг, D3 дәрумені (холекальциферол) 1,25 мкг (50 ME).

Ересек адамның ағзасы зат алмасу процестеріне және жүректің, бұлшықеттердің, жүйке жүйесінің жұмысын қолдауға күн сайын шамамен 1000 мг кальций жұмсайды. Бұл үшін қанда кальцийдің тұрақты деңгейін қолдау керек. Сүйек тіні — адам ағзасында кальцийді сақтауға арналған «депо». Осы минералдың 98-99%-ы тек сүйектер мен тістерде шоғырланған. Тамақтан алынатын кальций жетіспегенде және оның қандағы деңгейі төмендегенде, ағза «кальцийді деподан ала бастайды». Нәтижесінде сүйектер мен тістердің минералды тығыздығы төмендеп, олардың зақымдалу қаупі артады. Сәйкесінше, кальций қорлары тұрақты түрде толықтырылуы керек.

«Кальци-Прайм» — табиғи кальцийдің және оның асқазан-ішек жолына сіңуін және сүйек тініне енуін, ондағы басқа зат алмасу процестерін жақсартатын синергетикалық дәрумендер мен минералдардың көзі. Құрамында минералдар мен дәрумендердің ең заманауи және жақсы зерттелген түрлері бар.

Кальций мен магнийдің көзі **Aquamin™** — теңіз маржан балдырларының ұнтағы — литотамниум. Олар теңіз суынан минералдарды сіңіріп, оларды біртіндеп тастың беріктігіне ие болатын денесінің жасушаларына енгізе алады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Кальций — сүйектер мен тістердің беріктігі мен қаттылығын анықтайтын негізгі құрылымдық компонент. Қан ағымымен тасымалданатын кальций жүрек пен қаңқа бұлшықетіне қалыпты жиырылу үшін қажет, қанның ұюын, көптеген ферменттердің түзілуін қамтамасыз етеді.

Магний сүйек тінінің өсуі мен минералдану процестеріне оның құрылымдық элементі ретінде және кальций синергисті ретінде белсенді қатысады, өйткені магнийсіз кальций қалыпты сіңірілмейді.

Кальциймен бірге, магний де жүйкелер мен бұлшықеттерге қажет: кальций олардың жиырылуын басқарады, ал магний, керісінше, босаңсытады. Өнімде магний келесі екі түрде ұсынылған: органикалық — магний цитраты және бейорганикалық — Aquamin™ минералды кешенінен.

Мырыш сүйектердің икемділігіне жауап беретін коллаген синтезі үшін маңызды. Коллаген сүйектің органикалық бөлігінің 95%-ын құрайды.

Марганец мырышпен бірге коллаген синтезіне қатысады. Марганец тапшылығы сүйек тінінде кальций мөлшерінің азаюына әкеледі.

Кремний және бор кальций мен магнийдің сіңірілуін жақсартады. Сонымен қатар кремний коллаген синтезіне қатысады және шеміршек пен тамыр қабырғаларының серпімділігі, сүйектердің иілгіштігі үшін маңызды.

D3 және K2 дәрумендері сүйек тінінің түзілуінің алғашқы кезеңдерінде кальцийдің сіңуін және кірігуін жақсартады, кальций мен магнийдің өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. K2 дәрумені **MenaQ7** патенттелген қосылысымен ұсынылған.

КАСКАРА САГРАДА

Cascara Sagrada

код: 1405 шығарылу түрі: 100 таблетка



«Каскара Саграда»:

- нәжістің жүйелілігін реттеуге;
- ішектегі қабыну мен ауырсынуды азайтуға;
- ағзадан токсиндерді шығаруға;
- ас қорыту жүйесінің жұмысын қалпына келтіруге көмектеседі.

Құрамы

Пурша итшомырт қабығы 487,5 мг, қосымша компоненттер.

Пурша итшомырты Орталық және Солтүстік Америка тұрғындарына бұрыннан белгілі. Қабықтан әзірленген қайнатпа іш жүргізетін және қабынуға қарсы зат ретінде қолданылды.

«Каскара Саграда» — Пурша итшомырының негізінде жасалған өнімнің іш жүргізгіш әсері бар және ішектің негізінен тоқ ішектің бұлшықет тонусын реттейді, бүкіл ас қорыту жүйесінің секрециясын және ішектің жиырылуын жақсартады.

Белсенді компоненттерінің әрекеті:

Пурша итшомырты жіті және созылмалы, атониялық және бітеліп іш қатулар кезінде ішекті жұмсақ тазартады. Геморрой кезінде және тік ішектің жарықтарында болады, өйткені ол нәжісті жұмсақ, тітіркендірмейтін етеді, сонымен қатар ішек жолдарының шырышты қабығын емдеуге ықпал етеді.

Пурша итшомырының іш жүргізгіш әсері қабылдағаннан кейін 8-10 сағаттан кейін пайда болады, сондықтан оны түнде қабылдау керек. Ұзақ латенттік кезең антрагликозидтердің қабылдағаннан кейін бірден белсенді болмайтынына және нәжістің тез қозғалуына ықпал ететін, тоқ ішектің тонусын және жиырылғыштығын жақсартатын эмодин мен хризофан қышқылына тек тоқ ішекте ғана ыдырайтындығына байланысты. Олардың әсерінен тоқ ішектегі сұйықтықтың сіңуі де баяулайды, нәтижесінде нәжістің мөлшері артып, ыдырайды, бұл қосымша іш жүргізгіш фактор ретінде қызмет етеді.

Итшомырдың илік заттектері шырышты қабықтарға қабынуға қарсы әсер етеді және бактерицидтік белсенділікке ие. Ішектің шырышты қабағымен өзара әрекеттесіп, олар ауырсынуды жеңілдетеді және қабыну ошақтарының одан әрі дамуына жол бермейтін қорғаныш қабатын құрайды.

Эфир майлары залалсыздандыратын, ауырсынуды басатын және сергітетін қасиеттерге ие. Көптеген ауру тудырғыш микробтар мен бактерияларды жоя отырып, ішектегі ашу және шіру процестерінің алдын алады. Эфир майларының құрамына кіретін полифенолдар өт айдағыш қасиетке ие: бауырдың сөл бөлу және уытсыздандырғыш қызметін жақсартады, өт түзілуін қалыпқа келтіреді, өтпен холестерин мен улы заттардың шығарылуын арттырады.

Колострум Плюс

Colostrum Plus

код: 2171 шығарылу түрі: 120 өсімдік капсуласы



«Колострум Плюс»:

- иммунитетті нығайтуға;
- әртүрлі патогендерге ағзаның қарсылығын арттыруға;
- регенерация процестерін жеделдетуге;
- АІЖ шырышты қабығын қорғауға және қалпына келтіруге көмектеседі.

Құрамы

Сиыр уызы 250 мг, бета-глобулиндар (бета-1,3/1,6-глобулин) 50 мг, қосымша компоненттер.

Иммунитетті нығайтуға арналған жаңа өнім уыз мен бета-глобулиндардың жағымды қасиеттерін біріктіреді. **Уыз - бұл** сүтқоректілердің, соның ішінде адамның да алғашқы қорегі. Бұл қоректік өнім нәрестені туылған бойда қорғайды және ол иммундық жүйені қалыптастыру үшін қажет. Сиыр уызы ересектер үшін де пайдалы, өйткені ондағы мол иммуноглобулиндер G (IgG) жүйелі иммунитетті қамтамасыз етеді.

Бұзаулағаннан кейін көп ұзамай жиналған уыз құрамында құнды биологиялық белсенді заттар: иммуноглобулиндер, лимфоциттер, лактоферрин, интерлейкиндер, есу факторлары бар. Ол минералды заттарға, дәрумендерге, ферменттерге және пролинмен байытылған полипептидтерге (Proline Rich Polypeptides) бай, оларды трансфер факторлар деп те атайды. Мұндай ерекше құрам уыздың қорғаушы, реттеуші және функционалды қасиеттерін қамтамасыз етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Имуноглобулиндер, лактоферрин, лизоцим ағзаны бактериялардан, вирустардан, саңырауқұлақтардан және олардың қалдық өнімдерінен қорғайды. Сиыр уызының құрамында иммундық жүйе ақуыздарының — IgG, IgM, IgA имуноглобулиндердің 3 негізгі тобы бар. Бұл ретте уыздағы IgG имуноглобулиндері кәдімгі сиыр сүтіне қарағанда 70-80 есе көп.

Уыздың маңызды реттеуші функциясы үшін **трансфер факторлары** немесе пролинмен байытылған полипептидтер жауап береді. Олардың құрамында иммунитетті нығайтатын және аутоиммундық реакциялардың алдын алу арқылы ағзаның гиперактивті иммундық реакциясын басатын үш фракция бар. Үшінші фракция – антигендер - әртүрлі вирустар мен микробтарды табады, иммундық ақпаратты есте сақтайды және ағзаның жасушаларына береді, иммунитеттің жадын қалыптастырады, осылайша ағза патогендерге тезірек қарсы тұра алады.

Уыздың функционалды қасиеттері физикалық және ақыл-ойдың қартаюуына қарсы тұратын әртүрлі есу факторларын қамтамасыз етеді, олар, жараларды емдеуге, тіндердің қалпына келуіне ықпал етеді, қандағы көмірсулар мен май алмасуын бақылайды.

Бета-глобулиндар — иммундық жүйенің жасушаларын (макрофагтар, Т-лимфоциттері, НК жасушалары немесе киллер-жасушалар) белсенді ету процесін іске қосатын табиғи текті полисахаридтер патогендік микроағзаларды тез тануға және жоюға көмектеседі. Ағзаның әртүрлі инфекцияларға төзімділігін арттырады.

КОРАЛ АРТИШОК

Coral Artichoke

код: 91640 шығарылу түрі: 90 капсула



«Корал Артишок»:

- түрлі бұзылыстар: гепатит, бауырдың дистрофиясы, майлы гепатоз және т.б. кезінде.;
- созылмалы уыттануда;
- ас қорыту және заттек алмасу процестерінің бұзылыстары кезінде көмектеседі.

Құрамы

Берікгүл сығындысы 300 мг, бетаин 50 мг, алатікен сығындысы 40 мг, бақ-бақ сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Артишок» — бауырдың бірінші досы! Өнімнің құрамындағы бауырды ең жақсы қорғайтын өсімдік тектес құралдар (бөрікгүл, алатікен) бақ-бақ, бетаин бауырға және өт шығару жолдарына сауықтыру әсерін көрсетеді, ағзаның уытсыздандыру қорғанысын қамтамасыз етеді, ас қорыту ағзаларының жұмысын және жалпы сезінуді жақсартады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Бөрікгүл — ерекше жаңғақ дәмді құнды емдәмдік өсімдік. Бұл көкөністің сөзсіз қасиеті — бауырды қорғайтын айқын әсерінде. Оның белсенді заттектері — кофеилхиндік қышқылдардың, цинариннің, флавоноидтардың тазартатын және өт айдайтын қасиеттері бар. Олар холинэсте-раза деңгейін төмендетеді, бауырдың майлық шығуын азайтады, сауықтыру әсерін көрсетеді. Сонымен қатар, бөрікгүл артық сұйықтықтың, азот құрамдас қосылыстардың шығарылуын үдетеді. Ағзаны қоректік заттектермен, ақуызбен, А, С, В, В2 дәрумендерімен, каротинмен, минералдық заттектермен қамтамасыз етеді, алмасу процестерін және ас қорытуды реттейді.

Алатікен (сүттіген түйетікені) бауырдың түрлі бұзылыстарында табысты қолданылады. PMFA тағамтану институты алатікен сығындысын эко-логиясы нашар өңірлер үшін профилактикалық құрал ретінде ұсынады. Бұл емдік өсімдіктің құрамында сирек кездесетін биологиялық белсенді заттек — силимарин, сондай-ақ, тағы 200 жуық құнды компоненттер бар. Өсімдік өттің түзілуін және бөлінуін, асқазан-ішек жолдарының селдену және қимыл қызметін күшейтеді, инфекцияларда және улануда (оның ішінде, хлормен, радиациямен, дәрімен, алкогольмен, тіпті саңырауқұлақтардың ішіндегі қауіптілері — улы саңырауқұлақтармен) бауырдың қорғаныс қасиеттерін арттырады.

Бақ-бақ еуропалық тұрғындардың арасында аса танымал. Оның құрамындағы ащы заттектер тәбетті қоздырады және ас қорытуды жақсартады, өт айдайтын, несеп айдайтын және іш жүргізетін қасиеттері бар. Бақ-бақ сығындысы ас құнды ширақтық беретін және нығайтатын құралдарға жатады.

Бетаин — өсімдік тектес майды ыдырататын заттек. Ол бауырдағы май алмасуын, қандағы холестерин деңгейін реттейді, алмасу процестерінде қатысады, қуаттың өндірілуінде қатысады. Бұл заттек сондай-ақ, өт түзетін және өт айдайтын әрекет етеді, ас қорыту жүйесінің қызметін жақсартады.

КОРАЛ БОСВЕЛЛИЯ

Coral Boswellia

код: 91846 шығарылу түрі: 90 капсула



«Корал Босвеллия»:

- буындағы, бұлшықеттегі және шеміршектегі қабыну процестерін азайтуға;
- сүйек-бұлшықет тініндегі дегенеративтік процестер дамуының алдын алуға;
- бұлшықеттегі қан ағымын жақсартуға;
- буындағы күрт ауырсынудың және қозғалудың қиындауының жағымсыз әсерін азайтуға көмектеседі.

Құрамы

Босвеллия сығындысы 400 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Босвеллия» тірек-қимыл аппаратын кешенді қолдауды қамтамасыз етеді. Оның құрамында аттас өсімдіктің сығындысы бар, ол босвеллия қышқылдарының болуына сай қабыну процестерін азайтады, бұлшықет тіндерінде қан айналымын жақсартуға және шеміршектің құрылымын нығайтуға көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсері:

Salai guggal, shallaki, немесе үнді ладаны бар — Үндістанның таулы аймағында өсетін бурзер тұқымдас аласа ағаштарды Шығыста осылай атайды. Бұл өсімдік түрлерінің ішінде еуропалықтар Indian Frankincense (үнді хош иісі) атайтын тропикалық босвеллия немесе *Boswellia serrata* аса құнды. Босвеллияның өзіне тән ерекшелігі — әйгілі босвеллия қышқылды хош иісті шайырлардың болуы. Үндістер босвеллияны «қабынумен күресуші» атайды.

Эфир майлары (камфен, пинен), шырыштар, палмитин қышқылы секілді барлық пайдалы заттектерінің арасында қабынуға қарсы қасиеттеріне сай құндылығы зор — босвеллия қышқылдары.

Зерттеулер барысында үнділік ғалымдар анықтағандай, босвеллияны қабылдаған кезде ревматоидтық артритпен ауыратын науқастарда ісінудің және ауырсыну сезімінің тиімді азаюы байқалады. Оның әрекет ету механизмі стероидтық емес қабынуға қарсы препараттардың әрекет ету механизміне ұқсас, бірақ оларға тән жанама әсері болмайды. Босвеллия қышқылының сүйек-бұлшықет жүйесіне әсер ету ұстанымы келесіде. Бұл қышқылдар омыртқада, шеміршекте, байламдарда, дәнекер тінде, буын маңындағы сұйықтықта қабынудың басты факторы болатын, гормон тәрізді заттектер лейкотриендердің түзілісін тежейді. Сондай-ақ олар ақ қан жасушалары — лейкоциттердің шеміршекке және буын сұйықтығына енуіне кедергі болады, осылайша, қабыну серпінін әлсіретуге ықпал етеді және буын шеміршегінің зақымдану дәрежесін тікелей азайтады.

Босвеллия шеміршектің және сүйек тінінің құрылымына нығайту әсерін көрсетуімен құнды. Босвеллия қышқылдары шеміршекті бұзатын арнайы ферменттердің өндірілуіне кедергі болады, гидроксипролин, гексозаминдер мен урон қышқылы секілді шеміршек тіні құрылымдық бөліктерінің несеппен бірге бөлінуін азайтады, шеміршектің бұзылуын азайтып, қалпына келу процестерін үдетеді. Өсімдіктің осы әсері буындағы ауырсыну сезімін және ісінуді азайтумен тікелей байланысты.

КОРАЛ БУРДОК РУТ

Coral Burdock Root

код: 91860 шығарылу түрі: 90 капсула



«Корал Бурдок Рут»:

- ағзаның уытсыздандыруын жақсартады;
- холестериннің деңгейін төмендетуге ықпал етеді;
- асқазан-ішек жолдарындағы қабыну және бактериалдық көріністерді азайтады;
- ас қорытуды және бауырдың жұмысын оңтайлы етеді.

Құрамы

Түйежапырақ тамырының ұнтағы 500 мг, түйежапырақ тамырының сығындысы 100 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Бурдок Рут» — түйежапырақ тамырының *Arctium lappa* негізіндегі сауықтыру құралы. Заттек алмасуын, қанды тазарту процестерін оңтайландырады, өт бөлінуін және несеп бөлінуін күшейтеді, асқазан-ішек жолдарының қабынуын азайтады, бактерияға қарсы қасиеттері бар.

Белсенді компоненттердің әсері:

Түйежапырақ тамыры ағзаға жан-жақты әсер ететін биобелсенді заттектердің жоғары мөлшерімен ерекшеленеді. Оның құрамында инулин полисахариді (35% -тен астам), табиғи стеариндер, майлы карбонды (пальмитин және стеарин) және оксикор қышқылдары, тұтқыр заттектер, ащы заттектер, ақуыз, эфир майлары бар. Түйежапырақ тамырында өсімдікке тәтті дәм беретін инулиннің үлкен мөлшері бар.

Асқазан-ішек жолдарында фруктозаға дейін ыдырап, инулин гликогеннің бауырда жинақталуын арттырады және ұйқыбезінің инсулин тәрізді қызметін реттейді. Сондықтан, ол диабетпен ауыратындарға аса пайдалы. Сонымен қатар, инулиннің пребиотикалық қасиеттері бар, яғни, микрофлораға оң әсер етеді, пайдалы бактериялардың өсуіне ықпал етеді. Түйежапырақтың оксикор қышқылдарының уытсыздандыратын, несеп айдайтын, қанды тазартатын қасиеттері бар. Олар қаннан несеп қышқылының, несепнәрдің, аммиактың, уыттардың шығарылуын күшейтуге ықпал етеді, бүйректің қызметі мен несеп бөлінуін жақсартады. Сонымен қатар, су-тұз алмасуын реттейді және бауырды қорғайтын әрекет етеді.

Түйежапырақтың белсенді заттектері асқазан-ішек жолдарындағы қабыну процестерін азайтады, асқазан мен тоқ ішектің сілемей қабығын тітіркенуден қорғайды және асқазан сөлінің бөлінуін жақсартады, ойықжаралық эрозиялардың жазылуына ықпал етеді, түйілген ауырсынуды азайтады және ішектің босатылуына ықпал етеді.

Түйежапырақтағы ащы заттектер өттің бөлінуін күшейтеді, ұйқыбезі ферменттерінің бөлінуін арттырады. Осындай сауықтыру әсеріне сай түйежапырақты түрлі тағамдық бұзылыстарда, бауырдың және өт қабы қызметінің бұзылысында ғана болады.

Түйежапырақ оның құрамында құнды өсімдік тектес стеариндер — ситостерин мен стигмастериннің — холестеринге қарсы әрекет ететін заттектердің болуымен сипатталады. Бұл заттектер бауырда және аш ішекте майлардың алмасуын реттейді, ішекте холестериннің сіңуін азайтады, осылайша, оның қандағы деңгейін азайтады.

Сонымен қатар, табиғи гормон тәрізді заттек болуына сай гормондық бұзылыстардың алдын алады немесе өтуін жеңілдетеді.

Түйежапырақ тамырында асқазан-ішек жолдарында іш бұзылыстарын, аллергияны, кебуді туындататындар қоздыратын бактерияларды жоятын белгілі антисептиктер — эфир майлары мен карбон қышқылдары көп.

КОРАЛ ЖОҢЫШҚА

Coral Alfalfa

код: 2102 шығарылу түрі: 120 капсула



«Корал Жоңышқа»:

- гиповитаминозды;
- қажып, шаршауды, ашушаңдықты;
- атеросклерозды;
- подаграны болдырмауға көмектеседі.

Құрамы

Егістік жоңышқа шөбі 150 мг, жоңышқаның қоюландырылған шырыны 250 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Жоңышқа» денсаулыққа жан-жақты әсер етеді, көптеген сырқаттардың алдын алудағы үздік құрал. Жаңа өнімде жоңышқа шөбінен басқа жапырағының қоюландырылған шырыны бар, бұл оның оң әсерін күшейтеді. «Патша шөпті» тұтыну өмірлік ширақтықтың артуына ықпал етеді, жұмысқа қабілетті арттырады, ас қорытудың бұзылысынан, уыттанудан, несеп-жыныс жүйесі мәселелеріне ұшыраған, денсаулығы әлсіреген адамдарға пайдалы.

Белсенді компоненттердің әсері:

Топырақтағы минералдарды жоңышқаның артық тұтынуы оның пайдалы қасиеттерін және кең ауқымын түсіндіреді. Өсімдіктің жапырағында адам ағзасында түзілмейтін, алмастырылмайтын сегіз амин қышқылы, А, В, В2, В6, D2, D3, Е және К дәрумендері, минералдық заттектер, әсіресе, кальций, фосфор және фтор, сапониндер, изофлавоноидтар бар. К дәруменінің болуы жоңышқаны қан кетуі мен қанталаудың алдын алатын, геморройға қарсы тиімді құрал етеді.

Жоңышқа — құрамында ағзада, алдымен тіс тіндерінде жиналатын табиғи тектес фтор болатын, сирек өсімдіктің бірі. Ол тіс эмалінің қалыптасуына ықпал етеді және тісті тісжегінің дамуынан қорғайды, микроағзаларға бактерияны жоятын әрекет етеді.

Сапониндерге сай өсімдік қандағы холестерин деңгейін азайтуға қабілетті. Ол қантамырлар қабырғасындағы атеросклероздық өзгерістердің алдын алуымен қатар олардың созылымдылығын арттырады, артериалдық қысымды төмендетуде қолданылады. Жоңышқа қантамырлардың өтімділігіне және тотығу-тотықсыздану процестеріне реттейтін әрекет етеді. «Әмбебап» шөп асқазан ауруларында, іштің кебуінде, ойық жара ауруында сауықтыру әсерін көрсетеді. Жоңышқа сығындысы құрамында құнды заттектер, алдымен, амин қышқылдары мен хлорофилл болуы есебінен емдік ашығу кезінде қолданылады. Ол етеккір кезеңіндегі әйелдерге және емізетін аналарға пайдалы, себебі, изофлавоноидтардың эстроген тәрізді белсенділігі және үрейлену жағдайларын реттейтін, лактацияны (сүт өндірілуін) арттыратын қасиеттері бар. Сондай-ақ, бұл жұмсақ несеп айдайтын құрал (су теңгерімін реттейді және ағзадан несеп қышқылының тұздарын шығаруға ықпал етеді).

КОРАЛ ҚАРА ЖАҢҒАҚ

Coral Black Walnut

код: 91643 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Корал Қара Жаңғақ»:

- ағзаны паразиттерден қорғауға, әсіресе мұның ықтималды аса жоғары болса (өзен балығын және қайнатпаған суды жиі тұтыну, бақта жұмыс істеу, жануарлармен ұдайы қарым-қатынас, өзен-көлде суға түсу және басқа);
- ас қорытуға және ішектің жұмысына оң әсер етуге;
- ағзаны уытсыздандыруға көмектеседі.

Құрамы

Қара жаңғақ жапырағының сығындысы 300 мг, Жұпаргүл жапырағының сығындысы 50 мг, Қосымша компоненттер

Қара жаңғақ (Juglans nigra) — грек жаңғағына жақын, химиялық құрамдары бірдей. Осыған қарамастан, қара жаңғақ пайдалы заттектердің сандық артықшылығымен ерекшеленеді, бұл оның емдік қасиеттерін түсіндіреді. Қара жаңғақтың жеміс түбінде және жапырағында ең құнды заттегі — юглонның мөлшері грек жаңғағына қарағанда 2-4 есе артық, демек, әсер ету едәуір ерекшеленеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Қара жаңғақ жапырағының сығындысы ішек құрттарымен және Candida тектес зеңдермен күреседі, нәжісті реттеуге және ішектің жұмысын жақсартуға ықпал етеді. Антиоксиданттық және жалпы нығайтатын қасиеттері бар. Қара жаңғақтың емдік әсері бұл өсімдікте юглонның үлкен мөлшері, сондай-ақ, флавоноидтар, органикалық қышқылдар, қанықпаған май қышқылдары, кумариндер, гликозидтер, С, В1, Р дәрумендері, эфир майлары және минералдар болуына байланысты.

Жұпаргүл жапырағының сығындысы — эфир майларының және тұтқыр заттектердің, сондай-ақ, түрлі паразиттерге қарсы тиімді құнды заттектер — тимол мен карвакролдың бай көзі. Ішек құрттарына қарсы қасиетінен басқа жұпаргүл ас қорытуды реттеуге ықпал етеді: ішектің қимылын ынталандырады, өт қабының жұмысын жақсартады, ас қорыту бездерінің бөлінуін белсендіреді.

Организмнің жалпы уытсыздануына және ас қорытуды жақсартуға ықпал етеді.

КОРАЛ КАРНИТИН

Coral Carnitine

код: 91890 шығарылу түрі: 180 капсула



«Корал Карнитин»:

- салмақты қалыпта сақтауға;
- төзімділік пен жұмысқа қабілетікті арттыруға;
- ағзаның энергетикалық әлеуетін қалпына келтіруге;
- жүрек-қантамыр жүйесінің саулығын сақтауға көмектеседі.

Құрамы

Ацетил L-карнитин 400 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Карнитин» — тиімді энергетикалық биоинталандырғыш, жиналған майды ыдыратудың жылдамдығын арттырады. Осымен қатар, карнитинді қабылдау жүйкенің тозуының, миокард мәселесінің алдын алады, дене төзімділігін және ақыл-ой белсенділігін жақсартады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Латыннан аударғанда «карнитин» — «ет» дегенді білдіреді, сондықтан, бұл заттек өткен ғасырдың соңында үй жануарларының етінен бөлініп алынған. Кейінгі зерттеулердің барысында карнитин құрылымы бойынша В тобының дәрумендеріне жақын екендігі анықталған, бірақ, дәрумен емес. Ағзада бауырда және бүйректе түзілуі мүмкін, негізінен, бұлшықетінде және бауырда болады.

Карнитиннің әсері майлардың ыдырауын күшейтуіне негізделген, майларды біздің жасушаларымыздың «энергетикалық станциялары» — митохондрияларға бағыттайды. Оларда майдың тотығуы және қуаттың бөлінуі өтеді. Карнитин майлы қышқылдардың мөлшерін митохондрияларға көбірек жеткізген сайын май аз жинақталады.

Сондай-ақ, бұл қантамырларда май (атеросклеротикалық) түйіндақтарының түзілуінің алдын алудың жақсы құралы. Карнитинге сай миокард майдың артық жинақталуынан босатылуымен қатар қуаттың екі есе көп алады.

Карнитиннің тағы бір маңызды әсері — оның ағзада жасушалардың ерте қартаюында басты рөл атқаратын бос радикалдардың түзілуін азайтуға қабілетті болуы. Сонымен қатар, ағзаның өзіндік антиоксиданттық жүйесінің қызметін белсендіреді.

Карнитин, сондай-ақ, көмірсулардың сүт қышқылына дейін ыдырау процесін тездетеді, және сүт қышқылының бұлшықет тіндерінен тез шығарылуына ықпал етеді. Ол гипоксияда бұлшықеттерді қуатпен қамтамасыз етеді, тіндердің уытты ыдырау өнімдерінің әсеріне тұрақтылығын арттырады. Осы әсеріне сай ұзақ дене жүктемелерінен кейін жұмысқа қабілет тез қалпына келеді.

Денсаулыққа көп жақты әрекеті есебінен бұл заттек барлық адамдарға пайдалы. Карнитиннің тағамдық көздері — ет, сүт, балық. Осыны ескеру-мен карнитин өсімдік тектес тағамды ұнататын адамдарға көбірек қажет деп айтуға болады. Қыздырумен өңдегенде карнитиннің едәуір бөлігі жоғалады, сондықтан оның тәуліктік қажеттілігін толықтыру үшін вегетариандықтарға және етті тұтынатын адамдарға карнитині бар қоспаларды қосымша қабылдау қажет.

КОРАЛ КЕЛП

Coral Kelp

код: 91805 шығарылу түрі: 60 капсула



«Корал Келп»:

- эндокринді жүйе;
- жүрек-қан тамыр жүйесі;
- ас қорыту жүйесі жұмыстарын қолдайды.

Құрамы

Жапон ламинариясының сығындысы 180 мг, Итмұрын жемісінің сығындысы 150 мг, Зімбір тамырының сығындысы 20 мг, Қосымша компоненттер

«Корал Келп» — емдік өсімдіктерді және теңіз балдырларын біріктіретін өнім, ағзаны уыттар мен токсиндерден тиімді тазартады, эндокриндік жүйенің саулығын қолдайды, мерзімінен бұрын қартаюдан қорғанысты қамтамасыз етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Жапон ламинариясы — денсаулықты, сұлулық пен жастықты қолдайтын Жапон теңізі қоңыр балдырларының ішіндегі ең құндысы. Теңіз қырыққабатының белгілі болуы оның алуан түрлі болуына байланысты. Балдырдың құрамында амин қышқылдары, минералдар (калий, йод, натрий, кальций, магний, күкірт, кремний, темір, фосфор), А, С, D, E, K, B тобының дәрумендері, ақуыздар, альгинаттар, КҚМҚ, т.б. ол талшықтың құнарлы көзі, сондықтан, ас қорытуды, ішек жұмысын жақсартады. Органикалық (!) йодтың жеткілікті мөлшері қалқанша без үшін пайдалы. Теңіз қырыққабаты — жақсы сорбент, альгин қышқылы (альгинаттар) радионуклидтермен, уыттармен қосылыстар түзеді және организмнен шығарады

Дәмқабықты итмұрын — каротиннің, В тобы дәрумендерінің, тамырды нығайтатын С, Р дәрумендерінің, қанның ұйығыштығын арттыратын К дәруменінің мөлшері бойынша алдыңғы орында. Сондай-ақ, ол пектиндерге, органикалық қышқылдарға, флавоноидтарға бай. Итмұрын көмірсу алмасуына оңтайлы әсер етеді, ферменттер қатарын күшейтеді, ағзаның сыртқы ортаның зиянды әсеріне, инфекцияларға қарсы тұруын арттырады.

Зімбірдің құрамында пайдалы заттектердің алуан түрлі жиынтығы бар: А, В, В2, С дәрумендері, минералдар (фосфор, магний, кальций, темір, натрий, калий, мырыш), алмастырылмайтын барлық амин қышқылдары (триптофан, треонин, фенилаланин, метионин, валин), эфир майлары, т.б. Татымдық күшті антиоксидант саналады, артериалдық қысымның және қандағы холестерин деңгейінің төмендеуіне, ми қан айналымының жақсаруына ықпал етеді, тамырларды нығайтады. Ежелгі Шығыс медицинасынан белгілі болғандай, зімбірдің ағзаны қоқыстар мен уыттардан тазартатын тамаша қасиеті бар.

КОРАЛ ЛЕЦИТИН

Coral Lecithin

код: 91650 шығарылу түрі: 120 капсула



«Корал Лецитин»:

- жүрек-қантамыр аурулары;
- ашушаңдық, шаршаңқылық, назар қоюдың нашарлауы, есте сақтаудың төмендеуі;
- ақыл-ой және физикалық жүктемелердің артуы;
- бауыр қызметінің бұзылыстары;
- тері проблемалары кезінде көмектеседі.

Құрамы

Сұйық соя лецитині 1200 мг.

«Корал Лецитин» — денсаулықты қолдауға қажетті ең жан-жақты қоспалардың бірі. Лецитин — адам ағзасының барлық жасушалық қабықшаларының (мембраналар) негізі. Ол ағзаға зақымданған жасушаларды жаңартуға және «жөндеуге» құрылыс материалы ретінде қажет.

Белсенді компоненттердің әсері:

Лецитиннің басты құраушылары — холин мен инозитол — мидың толыққанды жұмысы үшін өмірлік маңызды. Холин бұлшықет жиырылуын үйлестіру, ақыл-ой қызметі, жұмысқа қабілеттілік, шығармашылық белсенділік үшін жауап береді, жедел есте сақтауды қалыптастыруға және сақтауға ықпал етеді. Инозитол көңіл-күйге, мінез-құлыққа, кеңістікте бағдарлануға оңтайлы әсер етеді, тыныштандыратын қасиеті бар, ашушаңдық пен күйгелектенуді азайтады.

Лецитин — жүректің таптырмас көмекшісі. Осы пайдалы заттектің тағамдағы жеткілікті мөлшері қандағы холестерин деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді, қанның ағуын және ағзалардың қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады. Жүректің жиырылуының жиілігін төмендетеді, тамыр қабырғасының ширығуын азайтады, осылайша, қан қысымына әсер етеді.

Лецитин май алмасуын реттеуде белсенді қатысады, майларды қарапайым майлы қышқылдарға дейін ыдыратады. Сондықтан, лецитиннің болуында майлар бауырдан тезірек кетеді және май қорына, ағзаларға түседі. Сонымен қатар, лецитинді қабылдау алкогольдің, никотиннің, дәрілер мен есірткілердің, тағамдық сақтауыштар мен бояғыштардың уыттық әсерінде зақымданған бауыр жасушаларын қалпына келтіруді үдетуге ықпал етеді.

Бұл заттек, сондай-ақ, ағзаның иммундық қорғанысында маңызды рөл атқарады. Лецитин біздің қорғаушыларымыз — лимфоциттер мен макрофагтардың қызметін қалпына келтіреді, антиденелердің өндірілуі, фагоциттердің өсуі мен белсенділігін ынталандыру есебінен ауруларға қарсы тұруын арттырады.

Бұл репродуктивтік қызметті белсендіретін негізгі құралдың бірі. Ол құрсақ ішіндегі сәбидің дамуы және жаңа туған сәби үшін аса маңызды, сәбидің болашақта ақыл-ойының дамуына оңтайлы әсер етеді.

Барлық қасиеттерінің ішінде лецитиннің антиоксиданттық әсері бар, теріні бос радикалдардан қорғайды. Ол қоректену және уытсыздандыру процестерін жақсартады, май алмасуын белсендіреді, жаңа тері жасушаларының түзілу процестерін және зақымданған тері жасушаларының қалпына келу процестерін ынталандырады.

КОРАЛ МАГНИЙ

Coral Magnesium

код: 91881 шығарылу түрі: 90 капсула



«Корал Магний»:

- ақыл-ой, эмоционалдық, физикалық жүктемелерге төзімділікті арттыруға;
- жүрек бұлшықетінің энергетикалық әлеуетін арттыруға, қантамырлардың ширақтығын және жүрек ырғағын реттеуге;
- ақуыздардың, липидтердің және нуклеин қышқылдарының алмасуын реттеуге, АТФ өндірісі процестерін белсендетуге;
- асқазан-ішек жолдарында пайдалы заттектің жақсы сіңуіне ықпал етуге көмектеседі.

Құрамы

Магний (таурат) 75 мг, магний (бисглицинат) 75 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Магний» — жүрек-қантамыр, жүйке және ас қорыту жүйелерінің толыққанды жұмысы, ағзаның көптеген биологиялық қызметін қалпына келтіру үшін қажетті өнім.

Белсенді компоненттердің әсері:

Магний — адам үшін аса маңызды минералдардың бірі, ол ағзаның қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін 300-ден астам биохимиялық реакцияларда қатысады. Магнийдің басты қызметінің бірі — жүйке жүйесін бұзылысты күйзелістерден қорғау. Магний орталық жүйке жүйесіндегі қозу процестерін тежейді және ағзаның сыртқы тітіркендіргіштерге сезімталдығын азайтады (қатты дыбыстарға, күшті жарыққа). Оның тапшылығында ашушаңдықтың артуы, қажып, шаршау пайда болады.

Магний жүрек бұлшықеті жасушаларының қызметін оңтайландырады, жүрек ырғағын тұрақтандырады, жүрек белсенділігінің жүйке-бұлшықеттік реттеу процесінде аса маңызды. Бұл минерал кальций мен С дәруменінің сіңуі үшін қажет, көмірсу алмасуында қатысады. Магний ағзаға суыққа бейімделуге көмектеседі, сүйек пен тіс эмалінің құрылымдық компоненті, ішектің қимылын ынталандырады және өт бөлінуін арттырады.

Магний қан ұюы механизмінің қалпына келуіне ықпал етеді, тамырлар саулығын қолдауға көмектеседі, олардың қабырғасында холестерин түйіндағының қалыптасуының алдын алады, тамырлардың саңылауын ұлғайтады, осылайша коронарлық (жүректегі) қан ағымын күшейтеді.

Магний, сондай-ақ, бауыр мен бүйрек үсті бездерінің жұмысына, қуаттың өндірілуіне, сүйек-бұлшық ет тінінің қалыптасуына белсенді әсер етеді. Магнийдің тапшылығында минералдардың, қоректік заттердің сапалы сіңірілу процесі бұзылады. Магнийдің ағзадағы сәйкес деңгейі тамырлардың, ішектің, өт және несепқаптың, т.б. тегіс бұлшықеттерінің ширақтығының артуына ықпал етеді. Ақуыздың, амин қышқылдарының түзілуінде, ДНҚ және РНҚ арқылы генетикалық ақпараттың берілуінде маңызды рөл атқарады.

Өнімнің құрамында магнийдің екі тұзы — таурат және глицинат (таурин және глицин амин қышқылдарымен қосылыстар) бар. Бұл тұздардың қасиеті — магнийдің басқа тұздарына қарағанда жақсы биосіңімді және ішекті тітіркендірмейді. Сонымен қатар, глицин мен магнийдің бірігуі ми қан айналымын жақсартады, есте сақтауды және жұмысқа қабілетті оңтайландырады. Ал таурин және магнийдің бірігуі қуаттың өндірілуін белсендіреді және жасушалардың қоректенуін жақсартады.

КОРАЛ-МАЙН/КОРАЛ-МАЙН СИЛЬВЕР

Coral-Mine/Coral-Mine Silver

код: 2201/2200/2221/2220 шығарылу түрі: 10/30 саше



Сумен өзара әрекеттескен соң тұздардағы минералдар суға сіңіп, жамылғылары жағдайының жақсаруына көмектеседі:

- рН оңтайлы мәніне қол жеткізуге;
- жүрек-қан тамыр жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне;
- остеопороздың алдын алуға;
- бұлшықеттердің созылымдылығын арттыруға, сүйек пен шеміршек тіндерін қалпына келтіруге;
- бүйректің, ас қорыту жүйесінің жұмысын реттеуге;
- тері жамылғылары жағдайының жақсаруына көмектеседі.

Құрамы

Корал-Майн: ұсақталған коралл 995 мг, L-аскорбин қышқылы 5 мг.

Корал-Майн Сильвер: ұсақталған коралл 994 мг, L-аскорбин қышқылы 5 мг, күміс 1 мг.

«Корал-Майн» — Окинава және Токуносима аралдарының маңында, Жапон теңізінде өсетін, тасқа айналған терең судағы склерактиния маржандарынан алынатын, Жапонияда өндірілетін өнім.

Маржанның қаңқасы — бұл оның ерекше қасиеттерімен ағзаға әсер етуін айқындайтын минералдық тұздардың кешені. Негізінде, бұл — кальций мен магний тұздары. Оның құрамына сондай-ақ, калий, натрий, темір, фосфор, күкірт, кремний, хром, марганец, мырыш және басқа элементтер кіреді. Табиғи тұздардың осы бай кешені ағзадағы минералдық теңгерімге реттейтін әрекет етеді, демек, өмірлік маңызды жүйелер мен ағзалардың қызметін реттейді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Кальций фосформен бірге сүйек тінін қалыптастырады, барлық дәнекер тіндер үшін құрылыс материалы. Ол тұрақты жүрек қызметін, жүйкелердің өткізгіштігін, бұлшықет жиырылуын қолдайды, жасушалық мембраналардың өтімділігін арттырады, қанның ұйытылу процестерін реттейді.

Магний — кальцийдің көмекшісі — АТФ босатылуын қамтамасыз етеді және ағзаның энергетикалық әлеуетін арттырады, тұрақты жүрек ырғағын қамтамасыз етеді, тегіс бұлшықетінің (тамырдың, ішектің, өт және несепқаптың) ширақтығын реттейді. Ағзадағы кальций мен магнийдің үйлесімді бірігуі (2:1) сүйектен кальцийдің шығарылуына, олардың жұмсаруына кедергі келтіреді.

Натрий осмостық қысымды, су-ақуыз алмасуын реттейді, нейро-бұлшықет қозғыштығын және жасушалық алмасуды реттеуді қамтамасыз ететін натрий-калий сорғышының жұмысын қолдауға қажет.

Калий — негізгі жасушаішілік катион, сулық-тұздық және қышқылдық-сілтілік теңгерімді, жүйке-бұлшықет қозғыштығы мен өткізгіштігін қолдайды; артериалдық қысымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, ағзадан артық сұйықтықты шығарады.

КОРАЛ Мия

Coral Licorice Root

код: 91641 шығарылу түрі: 100 капсула



«Корал мия»:

- тыныс алу жолдарының ауруларында;
- асқазан-ішек жолдарының ауруларында;
- бауырдың және өт шығару жолдарының созылмалы аурулары кезінде көмектеседі.

Құрамы

Жалаң мия тамырының глицирризинсіз сығындысы 300 мг, жалаң мия тамырының сығындысы 80 мг, зімбір тамырының сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Мия» — жалаң мия және зімбірдің негізіндегі денсаулықты қалпына келтіру және қолдауға арналған қабынуға қарсы, қақырықты түсіретін, иммунитетті реттейтін мия мен зімбір сығындылары негізіндегі құрал.

Белсенді компоненттердің әсері:

Мия — глицирризин және глицирретин қышқылдарының, сапониндердің, флавоноидтардың, манниттің, сілемейлі заттектердің, шырыштардың, аскорбин қышқылы сияқты пайдалы заттектердің құнды көзі. Глицирризин және глицирретин қышқылдары гормон тәрізді әрекет етеді, қабыну процестерін азайтады. ДНҚ және РНҚ вирустарының түрлеріне әсер ете отырып, олардың дамуын ерте сатысында үзеді, вирустың жасушаның ішіне енуін және оның жаңа вирус бөлшектерін түзуге қабілетін тежейді, ағзаның басты қорғаныс ақуызы — интерферонның түзілуіне ықпал етеді.

Қақырықты түсіретін әсерін глицирризин қамтамасыз етеді, ол кеңірдектегі және бронхыдағы сөл шығару қызметін күшейтеді және олардағы кірпік тәрізді эпителийдің белсенділігін арттырады. Флавоноидтарға сай мия бронхылардың тегіс бұлшықетінің түйілуін азайтады. Өсімдіктегі сапониндер ас қорыту жолдарының сілемей қабатында қорғаныс үлбірінің түзілуіне ықпал етеді, асқазан-ішек жолдарының сілемейіне оң бітуіне және қалпына келуіне ықпал етеді.

Зімбір «күйдіргі» құрамымен (цингиберен, гингерол, камфен, борнеол, т.б.) ерекшеленеді, қабынуға қарсы және күйзелістен қорғайтын әсері бар.

Бұл татымдық ас қорыту жүйесіне оңтайлы әрекет етеді, асқазандағы ауырлықты, іштің толып кету сезімін, жүрек айнуын басады. Оны тағамға тұтыну тәбетті арттырады, ас қорытуды ынталандырады.

Зімбір қантамырлардағы және буындардағы қабынуды азайтады, асқазан-ішек жолдарындағы дерт қоздыратын бактерияларды жояды, қандағы холестерин мөлшерін азайтады. Сонымен қатар, ол - жақсы уытсыздандыратын құрал.

Зімбір иммунитетті нығайту үшін пайдалы. Тамырында өмірлік қажетті дәрумендер, минералдар, эфир майлары және амин қышқылдары болуына сай оның ширақтық беретін қасиеті бар, ағзаның ішкі күштерін жұмылдырады.

КОРАЛ МЫСЫҚ ТЫРНАҒЫ

Coral Cat`s Claw

код: 91642 шығарылу түрі: 60 капсула



«Корал Мысық тырнағы» өсімдігі:

- иммунитетті нығайтады;
- антиоксиданттық қорғанысты қамтамасыз етеді;
- ағзаның жалпы тонусын арттырады.

Құрамы

«Мысық тырнағы» өсімдігінің сығындысы 300 мг, Түйежапырақ тамырының сығындысы 100 мг, Көк шай сығындысы 100 мг, Қосымша компоненттер

«Корал Мысық тырнағы» — иммунитетті қолдайтын және ағзаның жалпы тонусын сақтайтын өнім. Оның негізінде әлсіздік кезінде белсенділіктің төмендеуінде орны толмас, жалпы нығайтқыш әрекет ететін, сыртқы ортаның қолайсыз факторларына иммунитеттің қарсы тұруын арттыратын өсімдіктер (перу лианасы, көк шай, түйежапырақ тамыры) бар.

Белсенді компоненттердің әсері:

Перу лианасы — өзінің пайдалы қасиеттері бойынша сирек кездесетін, Латын Америкасының биік таулы аймағында және амазонкалық джунглиде өсетін өсімдік. 1974 жылы дәрігер Кеплингер ашқан өсімдік амазонкалық джунглиден жуық арада көптеген елдердің дәріханаларынан табылатын болды. Марендік тұқымдастардың ішінде перу лианасының иммунитетті ынталандыратын әсері аса айқын. Бұл керемет өсімдік ағзаның қорғаныс күштерін қалпына келтіреді, жұмысқа қабілетті арттырады, бұл оның белсенді заттері - оксииндолды алкалоидтарға, гликозидтерге, проантоцианидиндерге сай іске асырылады. Бұл заттер кешенді түрде әрекет ете отырып, фагоцитозды күшейтеді, Т-лимфоциттердің және Т-киллерлердің қызметін белсендіреді, олар бөгде бөлшектерді, оның ішінде бактерияларды, тіршілігі жойылған немесе жойылу алдындағы жасушаларды жұтады, жасушада вирустардың көбеюін тежейді. Қан сарысуындағы иммуноглобулиндердің деңгейін реттейді. Сонымен қатар, «мысық тырнағы» қылтамырлардың беріктігін арттыруға және тамырлық ширақтықты жақсартуға ықпал етеді.

Сергітетін және ширақтық беретін **көк шай** көңіл-күйді арттырады және күш-қуат береді өмірді ұзартады. Шай денсаулық үшін аса пайдалы, себебі, дәрумендерге, минералдық заттерге, эфир майларына, амин қышқылына бай. Сергітетін және балғындық әсерімен қатар ол антиоксиданттық қорғанысты қамтамасыз етеді. Бұл үшін Р дәрумені жауап береді: қантамырларын бос радикалдардың зақымдануынан қорғайды, оларды созылымды және икемді етеді, жасушалардың тотығуына кедергі болады, ағзаның қартаю процестерін бәсеңдетеді.

Түйежапырақ — халықтық және дәстүрлік медицинада аса танымал, ағзаға сауықтыру әсерін көрсететін өсімдік. Түйежапырақтың ерекше құндылығы биологиялық белсенді заттердің қазынасы болуында: полисахаридтер, хром тұздары, темір, фосфор, магний, натрий, калий, мыс, линол, олеин, стеарин және пальмитин қышқылдары, эфир майлары.

КОРАЛ ТАУРИН

Coral Taurine

код: 2101 шығарылу түрі: 60 капсула



«Корал Таурин»:

- жүрек-қантамыр және жүйке жүйесінің қалыпты жұмысын;
- көру мүшелерінің саулығын;
- заттек алмасуын;
- ағзаның антиоксиданттық қорғанысын қолдайды.

Құрамы

Таурин 600 мг, қосымша компоненттер.

«Корал Таурин» — «әмбебап» амин қышқылы — тауриннің көзі, көп жақты сауықтыратын әрекет етеді, сондықтан, тағамға қоспа ретінде үшін аса маңызды.

Белсенді компоненттердің әсері:

Бұл амин қышқылы адамды өмір бойы қолдайды — ана құрсағындағы кезеңнен бастап қарттық шағына дейін. Жүктілік кезінде ол ұрықтың қалыпты дамуы үшін аса маңызды. Мамандардың байқауынша, баланың миында ересектің миына қарағанда таурин төрт есе көбірек болады.

Тауриннің тағамдық көздері — жануар тектес өнімдер: балық, ет, сүт, жұмыртқа, өсімдік тағамында кездеспейді. Демек, бұл амин қышқылы әсіресе, вегетариандықтар үшін өте маңызды. Таурин амин қышқылы болғанымен, басқа амин қышқылдарына қарағанда ақуыздардың құрамына кірмейді.

Тауриннің функционалдық мүмкіндіктері орасан. Ол мидың тіндерінде және көздің торқабығында жоғары мөлшерде болады. Құрысуды азайтады, орталық жүйке жүйесінде жүйкелік қозу берілісін тежейді, есте сақтауды нығайтады және назарды шоғырландыруды күшейтеді. Бұл көздің басты амин қышқылы (40-50%), көз тіндерінің қоректенуін және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді, көздің жарыққа бейімделуіне ықпал етеді. Ең маңыздысы — таурин көз торқабығының немесе көзбұршағының зақымданған тіндерін қалпына келтіруге қабілетті, осылайша, түрлі жарақаттардан және жасқа байланысты мәселелерден кейін көруді жақсартады. таурин жүрек-қантамыр жүйесі үшін де маңызды. Таурин жүрек бұлшықетінен калийдің шығарылуының алдын алады және жүректің дұрыс, сау ырғағына жауапты минералдар - натрий, калий, кальций, магнийдің алмасуын реттейді. Сонымен қатар, таурин қантамырлардың кеңеюіне ықпал етеді. Бұл амин қышқылы заттек алмасуында белсенді қатысады. Өт қабында және өт шығару жолдарында өттің іркілуінің алдын алады. Қандағы және бауырдағы төмен тығыздықты холестериннің («зиянды» холестерин) деңгейін азайтады және ұйындының түзілуінің алдын алады. Тауриннің тағы бір қасиеті — ағзадағы инсулиннің белсенділігін арттыруы, ал бұл гормон қандағы глюкозаның деңгейіне, бауырда және бұлшықетте глюкозадан гликогенге айналуына тікелей әсер етеді, энергия алмасуын арттырады.

Таурин антиоксидант ретінде ағзада ДНҚ зақымдайтын оттегінің белсенді түрлерін байланыстырады, С және Е дәрумендерінің, ақуыз - антиоксидант глутатионның қажетті мөлшерін қолдайды.

Коэнзим Q10

Coenzyme Q10

код: 2177 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«Коэнзим Q10»:

- жүрек саулығын қолдап отыруға;
- физикалық төзімділік пен жұмыс қабілетін арттыруға;
- жүктемелерге тұрақтылығын арттыруға;
- қартаю процестерін баяулатады;
- түрлі аурулардан кейін қалпына келтіруді жеделдетуге көмектеседі.

Құрамы

Кофермент Q10 (Капека Q10®) 100 мг, қосымша компоненттер.

Кофермент Q10 витамин тәрізді қосылыс болып саналады. Ол митохондрия – жасушалардың «энергетикалық станцияларында» қамтылған және ағзадағы энергияның әмбебап көзі – аденозинүшфосфорлы қышқылдың түзілуіне қатысады. Жас ұлғая келе, оның синтезі біртіндеп сөнеді, сол кезде Q10 коэнзими бар биологиялық белсенді қоспа көмекке келеді.

«Коэнзим Q10» ағзаның энергетикалық әлеуетін арттырады және оның антиоксидантты қорғаныс күшейтеді. Өнімде Капека жапон корпорациясының белсенді коэнзим түрі қолданылады. Кокос майынан алынған орта тізбекті үшглицеридті және шашыратқы тамырынан алынған ерітілген инулинді қосу биожетімділік пен өнімнің игерілуіне жақсартады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Энергетикалық шығыны көп ағзалар – жүрек, бауыр, бүйрек пен ұйқыбезінің Q10 коферментіне жоғары қажеттілігі бар. Бұл заттек – адам ағзасына қажетті бүкіл энергияның 95%-ке жуығын өндіретін митохондриялардың құрамдас бөлігі. Коферментті көптеген салмақты азайту бағдарламаларында қарастырылған, себебі, ол энергияны өндіруді ынталандырады және заттек алмасуы процесін реттейді. Бұл кезде артық майлы жинақталу ыдырайды және ағзада қоректік заттектердің көзі ретінде қолданылады. Жас ұлғайғанда ағза тағаммен түсетін Q10 коферментінің жеткілікті мөлшерін сіңіру қабілетін жоғалтады. Сонымен қатар, оның ағзада түзілуі азаяды, бұл егде жаста қосарланатын аурулардың көпшілігінің себептерінің бірі.

Зерттеулер көрсеткендей, Q10 коферменті ағзаның иммундық қорғанысын қамтамасыз ету үшін қажет: ол макрофагтардың белсенділігін күшейтеді және иммуноглобулиндердің мөлшерін ұлғайтады.

Бұл заттек жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын реттейді: миокардтың жиырылу қабілетін арттырады, оның қан ағымын жақсартады, склерозға, артимияға қарсы, қысымды түсіретін әрекет етеді, дене төзімділігін арттырады, қартаю процестерін бәсеңдетеді, митохондрияларды тотығудан қорғайды. Дәрілердің уыттық әсерін едәуір азайтады, айыршабездің қызметін қолдайды.

Коферменттің әсері бірден болмайтындығын ескеру қажет. Оны нәтижесі қабылдай бастағаннан кейін 2-4 апта өткенде, ағзадағы қажетті мөлшеріне жеткенде біліне бастайды.

Күн дәрумені D3 спрей/ D-СПРЕЙ 2000

D-Spray/D-Spray 2000

код: 2179/ 2197 шығарылу түрі: 10 мл (170 доза)



Өнім мыналарға себептеседі:

- кальций, фосфор және магний алмасуын реттеу есебінен сүйек тінін минералдандыруға,
- иммундық жүйені нығайтуға,
- көмірсу және липидтік алмасуды нормалауға,
- ағзаның жүйке, жүрек-тамыр және өсіп-өну жүйелерінің жұмысын қолдауға,
- жад пен зейінді жақсартуға.

«Күн дәрумені D3 спрей» Құрамы

D3 дәрумені (холекальциферол), 10 мкг 1 дозада (400 ME)
Өсімдік майы (кокос майынан жасалған тізбектің орташа ұзындығы бар триглицеридтер), токоферолдар концентраты.

«D-спрей 2000» Құрамы

D3 дәрумені (холекальциферол), 50 мкг 1 дозада (2000 ME)
Өсімдік майы (кокос майынан жасалған тізбектің орташа ұзындығы бар триглицеридтер), токоферолдар концентраты.

D-Spray — бұл спрей нысанындағы D3 дәрумені. D3 дәрумені заттектердің алмасуында ең маңызды рөл атқарады: тірек-қимыл аппаратының жұмысын қамтамасыз етіп, кальцийді, магнийді және фосфорды сіңіруге себептеседі; жиі тұмау ауруларының ықтималдығын азайтып, иммунитетті нығайтады; ағзаның жүйке, жүрек-тамыр және өсіп-өну жүйесінің жұмысын қолдайды. D3 дәруменінің майда еритін нысаны ең табиғи әрі жылдам сіңеді. Спрей нысаны өнімнің ұсақ дисперстік бұрқуін қамтамасыз етеді, ал бұл дәруменнің қан ағысына енуін жеңілдетіп, сіңіру ауқымын көбейтеді.

«Күн дәрумені D3 спрей» бүкіл отбасыға жарамды – 4 жастан бастап балаларға, жүкті және емізетін әйелдерге. «**D-спрей 2000**» D3 дәруменінің бұдан да жоғары дозаларын қабылдау ұсынылған адамдарға жарамды.

Белсенді компоненттердің әсері:

D3 дәрумені — бұл ультракүлгін сәулелерінің әсер етуімен адам терісінің жасушаларында синтезделетін және адамның ағзасына тамақпен түсетін, ағза үшін өте маңызды биологиялық белсенді зат. Соңғы уақытта адамзат D3 дәруменінің маңызды жетіспеушілігін, ал кей кезде маңызды тапшылығын сезеді. Себебі күн сәулесінің жетіспеушілігі, сыртқы ортаның нашарлауы (қалаларда тұмша мен шаңның көбеюі), тағам өнімдерінің жұтанғануы және тіпті сыртқы күнге қарсы құралдарды қолдану болуы мүмкін. Әсіресе, орта және солтүстік ендіктердің тұрғындары, балалар мен жасөспірімдер, жүкті және емізетін әйелдер, қарт адамдар үшін D3 дәруменін қабылдау өзекті болады. D3 дәруменінің тағамдық көздер көп емес; жұмыртқаның сарысы, майлы сұрыпты балық. Заманауи адам рационының оған қажеттілікті өтемеу фактісі D3 дәрумені тапшылығының кеңінен таралуын растайды. Сондықтан бұл дәруменді қосымша қабылдау жыл мезгіліне қарамастан, өзекті болады.

D3 дәруменін қанша мөлшерде қосымша қабылдау қажет? 400 ME концентрациясы әмбебап болып саналады. Алайда, заттек алмасуында, ішектің, бауырдың және бүйректердің жұмысындағы бұзылыстарға бейімділігі, буындар мен бұлшықеттерде тұрақты ауырсуынулар бар адамдар үшін бұдан жоғарырақ доза-лау талап етілуі мүмкін.

Спрей формасының бірқатар артықшылықтары бар:

- майда еритін дәрумен ағзаға жылдам сіңеді,
- дәлме-дәл дозалауға кепілдік береді,
- құтыда 170 доза,
- қара шыны қышқылданудан қорғайды,
- өнімді тоңазытқышта сақтау талап етілмейді,
- өнімді сумен бірге қабылдау қажет емес және өзіңізбен алып жүруге қолайлы.

Күнбағыс Лецитині

Sunflower Lecithin

код: 2307 шығарылу түрі: 120 өсімдік капсуласы



«Күнбағыс Лецитині»:

- бауырдың, жүрек-қан тамырының, жүйке жүйесінің және мидың жұмысын қолдайды;
- жоғары интеллектуалды немесе физикалық жүктеме, дұрыс тамақтанбау, тері проблемалары кезінде көмектеседі.

Құрамы

Күнбағыс лецитині 550 мг.
Құрамында қосалқы компоненттер жоқ.

Белсенді компоненттердің әсері

Фосфолипидтер әрбір жасуша денсаулығы үшін қажетті «құрылыс материалы», жасуша қабығы құрылымының негізі. Күн сайын жасуша қабығы зақымдалады, «қартаяды» және біртіндеп өз функцияларын орындау қабілетін жоғалтады. Уақтылы жаңарту және «жөндеу» үшін ағзаға үнемі тамақпен және биологиялық белсенді қоспалармен бірге фосфолипидтер түсуі қажет.

Фосфолипидтер асқазан-ішек жолдарының денсаулығы үшін қажет. Фосфолипидтердің ең көп мөлшері бауырда болады. Олар өт құрамына кіреді және майлы тағамдардың қорытылуын жақсартады, әртүрлі қосылыстардың синтезіне қатысады, тотығу стресінен қорғайды, алкоголь, никотин, дәрі-дәрмек, тағамдық консерванттар мен бояғыштар сияқты заттардың уытты әсеріне ұшыраған бауыр жасушаларын қалпына келтіреді.

Лецитиннің негізгі фосфолипидтері – фосфатидилхолин және фосфатидилинозитол – ми денсаулығын қолдайтын маңызды заттар. Холин бұлшықет жиырылуын үйлестіруге, интеллектуалды қызметке, жұмысқа қабілеттілікке жауап береді, жедел жадтың қалыптасуына және сақталуына ықпал етеді. Инозитол көңіл-күйге, мінез-құлыққа, кеңістіктегі бағдарға пайдалы әсер етеді. Сонымен қатар фосфолипидтер жүйке талшықтарының миелин қабығының құрамына кіреді, оған реакция жылдамдығы, қозғалыстарды үйлестіру және ақпаратты өңдеу жылдамдығы тәуелді.

Фосфолипидтер тамырларды қорғайды: олар «жаман» холестеринді ұстап қалып, тамырлардың қабырғаларына түйіншектер түрінде шөгуіне жол бермей, оны қорыту және ағзадан шығару үшін бауырға тасымалдайды. Фосфолипидтер қан ұюының теңгерімін сақтауға да көмектеседі.

ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЛИБИДЕКСТРА

Libidextra Men

код: 2301 шығарылу түрі: 30 өсімдік капсуласы



«Ерлерге арналған Либидекстра»:

- жыныстық құштарлықты (либидоны) арттыруға,
- эректильді функцияны жақсартуға,
- қуық асты безінің денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Құрамы

Суықтай сығылған асқабақ дәндерінің майы 250 мг, ENOSTIM (жүзім сығындысы және алма қабығы, запырангүл) 200 мг, дамаск раушанының эфир майы 100 мкг, қарағайдан алынған фитостеролдар 50 мг, L-аргинин 30 мг, ниацин 8 мг, селен 25 мкг.

Сексуалдық белсенділік ерлер денсаулығының жалпы жағдайының және амандығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Бірінші кезекте ол жас мөлшерімен, жеке және эмоционалдық жай-күймен физиологиялық тұрғыда байланысты болатын эректильді функцияның күйі бойынша бағаланады. 40-тан бастап 70 жасқа дейінгі ерлердің шамамен жартысы сексуалдық белсенділіктің төмендеуіне ұшырайды деп саналады, ал бұл қанағаттанбаушылықтың тұйық шеңберін қалыптастырып, алаңдаушылық сезіміне, көңіл-күйдің өзгерістеріне және өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

«Ерлерге арналған Либидекстра» либидоны арттыруға, эректильді функцияны жақсартуға, қуық асты безінің денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсер етуі

ЕноSTIM™ —запырангүлмен байытылған, жүзімнен және алма қабығынан алынған полифенолдардың патенттелген синергиялық комбинациясы. ЕноSTIM™ белсенді компоненттері азот оксидінің (NO) шығарылуын ынталандырып, кіші жамбас мүшелеріндегі микроциркуляция мен қан ағысын жақсартады. Сондай-ақ азот оксиді эрекцияның туындауында шешуші рөл атқарады. Зерттеулер 4 апта бойы ЕноSTIM™ қабылдау қан ағынын 50%-ға дейін арттыратынын және қышқылдану стрессінің 74%-ға дейін төмендейтінін көрсетті, бұл ретте эрекцияның жақсаруы ерлердің 75%-нда байқалады.

L-аргинин — дәл L-аргининнен пайда болатын азот оксидінің жеткілікті деңгейін сақтауға арналған маңызды компонент.

Ниацин (B3 дәрумені) тамыр кеңейтетін әсер етеді, кіші жамбас аумағындағы қан ағысы мен микроциркуляцияны жақсартады. Бұдан басқа, жүйке жүйесінің денсаулығын сақтайды, шаршағандық пен шаршағыштықты азайтады.

Селен ерлердің өсіп-өну қабілеттігін арттырады: ерлердің жыныстық жасушаларын (сперматозоидтардың) жетілуін ынталандырады, олардың қозғалтқыштығын және сапасын арттырады. Қышқылдану стрессінің деңгейін азайтады және жалпы алғанда иммунитетті нығайтады.

Асқабақ дәндерінің майы қарағайдан алынған фитостеролдармен кешенде простатаның саулығына жағымды әсер ететін бета-ситостеролды қамтиды. Бұдан басқа, асқабақ дәндерінің майы моно- және көп қанықпаған майлы қышқылдарға, каротиноидтарға және токоферолдарға бай. Қанықпаған майлы қышқылдар «нашар» холестериннің деңгейін бақылауға көмектеседі, жүрек пен тамырлардың денсаулығын сақтайды.

Дамаск раушаны гүлдерінің эфир майы — сонау Парсы және Көне Грекия заманынан белгілі афродизиак. Оның тартымды хош иісі сезімділікті ашады және құштарлықты арттырады, романтикалық үйлесім береді.

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЛИБИДЕКСТРА

Libidextra Women

код: 2302 шығарылу түрі: 30 өсімдік капсуласы



«Әйелдерге арналған Либидекстра:

- жыныстық құштарлықты (либидоны) арттыруға,
- сексуалдық қатынастардың сапасын және қанағаттанушылықты арттыруға,
- МАС немесе пременопауза кезеңінде әйел денсаулығын сақтауға,
- терінің, шаштың және тырнақтардың күйін жақсартуға көмектеседі.

Құрамы

кешкі наурызгүл дәндерінің майы (токоферолдар қоспасымен тұрақтандырылған) 250 мг, бойдана дәндерінің сығындысы 200 мг, L-аргинин 30 мг, ниацин (никотинамид) 8 мг, дамаск раушаны гүлдерінің эфир майы 100 мкг, селен (L-селенометионин) 25 мкг, биотин 40 мкг.

Әйел денсаулығын тұрақты сақтауға арналған бойдананың патенттелген сығындысы бар Libifem кешенді формуласы.

Өнім сезімділікті ашуға және сексуалдық өмірдің сапасын арттыруға көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсер етуі:

Libifem — бұл бойдана дәндерінің әйелдерде сексуалдық белсенділікті сақтауға және либидоны арттыруға, сондай-ақ менопауза симптомдарын жеңілдетуге арналған, клиникалық дәлелденген тиімділігі бар патенттелген стандартталған сығындысы.

Кешкі наурызгүл дәндерінің майы — линолен және линол қышқылдарының қанықпаған майлы қышқылдардың ең бай көздерінің бірі болып табылады. Әйелдер бұл майды МАС және менструалдық спазмдар кезінде ауырсынуды азайту, менопауза симптомдарын жеңілдету үшін қабылдайды.

Өнімнің құрамына химиялық еріткіштерді пайдаланусыз суықтай сығу жолымен алынған сапасы ең жоғары кешкі наурызгүл майы бар.

L-аргинин — одан көптеген жағдайда қалыпты қан айналымы байланысты болатын азот оксидінің жеткілікті деңгейін өндіру және сақтау үшін маңызды компонент.

Кіші жамбас мүшелері қанмен жеткілікті қамтамасыз ету жыныстық органдардың функциясын ынталандырады, қозудың басталуын жылдамдатады.

Ниацин (В3 дәрумені) тамырды кеңейтетін әсер етеді, қан ағысы мен микроциркуляцияны жақсартады. Жүйке жүйесінің денсаулығын сақтайды, шаршағандық пен шаршағыштықты азайтады.

Биотин тұтынылатын тағамның энергияға айналу процесіне қатысады және заттектер алмасуын жылдамдатуға себептеседі, сондықтан биотинді қабылдау қайраттылық пен жұмысқа қабілеттікті арттырады. Терінің, шаштың және тырнақтардың денсаулығын сақтау қабілеттігі үшін оны жиі «сұлулық дәрумені» деп атайды.

Селен антиоксиданттық және иммундық жүйелер үшін маңызды және де «ұзақ өмір сүру элементі» деп санау оған лайықты. Зейінділікті және жақсы көңіл күйді сақтауға көмектесіп, жүйке жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне үлес қосады.

Шаш пен тырнақтардың нығаюына, тері саулығына көмек береді.

Дамаск раушанының майы — Сонау Парсы және Көне Грекия заманынан белгілі афродизиак. Оның тартымды хош иісі сезімділікті ашады және романтикалық үйлесім беріп, құштарлықты арттырады.

ЛимФлоу

LymFlow

код: 91865 шығарылу түрі: 90 капсула



«ЛимФлоу»:

- лимфодренажды және тамырдағы қан ағымын оңтайландыруға;
- тамырлардың созылымдылығын және беріктігін сақтауға;
- тамырдың қабынуын азайтуға көмектеседі.

Құрамы

Шие жемістүбірінің сығындысы 150 мг, қара қарақат жапырағының сығындысы 50 мг, ақжелек жапырағының сығындысы 75 мг, гибискус гүлшелерінің сығындысы 50 мг, қосымша компоненттер.

«ЛимФлоу» — лимфадренажды оңтайландыратын өсімдік тектес кешен, тамырларды нығайтатын, қанды сұйылтатын, қабынуға қарсы әрекет етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Шие. Бұл шырынды және ерекше хош иісті жемісті Еуропаға римдік қолбасшы Лукулл ежелгі Керасунд қаласынан әкелген. Шиенің жұмсағымен қатар жапырағы мен жемістүбірі де пайдалы болып шықты, оларда лимон және алма қышқылдары, кумариндер, өсімдік пигменттері, таниндер, С, В1, В6, РР1 дәрумендері, көптеген минералдар, пектиндер бар. Шиенің жемістүбірінің сығындысы жасуша аралық сұйықтықтың немесе лимфаның айналымын күшейтеді, осылайша тамырлардың дренажын (шайылуын) қамтамасыз етіп, артық сұйықтық пен қоқыстарды шығаруға ықпал етеді. Шиедегі кумариндер қанның ұйығыштығын азайтады, ұйындының түзілуінің алдын алады. Ал Р-дәруменді белсенді заттектер мен фла-воноидтар тамырлардың нығаюына, олардың ширақтығының артуына ықпал етеді.

Қарақат (жапырағы мен жемістері) — жүрек бұлшықеті мен бауырдың лимфодренажын күшейтеді. Қара қарақаттың жапырағында С дәрумені, фитонцидтер, магний, марганец, күміс, мыс, күкірт, эфир майы бар. Қарақат жапырағының сығындысы сондай-ақ, ағзадан пурин және несеп қышқылының шығарылуына ықпал етеді.

Көпшілік ұнататын ақжелек пайдалы заттектер мен қаныққан — эфир майларымен, гликозидтермен, дәрумендермен, флавоноидтармен бай. Мысалы, пинен, апиол және апигенин тамырларды тазартады, олардың жағдайын жақсартады, лимфалық дренажды күшейтеді.

Ақжелек аскорбин қышқылына (С дәрумені) бай, ол басқа белсенді заттектермен бірге шағын және ірі тамырлардың созылымдылығын қолдайды. Сонымен қатар, жапырағында болатын миристициннің күшті қабынуға қарсы және ауырсынуды басатын әсері бар.

Қытай гибискусі Азияда және оның шегінен алыста ширақтық беретін және жалпы нығайтатын құрал ретінде құнды саналады. Гибискустың биобелсенді заттектерінің құрамы алуан түрлі: бұл антоциандар, проантоцианидиндер, органикалық (алма, лимон, гибискус) және фенолкарбонды қышқылдар. Полифенолдар және протокатех қышқылы дерт қоздыратын микробтардың тамырлардың қабырғасында қалдыратын уытты тіршілік өнімдерін зиянсыз етеді. Гүлшелердің сығындысының үздік антиоксиданттық қасиеттері бар, тамыр тіндерінің жұқаруының және зақымдануының алдын алады.

ЛИПОСОМАЛЫҚ КУРКУМИН

Liposomal Curcumin

код: 2165 шығарылу түрі: 100 мл сұйықтық



«Липосомалық куркумин»:

- жүрек-қантамыр, сүйек-бұлшықет, ас қорыту жүйелерінің жұмысын жақсартады;
- иммунитетті нығайтады;
- ағзаның қартаюын бәсеңдетеді.

Құрамы

CureitСБ Ұзын куркума тамырының сығындысы (*Curcuma longa rhizoma extract*) липосомалық түрде 100 мг, қосымша компоненттер.

«Липосомалық куркумин» — айрықша тиімділігі бар куркуминнің жаңа биоқолжетімді формуласы.

Куркума — Үндістаннан келетін дәмдеуіш, ол ашық түсі үшін ғана емес, сонымен қатар көптеген пайдалы қасиеттері үшін де «Шығыс алтыны» деп аталып кеткен. Ежелгі үнділік денсаулық туралы ғылым — Аюрведада куркуминнің ағзаны тазарту, ас қорытуды жақсарту, жараларды, күйікті емдеу, жөтелмен күресу үшін қолданылғаны белгілі.

Заманауи ғылыми зерттеулер куркума мен оның негізгі белсенді құрамы — куркуминнің көптеген таңсық мүмкіндіктерін ашып, дәлелдеп берді. Куркума жүрек-тамыр, жүйке, тірек-қимыл жүйелеріндегі әртүрлі қабыну процестерінде иммунитетті нығайтатын, соның ішінде ісікке қарсы әсері бар зат ретінде қолданыла бастады. Куркуминнің өт қабы мен бауырдың жұмысын жақсартатыны, холестерин мен қандағы қант деңгейін реттейтіні белгілі. Куркуминнің жоғары антиоксиданттық белсенділігі жасушалардың қартаюу процесін бәсеңдетіп, бос радикалдардың жойқын әсерін әлсіретеді.

Куркуманы пайдаланудағы басты кедергі оның белсенді компоненттерінің нашар сіңімділігімен байланысты. Жаңа өнімде бұл мәселенің Aurea Biolabs компаниясының патенттелген PNS (Polar-Non-polar Sandwiching) озық технологиясымен шешімі табылған. 40 жылдан астам уақыт бойы бұл компания функционалды артықшылықтары бар нутрицевтиктерді әзірлеу саласында маманданған. Aurea Biolabs әдеттегі сығындыдан 10 есе жақсы сіңетін табиғи толыққанды куркума матрицасын — Cureit өнімін жасап шығарды.

Cureit — ұзын куркумадан алынған және оның басқа компоненттері арасында орналастырылған куркумин. Жасалған матрицада куркумин бір жағынан көмірсулардан, тағамдық талшықтардан, ақуыздардан, ал екінші жағынан эфир майларынан тұратын «полярлы — полярлы емес сэндвич» ортасында қорғауға алынған тәрізді. Бұл композиция липосомдық екі қабықпен қапталған, бұл белсенді куркуминнің құрылымдық бұзылусыз жасуша мембраналарына енуіне мүмкіндік береді.

Липосомалық және PNS (полярлы-полярлы емес қабаттар) жаңа технологияларын нәтижесінде өнімнің жоғары деңгейдегі биоқолжетімділігіне және куркуминнің жасушаларға енуіне қол жеткізіледі.

Липостик Фит

Lipostick Fit

код: 2169/216904 шығарылу түрі: 15 мл-ден 15 саше



«Липостик Фит»:

- майдан арылуды жеделдетеді,
- жаңа май жасушаларының пайда болуына кедергі келтіреді,
- ұйқыны жақсартады,
- тотығу күйзелісінен қорғайды.

Құрамы

Ферменттелген мандарин қабығы 5000 мг, нони жемісінің шырыны 300 мг, L-карнитин 50 мг, көк шай жапырағының сығындысы 26 мг, жасыл кофе дәндерінің сығындысы 5 мг, үлкен түйежапырақ тамырының ұнтағы 1 мг, қара бұрыш сығындысы 1 мг, қосымша ингредиенттер.

«Липостик Фит» — мінсіз дене мүсініне арналған өнім. Максималды биоқолжетімділік пен тиімділік үшін липосомдық технология арқылы өндіріледі.

Белсенді компоненттерінің әсері

Мандариннің ферменттелген қабығының сығындысынан жасалған флавоноидтердің патенттелген кешені (Citrus reticulata) — өнімнің негізгі компоненті. Ферменттеу процесінің арқасында қабықтағы

«суперфлавоноидтердің» (нобилетин, гесперидин) мөлшері едәуір артады.

Нобилетин май алмасуымен байланысты гендерге әсер ету арқылы бауырда майдың жиналуына жол бермейді: артық майды азайтуға қатысатын гендердің экспрессиясын күшейтеді және жаңа май жасушаларының пайда болуына қатысатын гендерді басады.

Гесперидин липидтер алмасуын және глюкозаның метаболизмін реттейді, сонымен қатар тәбетті басқаратын және асқа тою сезімін реттейтін холецистокинин гормонының бөлінуін белсенді етеді.

Флавоноидтер кешені ағзадағы циркадты ырғақтарды реттейді және ұйқының жақсаруына ықпал етеді, ал ұйқының қалыпты зат алмасу мен гормоналды тепе-теңдікті сақтау үшін қажет екені мәлім.

Көк кофе дәндерінің сығындысы — кофеин, хлороген қышқылы мен хромның көзі. Хлороген қышқылы майлы қышқылдарды тиімдірек өңдеуге және бауырдағы триглицерид деңгейін төмендетуге көмектеседі, нәтижесінде салмақ азаяды. Сонымен қатар, ол жаңа май жасушаларын қалыптастыру процесін баяулатады. Хлороген қышқылы кофеинмен бірлесе отырып, липолизді жылдамдатады және энергияның бөлінуіне себеп болады. Хром қандағы глюкозаның қалыпты деңгейін ұстап тұруға көмектеседі, жасушалық рецепторлардың инсулинге сезімталдығын арттырады. Хромның жетіспеушілігі тәттіге құштарлықты арттырады, бұл «тез» көмірсулардан тұратын артық калорияларды көп тұтынуға итермелейді.

Көк шай жапырақтарының сығындысы — антиоксиданттарға өте бай және оның майдан арылту қасиеті мәлім. Денені тотығу күйзелісінен қорғайды және метаболизмді жылдамдады, қандағы қант мөлшерін реттейді

L-карнитин — майдың ыдырауын күшейтедін және оларды митохондрияға — майдың тотығуы мен энергияның шығуы жүретін жасушалардың «энергетикалық станциясына» бағыттайтын аминқышқылды дәрумен текті зат. Майдың азаюына ықпал етеді және жасушаларда майдың жиналуына жол бермейді.

Нони шырынының құрамында күшті антиоксиданттар - бос радикалдарды бейтараптандыратын, триглицеридтер деңгейін төмендететін және тотығу күйзелісінің әсерін азайтатын супероксиддисмутаза ферменті (SOD) және полифенолдар бар.

Қара бұрыш сығындысы асқазан-ішек жолдарының қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады және жаңа май жасушаларының түзілуін бақылайды.

МАЙНДСЕТ

MindSet

код: 91819 шығарылу түрі: 90 капсула



«МайндСет»:

- атеросклероздың дамуын алдын алуға;
- ойлау қабілетін, есте сақтауды, назар аударуды жақсартуға;
- «ұйқы-сергектік» циклін реттеуге көмектеседі.

Құрамы

Ацетил L-карнитин 250 мг, шайқурай шөбінің сығындысы 75 мг, готу кола жапырағының сығындысы 50 мг, тирозин 50 мг, теанин 40 мг, рейша саңырауқұлағы жемісінің сығындысы 30 мг, рейша саңырауқұлағы жіпшумағының сығындысы 20 мг, липой қышқылы 20 мг, зімбір тамырының сығындысы 15 мг, гинкго билоба жапырағының сығындысы 12 мг, розмарин жапырағының сығындысы 5 мг, В6 дәрумені (пиридоксаль-5-фосфат) 2 мг, фолий қышқылы 50 мкг, В12 дәрумені (метилкобаламин) 3 мкг, қосымша компоненттер.

«МайндСет» қанмен қамтамасыз етуді және мидың қоректенуін, назар аударуды және есте сақтауды, ойлау қабілетін жақсартады, ағзаның энергетикалық әлеуетін, жұмысқа қабілетті, күйзеліске тұрақтылықты арттырады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Тирозин мен теанин — амин қышқылдары, олар адреналиннің түзілуіне және көңіл-күйді оңтайландыруға жауап береді, бүйрек үсті мен гипофиздің қызметін жақсартады. Күшті күйзелістен қорғанысты компонент - гамма аминді-майлы қышқылды өндірудің басты қатысушысы.

Есте сақтаудың қалыптасуында едәуір рөл атқарады, жүйке жүйесіне тыныштандыратын әрекет етеді.

В тобының (В6, В9, В12) дәрумендері күйзелістен кейінгі мінез-құлықты оңтайландырады, «ұйқы-сергектік» циклін қалпына келтіруге қатысады, мидың түрлі құрылымдарының бұзылыстарының алдын алуға ықпал етеді.

Рейша саңырауқұлағы орталық жүйке жүйесінің қызметіне көп жақты әсер етеді. Оның сауықтыруының құпиясы — «артық қозған» жүйке жүйесін тыныштандырады және ұйқы басын туындатпайды. Мұндай үйлестіру әрекетінің нәтижесі — ұйқы параметрлерімен қатар, сергектік кезінде белсенділікті жақсартуы.

Зімбір тамырының, гинкго билобаның, розмариннің сығындылары — табиғи антиоксиданттар, қан ағымы және әсіресе, жүйке жүйелеріне ширақтық береді. Нығайтуда, ми қан айналымын және оқу қабілетін жақсартуда, артериалдық қан қысымын төмендетуде тиімділігін көрсеткен.

Липой қышқылы — белсенді антиоксидант, митохондрияларды жойқын радикалдардан қорғайды. Бұл заттек коэнзимнің қызметін орындайды, ми жасушаларын энергетикалық қоректендіріп, олардың тотығуының алдын алады.

МАТЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰМЫРСҚА АҒАШЫНЫҢ ҚАБЫҒЫ

Pau D'Arco with Mate

код: 2125 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Мате қосылған құмырсқа ағашының қабығы»:

- иммунитеттің кешенді қорғанысын қамтамасыз етеді;
- вирустық, бактериалдық және зеңдік инфекцияларға қарсы тұруды күшейтеді;
- өмірлік ширақтықтың, жұмысқа қабілеттің, күйзеліске тұрақтылықтың артуына ықпал етеді.

Құрамы

«Құмырсқа ағашы» қабығының сығындысы 200 мг, зәйтүн жапырағының сығындысы 70 мг, мате жапырағының сығындысы 30 мг, қосымша компоненттер.

«Мате қосылған құмырсқа ағашының қабығы» — иммундық жүйенің жұмысын қолдайтын, ағзаның түрлі инфекцияларға қарсы тұруын, өмірлік ширақтық пен белсенділікті арттыратын өсімдік тектес компоненттердің үйлесімді кешені.

Белсенді компоненттердің әсері:

«Құмырсқа ағашы» — Орталық және Оңтүстік Американың нағыз қазынасы. Еуропалықтарға өсімдік Бразилия мен Аргентинадан белгілі пау д'арко атауымен белгілі. Байырғы заманнан оңтүстік америкалық кечуа, гуарани, тупи тайпалары инфекцияны, тері бөртпесі мен күйікті, асқазан-ішек жолдарының ауруларын, артритті, псориазды емдеу үшін пау д'арконы қолданған. Өсімдікті олар «тажу» — күш пен өмірлік төзімділікті беретін ғажайып ағаш» деп атаған. Пау д'арконың барлық бөліктерінің арасында ішкі қабығы — нафтохинондар лапахолдың, бета-лапахолдың және ксилониннің, сондай-ақ, флавоноидтардың, алкалоидтар мен сапониндердің көзі аса құнды. Бұл заттектер кешенді әрекет еткенде жоғары сауықтыру әсеріне қол жеткізіледі. Алдымен, пау д'арко лапахол мен бета-лапахолдың есебінен әлсіреген иммунитетті нығайтуға ықпал етеді. Бұл заттектер иммундық жасушалар макрофагтар мен Т-лимфоциттерді белсендіреді, оның үстіне, вирустардың белсенділігін тежейді, осылайша, ағзаның вирустық инфекцияларға қарсы тұруын арттырады. Ксилонинмен бірге грамоң және грамтеріс бактерияларды, Кандида тектес зеңдерді жояды. Сонымен қатар, пау д'арконың белсенді заттектер кешенінің антиоксиданттық қасиеттері бар, ағзаның мезгілінен бұрын қартаюының алдын алады.

Мате — сергектік пен күш беретін, латын америкалық әйгілі сусын. Оны тек Бразилия, Аргентина мен Парагвайда өсетін парагвай падубының кептірілген жапырағынан дайындайды, бұл осы елдердің ұлттық мақтанышы. Мате жапырағы — түрлі қоректік заттектер: кофеиннің, хлорофилдің, А, В тобы, С, Е дәрумендерінің, микроэлементтердің көзі. Матеин деп аталатын кофеиннің құндылығы ерекше. Бұл заттек орталық жүйке жүйесіне және психоэмоционалдық жағдайға оңтайлы әсер етеді және кофедегі кофеиннен едәуір жұмсақ әрекет етеді. Матеин «қуаныш пен рахаттану» гормондары — адреналин мен дофаминнің түзілісінде қатысады, осыған сай өсімдік шаршау мен ширьғуды басуға, ақыл-ой және денелік жұмыс қабілетін арттыруға, көңіл-күй мен ұйқыны жақсартуға көмектеседі, және қысымға әсер етпейтіндігі аса маңызды. Темірдің болуына сай мате қанды оттегімен қанықтыруға және тамырлық қан ағымын реттеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, матенің күкірт құрамдас заттектері лапахолдың бета-лапахолға айналуына ықпал етеді, осылайша, пау д'арконың сауықтыру әсерін күшейтеді.

Зәйтүн жапырақтарының құрамында флавоноидтар, С, А, D, Е дәрумендері, микроэлементтер бар, олар иммунитетті нығайтуға және жалпы сезінуді жақсартуға ықпал етеді. Жапырақтың ең құнды компоненті — олеуропеин гликозиді, ол бактериялық инфекцияларды туындататын стафилококктар мен стрептококктарды жоюға, сондай-ақ, ағзаның қорғаныс функцияларын күшейтеуге қабілетті.

МЕМО-ПРАЙМ

Memo-Prime

код: 2181 шығарылу түрі: 30 өсімдік капсуласы



«Мемо-Прайм» көмектеседі:

- есте сақтау қабілеті мен ойлау қабілетін жақсартуға;
- зейін қою қабілеті мен стресске төзімділікті арттыруға;
- эмоциялық шиеленісті, тітіркенуді азайтуға;
- күні бойы жоғары еңбек қабілеттілігін сақтауға.

Құрамы

Memophenol™ 300 мг, (Француз жүзімі мен канадалық жабайы көкжидек сығындысы), Жасыл шай жапырағы сығындысы 50 мг, B12 дәрумені (метилкобаламин) 3 мкг, B6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді) 2 мг, Фолий қышқылы (l-метилфолат extrafolate-s ретінде) 100 мкг.

Адам миында шамамен 100 миллиард жүйке жасушалары (нейрондар) бар. Нейроннан нейронға берілетін жүйке импульстері ағзадағы барлық өмірлік процестердің реттелуін және оның сыртқы ортамен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Стресс, ұйқының жеткіліксіздігі, шамадан тыс жүктеме, аурудың салдары, дененің қартаюуы мидағы өзгерістерге әкеледі: нейрогенез баяулайды (жаңа нейрондардың пайда болу процесі), нейронаралық байланыс бұзылады, соның салдарынан сигнал күшін өзгертеді және ақпарат беруде жаңылысулар орын алады. Нәтижесінде танымдық (когнитивтік) қабілеттер нашарлайды: жаңа ақпаратты игеру қиынға соғады, есте сақтау және зейінділік қабілеттері төмендей түседі.

«Мемо-Прайм» танымдық функцияларды, эмоциялық өріс пен жүйке жүйесінің жағдайын жақсартуға, белсенді ұзақ өмір сүруді ұзартуға арналған.

Белсенді компоненттердің әрекеті:

Полифенолдар, әсіресе флавоноидтар танымдық функцияға оң әсер ететіні белгілі. Жидектер мен жемістер полифенолдарға өте бай. Франция мен Канада ғалымдарының 4 жылдық зерттеулерінің нәтижесі полифенолға бай француз жүзімі мен жабайы көкжидектің сығындыларын біріктіретін **Memophenol™** кешенін әзірлеу болды. Бұл кешен үшін Шампань аймағынан Пино Нуар және Шардоне **француз жүзімінің** сұрыптары таңдалды, олардың құрамында катехиндер мен резвератрол көп, бұлар сұрыптарға ерекше антиоксиданттық белсенділік береді. **Жабайы көкжидек** (*Vaccinium angustifolium* A.) құрамында фенол қышқылдары, флавонолдар, антоцианиндер көп және есте сақтау қабілетінің бұзылуын түзетуге көмектеседі. Бұл жидекті «миға арналған жидек» деп атайтыны да сондықтан болар. **Memophenol** кешенінде сығындылар синергетикалық әсер бере отырып, оның тиімділігін арттырады.

Клиникалық зерттеулер көрсеткендей, Memophenol оқу қабілетін, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау, зейін қою қабілетін жақсартады.

Жасыл шай сығындысында көптеген полифенолдар бар, олардың ішіндегі ең маңыздылары — катехин, эпикакатехин, галлокатехин, эпигаллокатехин. Сығындының маңызды құрамдас бөлігі стресске төзімділікті арттыратын, ашушаңдық пен тітіркенуді азайтатын теанин амин қышқылы болып табылады.

B6, B9 және B12 дәрумендері жүйке импульстарын нейроннан нейронға беруге, серотонин мен холин синтезіне қатысады, мидың қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады. Көңіл-күй, ақыл-ой белсенділігі мен ұйқы көбінесе осы дәрумендерге байланысты.

МЕТАСТИК

Metastick

код: 2193/219304 шығарылу түрі: 20 мл-дан 15 стик-пакет



«Метастик»:

- ас қорытуды және тамақты сіңіруді жақсартуға,
- асқазан-ішек жолдарындағы жайсыздықты азайтуға,
- нәжісті ретке келтіруге,
- иммундық жүйені нығайтуға,
- аллергиялық көріністерді жеңілдетуге көмектеседі.

Құрамы

1 стик-пакет (20 мл) қамтиды: жұмақ бананының мәйегінен жасалған сығынды 10 г, апельсин қабығынан жасалған *Lactobacillus plantarum* метаболиттерінің су субстраты (TC1507) 2,5 г, кәріс кимчиінен жасалған *Lactobacillus plantarum* метаболиттерінің су субстраты (TC1378) 2,5 г, В6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді) 2 мг.

Ішектің микробиотасы, немесе микробиомы (micro – «кішкентай», bios – «өмір» дегеннен шыққан) — осы мүшені мекендейтін микроағзалардың жиынтығы. Бұл адам ағзасының барлық микробиоталарының ең ірі және көп санды микробиота. Пайдалы микроағзалар **метабиотиктерді өндіреді** — тамақ қорытуды және тамақты сіңіруді жақсартатын, патогендік микрофлораның өсуін тежейтін, ішек тосқауылының тұтастығын сақтайтын, сонымен қатар ішекті мекендейтін заттектер мен жасушаларды жүйелік бөлудің арқасында иммундық жүйеге және басқа органдарға оң әсер ететін биологиялық белсенді метаболиттер.

Асқазан-ішек жолының және жалпы ағзаның денсаулығын сақтау бойынша міндеттерді жылдамырақ және тиімді шешу үшін метабиотиктер негізіндегі препараттардың жаңа класы жасалды. Метабиотиктер бірқатар артықшылықтарға ие: тамақ қорыту жүйесінің және оның ферменттерінің, антибиотиктердің агрессивті ортасының әсер етуіне төзімді, ағзамға жақсы сіңеді. Асқазан-ішек жолдарына түсіп, метабиотиктер дереу әрекет ете бастайды.

Белсенді компоненттердің әсер етуі:

«Метастик» табиғи пребиотигі — банан мәйегінің сығындысымен және В6 дәруменімен күшейтілген *Lactobacillus plantarum* лактобактерияларының екі штаммының белсенді метаболиттерден жасалған кешен болып саналады.

Lactobacillus plantarum лактобактериялары — асқазан-ішек жолдарында көп мөлшерде бар және бірқатар компоненттерді: **органикалық қышқылдарды, бактериоциндерді (плантарициндерді), микробқа қарсы пептидтерді** өндіретін пайдалы микроағзалар. Бұл заттар ішек микрофлорасын нормада сақтайды, нәжісті қалпына келтіреді, ішектегі іш кебу мен жайсыздықты азайтады.

Lactobacillus plantarum метаболиттерінің әсер етуін **банан мәйегінің сығындысы** толықтырады. Оның құрамында жемісолигосахаридтер, еритін жасұнық, органикалық қышқылдар, минералдар (әсіресе, калий және магний), В тобының А, С, Е дәрумендері. Жемісолигосахаридтер және еритін жасұнық ішектің өзінің пайдалы бактериялары үшін қорек болып табылады және олардың белсенділігін арттыруға себептеседі, ішектің перистальтикасын нормалайды, липидтік және көмірсу алмасуды сақтайды.

Өнімнің құрамына **В6 дәрумені** қосылған. Бұл дәрумен ішекте жиі синтезделеді және ішінара тамақтан сіңеді, бірақ микробиота бұзылған кезде процестің екеуі де бұзылады, ал бұл осы дәруменнің жетіспеушілігіне әкеп соқтырады. В6 дәрумені бауырдың қалыпты жұмысы, В12 дәруменінің сіңуі үшін маңызды, ас қорыту ферменттерінің жұмысын реттейді, жүйке және жүрек-тамыр жүйелері үшін қажетті.

coralclub

Metastick

Dietary
Supplement

15-20 mL / 0.68 FL OZ STICK PACKS
200 mL / 7.0 FL OZ



MCM

MSM

код: 2152 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«MCM»:

- буын мен шеміршекті нығайтуға;
- бұлшықет тіндерін қалпына келтіруге ықпал етуге;
- тері, шаш және тырнақтың күйін жақсартуға;
- ағзаның антиоксиданттық қорғанысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Құрамы

Метилсульфонилметан 750 мг, С дәрумені 50 мг, биотин 50 мкг.

«MCM» — органикалық күкірт (MCM), С дәрумені және биотин негізіндегі синергиялық өнім. Бұл комбинация буындардың, шеміршектердің денсаулығын, терінің жастығы мен сұлулығын сақтау үшін өнімнің жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Белсенді компоненттерінің әрекеті:

MCM (метилсульфонилметан) — бұл органикалық шығу тегі бар биоқолжетімді күкірт. Біздің ағзамызда күкірттің көп мөлшері теріде, тырнақта, шашта, бұлшықетте және буындарда болады. Жас ұлғайған сайын күкірт мөлшері азаяды, сондықтан оны қосымша қабылдау қажеттілігі туындайды. MCM көптеген өмірлік маңызы бар функцияларды орындайды. Ол метионин, цистеин, цистин және таурин амин қышқылдарының, иммундық ақуыздардың, N (липой қышқылы), B1 және B7 дәрумендерінің, ферменттердің, инсулин гормонының және глутатион антиоксидант ақуызының құрамына кіреді.

MCM гликозаминогликандардың — дәнекер және шеміршек тіндерінің құрылымдық компоненттері құрамына кіреді, буын шеміршектері мен бұлшықеттердегі қабыну процестерін азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұлшықет тініне қоректік заттардың жеткізілуін қамтамасыз етеді, жүктемелерден кейін олардың қалпына келуін жеделдетеді. Күкірт сонымен қатар антиоксидант ретінде «жұмыс істеп», ағзадағы улы заттар мен бос радикалдарды бейтараптандырады.

Күкірт терінің, шаштың және тырнақтың саулығын қолдайтын коллаген мен кератин ақуыздарының құрамына кіреді. Ол тері жасушаларында май алмасуын қалыпқа келтіреді, тітіркенуді және қабынуды азайтады, шаш пен тырнақтың құрылымын нығайтады, олардың өсуін жылдамдатады.

Биотин немесе B7 дәрумені — B тобының суда еритін дәрумені, биотин тері мен шашқа емдік әсерінің арқасында сұлулық және жастық дәрумені деп жиі аталады. Неміс тілінде haut — «тері» және haar —

«шаш», осыдан оның тағы бір — N дәрумені деген атауы пайда болған. Биотин C және MCM дәруменімен өте жақсы әрекеттеседі, оның ішінде B7 дәрумені MCM-мен өте тығыз байланыста, өйткені бұл дәрумен күкірт көзі болып табылады. B7 кератин (терінің, шаштың және тырнақтың негізгі ақуызы) синтезіне қатысады, сондай-ақ шаштың табиғи түсін сақтайды. Сондай-ақ B7 терідегі, соның ішінде бас терісіндегі май алмасуына әсер ете отырып май бездерінің жұмысын жақсартады. Биотиннің әсерінен терінің жарылуы азаяды, безеулер мен қара дақтар жоғалады.

С дәрумені — ең үздік антиоксидант дәрумендердің бірі. С дәрумені жастық дәрумені деп аталатын және дәнекер тіннің — буындардың, шеміршектердің, бұлшықет пен терінің, шаштың, тырнақтың негізгі ақуызы болып саналатын коллагеннің түзілуіне қатысады.

Мырыш Метионин 25

Zinc Methionine 25 mg

код: 2305 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Мырыш метионин 25»:

- иммунитетті нығайтуға көмектеседі;
- терінің, шаштың және тырнақтың әсемдігі мен саулығын қолдайды;
- ерте қартаюды баялатады;
- когнитивті денсаулық пен көру мүшелерінің жұмысын қолдайды;
- ерлер мен әйелдердің репродуктивті функциясына ықпал етеді.

Құрамы

Мырыш (моно-L-метионин сульфат) 25 мг, қосалқы компоненттер.

«Мырыш Метионин 25» — адам денсаулығы үшін таптырмайтын минерал болып саналатын биожетімді мырыш көзі. Мырышқа тәуліктік күнделік миллиграмм түрінде өлшенеді, бірақ ол бүкіл ағзаның үйлесімді жұмысы үшін өте маңызды. Мырыштың жақсы көзі – жануарлардан алынатын өнімдер — ет, балық, теңіз өнімдері, жұмыртқа, сүт өнімдері. Ол өсімдік тағамдарында — жаңғақтарда, ірі бұршақтарда да кездеседі. Дегенмен, көптеген өсімдік көздерінде: мырышты байланыстыратын және оның ішекте сіңуіне жол бермейтін астық тұқымдастарда, бұршақ тұқымдастарда, жаңғақтарда, тамыр жемісте кездесетін арнайы қосылыстар болып саналатын фитаттар тағамнан мырыштың сіңуіне кедергі келтіреді. Сондықтан, дамыған елдерде де мырыштың жеңіл жетіспеушілігі жиі кездеседі.

«Мырыш Метионин 25» өнімінде ұсынылған метионин амин қышқылы мен мырыш минералының қосылысы мырышты фитаттардың теріс әсерінен қорғап, оның сіңуін жақсартады.

Белсенді компоненттердің әрекеті.

Ересек адамның ағзасында небәрі 1,5-3 г мырыш бар, бірақ бұл микроэлемент барлық мүшелер мен тіндерде кездеседі. Мырыштың ең көп мөлшері сүйектер мен бұлшықеттерде, қуықасты безінде, спермада, теріде, шашта, қан жасушаларында, көз торында болады.

Мырыш зат алмасудың барлық түрлеріне қатысады, оның ақуыз және көмірсулар алмасуында ерекше рөл атқарады. Атап айтқанда, ол collagen ақуызының синтезі үшін қажет және теріні қабатын қалпына келтіру, сүйектердің пайда болуы, шаш пен тырнақтың өсуі үшін маңызды. Мырыш гемоглобин ақуызының дұрыс синтезі мен құрылымында өте маңызды рөл атқарады, бұл болса гемоглобиннің негізгі қызметін тиімді орындауға — бүкіл ағзаға оттегін тасымалдауға мүмкіндік береді. Мырыш қандағы қант деңгейін реттейтін инсулин гормонын синтездеу, сақтау және ұйқы безі жасушаларынан босату процесіне қатысады.

Мырыш репродуктивті жүйенің саулығы үшін де қажет. Ол ерлер мен әйелдердің жыныстық гормондарының синтезінде рөл атқарады, ерлерде сперматогенез процесіне қатысады, әйелдерде фолликулалардың дамуына әсер етеді.

Мырыш иммундық жасушалардың бөліну, мамандану және арнайылану процестеріне қатысады, бұл болса иммундық реакцияны күшейтуге көмектеседі.

Мырыш A, D, C, B6 дәрумендерінің белсенді түрлерінің түзілуіне қатысады. Е дәрумені тотығудан қорғайды және оның қандағы қалыпты концентрациясын сақтауға көмектеседі. А дәруменімен бірге көзді ультракүлгін сәулесінен қорғауға көмектеседі, түнде көру сапасын қолдайды.

Мырыш тотығуға қарсы айқын белсенділікті көрсетеді, жасушаларды тотықтырғыштардың деструктивті әсерінен қорғайды, ағзаның жастығын ұзартады.

ОМЕГА 3 АПЕЛЬСИН

Omega 3 Oranges

код: 2113 шығарылу түрі: 30 шайнайтын капсула



«Омега 3 Апельсин»:

- жүрек пен қантамырларды қорғауға;
- баланың дамуын қамтамасыз етуге, зеректікті, есте сақтау мен назарды шоғырландыруды қолдауға;
- баланың мінез-құлқын реттеуге,
- тыныш және байсалдырақ болуына;
- бала ағзасына жалпы нығайту және сауықтыру әсерін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Құрамы

Балық майы 500 мг (оның ішінде, КҚМҚ Омега 3 150 мг, ЭПК 80 мг, ДГҚ 50 мг), табиғи апельсин хош иістендіргіші.

«Омега 3 Апельсин» — бала ағзасының қалыпты дамуына қажетті көп қанықпаған Омега-3 май қышқылдарының көзі. Әдеттегі балық майына қарағанда ыңғайлы пішіміне сай (шайналатын капсула) өнім балаларға ұнайды.

Белсенді компоненттердің әсері:

Омега-3 көп қанықпаған майлы қышқылдарына жатады, олар ағзада өздігінше өндірілмейді. КҚМҚ Омега-3 балалардың миы мен жүрек-қантамыр жүйесінің қалыпты дамуы, көрудің жақсаруы үшін қажет.

Омега-3 қышқылдары баланың ақыл-ой қабілетін, есте сақтау мен назарын шоғырландыруды, қимыл-көру үйлесімін анықтайды. КҚМҚ Омега-3 қабылдау балалардың әлеуметтік мінез-құлығына оң әсер ететіндігі анықталған (ашушаңдық пен бұзықтыққа бейімділікті азайтады).

Докозагексаен қышқылы (ДГК) — Омега-3 қышқылдарының ішіндегі ең пайдалысы, және ағзаның құрылымдық компоненті. ДГК барлық жасушалық мембраналардың құрылымы мен қызметін қолдауда қатысады. Оның мидағы қажетті мөлшері есте сақтауды және ақпаратты қабылдауды қабілетін жақсарту, басқа да танымдық және мінез-құлықтық қызметтер үшін маңызды. Сондай-ақ, ДГК көрудің жақсаруы үшін аса маңызды.

O!MEGA-3 TG

O!Mega-3 TG

код: 2194/2191 шығарылу түрі: 30/90 капсула



«O!Mega-3 TG»:

- жүрек-тамыр жүйесінің денсаулығын сақтауға;
- иммунитетті нығайтуға;
- жүйке жүйесінің және көру мүшелерінің жұмысын жақсартуға;
- белсенді ұзақ өмір сүруді ұзартуға көмектеседі.

Құрамы

Омега-3 КҚМҚ концентраты 650 мг, мұхит балықтарының (анчоустың, сардинаның, скумбрияның, тунецтің) балық майынан жасалған оның ішінде ЭПК (эйкозапентаен қышқылы) 360 мг, ДГК (докозагексаен қышқылы) 240 мг, E дәрумені (D-альфа-токоферол) 6,71 мг.

Ғалымдар теңіз балықтарының майын тұрақты түрде тұтыну жүректің және тамырлардың ауруларының қауіпін азайтатынын бұрыннан анықтады. Теңіз балықтары майының эссенциалдық (алмастырылмайтын) **омега-3 көп қанықпаған майлы қышқылдарының** бай көзі болып табылады, сондықтан оларды жеткілікті түрде тамақпен күнделікті тұтыну өте маңызды.

«O!Mega-3 TG» қалпына келтірілген триглицеридті нысандағы КҚМҚ омега-3 жоғары концентрациясына ие. Қалпына келтірілген триглицеридті нысан өзінің құрылымы бойынша табиғи құрылымға жақын, сол себепті ағзамен жеңіл әрі жылдам сіңіріледі. Осы өнімде омега-3 КҚМҚ көзі Тынық және Атлант мұхиттарында ауланған мұхит балықтарынан (анчоустан, сардинадан, скумбриядан, тунецтен) жасалған балық майы болып табылады. Уытты органикалық еріткіштерді және жоғары температураны қолданусыз шикізатты тазартудың инновациялық экологиялық процесі өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Суық суда мекендейтін теңіз балықтарының майы ЭПК мен ДГК құнды омега-3 қышқылдарының табиғи және іс жүзінде жалғыз көзі болып табылады. Адамның ағзасы бұл табиғи заттарды өздігінен синтездей алмайды, оларды тек қана тамақтан немесе биологиялық белсенді қоспалардан алуға болады. Омега-3 КҚМҚ бірқатар маңызды биологиялық функцияны орындайды, олардың арқасында жүрек-тамық, иммундық және жүйке жүйелерінің, көру мүшелерінің денсаулығы сақталады. Омега-3 КҚМҚ холестеринді қан ағысынан шығарып, онымен бәсекелеседі. Иммундық жасушалардың белсенділігін арттырады. ЭПК серотонин «қуаныш гормонының» деңгейін жоғарылатуға себептеседі. ДГК мидың функцияларына және көздің көргіштігіне жағымды әсер етеді, себебі дәл бас миының сұр затында және көздің торында ДГК-ның ең жоғары концентрациялары бар.

E дәрумені адам ағзасы үшін ең белсенді және табиғи D-альфа-токоферол нысанында жасушалық мембраналардың липидтерін қышқылданудан және бос радикалдармен зақымданудан қорғайды, жұмысқа қабілеттікті және ағзаның инфекциялық ауруларға қарсылық әрекетін арттырады.

ОпиСтоп

OpiStop

код: 91654 шығарылу түрі: 100 капсула



«ОпиСтоп»:

- описторхоз;
- лямблиоз;
- аскаридоз;
- энтеробиоз кезінде көмектеседі.

Құрамы

Итмұрын жемістерінің сығындысы 200 мг, көктерек қабығының сығындысы 100 мг, мия тамырының сығындысы, глицирризинсіз 100 мг, ұзын бұрыш сығындысы 100 мг, мыңжапырақ гүлшесінің сығындысы 50 мг, түймешетен гүлшесінің сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер.

«ОпиСтоп» — ішекқұрттарға қарсы құрал, ағзаны сібір немесе «мысық қосезулісінен» туындайтын описторхоздан арнайы қорғау үшін әзірленген. Бұл ауру соңғы жылдары үлкен және қауіпті әлеуметтік мәселе болуда, әсіресе, Ресей, Украина, Қазақстан, Оңтүстік —Шығыс Азия елдері үшін. Еуропада және Солтүстік Америкада әзірге сирек кездеседі, бірақ халықтың көшіп-қонуы, тауар алмасуы оның таралуына белсенді ықпал етеді.

Ресейде описторхозға шалдыққан екі миллионнан астам тіркелген, ал Батыс Сібірдің жеке аудандарында халықтың 95% астамы жұқпаланған. Әдетте, микст инвазиялар анықталады: описторхоз + лямблиоз + токсокароз. Жұқпалану тағамға тұқы тұқымдас балықтарды шикі, нашар қуырылған және әлсіз тұздалған нысанында тұтынудан болады. Сібір немесе «мысық қосезулісінен» (*Opisthorchis felineus*) адамның, мысық пен иттердің бау ырында, өт қабында, ұйқыбезінде паразиттік тіршілік етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Көктерек қабығының сығындысы — описторхоз кезінде жақсы нәтиже көрсеткен құрал. Оның белсенді компоненттері — фенолгликозидтер, салицин, популин, тремулоидин, тремулацин, саликортин, таниндер, органикалық қышқылдар (бензой, алма, аскорбин), эфир майлары. Сірқабық арқылы еніп, көктеректің әрекет ететін заттері ішекқұрттың құрылымын бұзады, оны жояды. Қабығы ауыз суында немесе жуылмаған көкөніс-жемісте, шөптесінде болатын басқа да паразиттермен, лямблиялармен күреседі.

Түймешетен — ашық сары түсті гүл, татымды айқын иісі бар өсімдік. Ішекқұртына қарсы әсерін танацетин және эфир заттері бор неол мен кетон туйон қамтамасыз етеді. Олар бірге ағзаларда паразиттік мекендейтін описторхылардың, дөңгелек және үшкір ішекқұрттардың әрекетін басады, олар туындатқан аллергиялық серпінді, ас қорыту және нәжіс бұзылыстарын азайтады.

Итмұрын сығындысы В1, В2, В3, В5, С, К, РР дәрумендерінің, каротиннің, флавоноидтар мен фенол қышқылдарының құнарлы көзі. Осындай құрамына сай ол өт айдайтын, несеп айдайтын, жалпы нығайтатын қасиеттерін көрсетеді.

Мыңжапырақ гүлшесінің сығындысы азуленнің, кариофилленнің, цинеолдың, туйолдың, борнеолдың, т.б. үлкен мөлшері бар эфир майымен ерекшеленеді. Асқазан-ішек жолдары сілемейіне өң бітуіне және қабынудың азаюына ықпал етеді, өт айдайтын, несеп айдайтын, ішті жүргізетін әрекет етеді.

Ұзын бұрыш заттек алмасуын және ас қорыту процесін оңтайландырады, асқазанішек жолдарының қимыл қызметін реттейді.

ОУШЕНМИН

Oceanmin

код: 225115/225130 шығарылу түрі: 1 грамнан 15 стик



«Оушенмин»:

- шаршағандық сезімін жоюға;
- физикалық шыдамдылықты және ақыл-ой жұмысына қабілеттікті арттыруға;
- эмоциялық теңгерімді қалыпқа келтіруге және стресске тұрақтылықты арттыруға;
- жүректің жұмысына жәрдемдесуге;
- сүйек тінін бекітуге көмектеседі.

Құрамы

Тұңғық теңіз суының сығындысы, құрамында кемінде 120 мг магний, кемінде 90 мг натрий, кемінде 35 мг калий, кемінде 0,9 мг кальций.

«Оушенмин» — бұл Тынық мұхитында 662 метр тереңдіктен алынатын теңіз суынан патенттелген технология бойынша өндірілетін тұңғық теңіз минералдарының концентраты. Тұңғық теңіз суы айрықша тазалықпен ерекшеленеді, өйткені күн сәулесінің әсер етуінен оқшауланған, тұрақты төмен температурасы бар (6-9 Цельсий градусы) және де онда бактериялық микрофлора жоқ. Бұл ретте ол әртүрлі концентрациялардағы минералдық заттардың бірегей құрамымен сипатталады.

«Оушенмин» құрамының басым минерал — магний, одан басқа өнімде тағы шамамен 70 теңіз минералы бар. Бай минералдық құрам және негізгі макроэлементтердің — магнийдің, калийдің, кальцийдің, натрийдің пропорциялары бүгінгі заманның негізгі проблемаларының бірі — әртүрлі себептермен (физикалық немесе ақыл-ой жүктемесімен, шалдыққан аурулармен, стресспен, магниттік толқулармен, нашар экологиямен немесе басқа да проблемалармен) тудырылған шаршағандықты жеңуге көмектеседі және де энергетиканы қалпына келтіруге, өмірдің қызығын сезінуге мүмкіндік береді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Магний

Құрамның негізгі компоненті магнийдің тапшылығының өзіне тән симптомы шаршағандық, сылбырлық, төмен жұмысқа қабілеттілік, ұйқысыздық, ашушаңдық болып саналады. Дәл магний адамның ағзасында жүйке тінінің қозғыштығы мен өткізгіштігін реттейді, бас миында нейропептидтердің көбісінің синтезіне қатысады (нейропептидтер мінез-құлық және бейімделгіш реакцияларды реттейді, циркад ырғақтарын басқарады, есте сақтау мен оқу тетіктерінде маңызды рөл атқарады. Магний бұлшықеттердің (оның ішінде жүректің), бұлшықеттерде қарқынды физикалық жүктеме немесе бастан өткен стресстен кейін туындайтын спазмды кетіреді.

Құрамның басқа да минералдары

Ағзаның минералдық құрамы әрқайсысы өзінің функциясын орындайтын түрлі макро- және микроэлементтер ретінде ұсынылған, ал жиынтықта олар барлық жүйелер мен мүшелердің өз функциясын орындайтын әртүрлі макро- және микроэлементтермен ұсынылған. «Оушенминнің» құрамында, магнийден, калийден, натрийден және кальцийден басқа, шамамен 70 түрлі теңіз минералдың ізді мөлшері бар, ал бұл ағзаға гомеостазды қамтамасыз ету үшін «бүгін және қазір» қажетті минералдарды таңдауға мүмкіндік береді.

«Оушенмин» алдымен суға ерітіледі, бұл ретте теңіз минералдық тұздар белсенді химиялық бөлшектердің — минералдар иондарының түзілуімен диссоциацияланады, ал бұл олардың жылдам сіңуін қамтамасыз етеді.

ПАРАФАЙТ

ParaFight

код: 2124 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«ПараФайт»:

- түрлі ішек құрты аурулары кезінде көмектеседі (лямблиоз, аскаридоз, энтеробиоз, трихоцефалез, анкилостомидоз, некатороз және т.б.);
- ағзаны уытсыздандыруға ықпал етеді.

Құрамы

Қара жаңғақ жапырағының сығындысы 150 мг, қалампыр гүлшоғырының сығындысы 45 мг, түймедағы гүлшесінің сығындысы 35 мг, шерменгүл тамырының сығындысы 35 мг, ұзын бұрыш жемісінің сығындысы 25 мг, мыңжапырақ шөбінің сығындысы 25 мг, алтей тамырының сығындысы 25 мг, сарымсақ ұнтағы 20 мг, жалбыз бұрышы жапырағының сығындысы 20 мг, жебіршөп жапырағының сығындысы 20 мг, сәлбен жапырағының сығындысы 20 мг, жұпаргүл жапырағының сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер.

«ПараФайт» — кең ауқымды әрекет ететін, паразиттерге қарсы құрал. Өнімнің негізінде ішекқұртына қарсы белгілі өсімдік тектес құралдар бар, олар ағзаға тиімді көмек көрсетеді және асқазан-ішек жолдарының қызметін оңтайландырады.

Қара жаңғақ жапырағының сығындысы — тұтқыр заттектердің, органикалық қышқылдардың, кумариндердің, гликозидтердің, флавоноидтардың, эфир майының, С, В1, Р дәрумендерінің, минералды тұздардың, юглонның құнарлы көзі. Юглон дерт қоздыратын бактерияларға, Candida тектес ашытқы зеңдерге қатысты белсенді, ішектің қызметін жақсартуға, осылайша, жұмсақ нәжістің қалыптасуына ықпал етеді. Флавоноидтар мен таниндер тегіс бұлшықетті босаңсытады, тітіркенуді және шырышты қабаттың қабынуын азайтады, оларға өң бітуін үдетеді

Ірі жапырақты шерменгүл тамырының сығындысы ішек құртына қарсы күшті құрал ретінде белгілі. Өсімдіктегі генциопикрин өкпені, бауырды, көзді зақымдайтын, гастрит пен күшті аллергияға апаратын аса қауіпті паразиттердің бірі Toxosaga canis тіршілігін ерте даму сатысында тежейді.

Ұзын бұрыш, сондай-ақ, индонезиялық ұзын бұрыш деп те аталады, — тропикалық өсімдік. Құрамында пиперин, биофлавоноидтар болуына сай антисептикалық әрекет етеді, әсіресе, Helfcobacter және Candida тектес зеңдерге қатысты.

Қарапайым жебіршөп — тимолдың көзі, экзотикалық ішекқұрттары — анкилостома және некаторға, сондай-ақ, үй жануарларының тоқ ішегінде паразиттік мекендейтін қылдырықбас ішекқұртына қатысты тиімді.

Сарымсақ, ағзаның қорғаныс күштерін арттырады, денсаулыққа байланысты түрлі мәселелерде көмектеседі, оның ішінде, паразиттік инфекцияларда көмектеседі.

Сәлбен, жұпаргүл жапырақтары өнімнің ішекқұртына қарсы компоненттерін қабынуға қарсы, түйілуді басатын, тұтқыр қасиеттерімен толықтырады. Бұл өсімдік тектес кешенде тұтқыр заттектер, катехиндер, флавоноидтар бар, олар іш кебуімен, асқазандағы ауырлық сезімімен күресуге көмектеседі, ішектегі шіру және ашып кету процестерін азайтады.

ПЕНТОКАН/ПЕНТОКАН К⁺

PentoKan/Pentokan K⁺

код: 2141/2183 шығарылу түрі: 20 көпіршітін таблетка



«ПентоКан»/«Пентокан К⁺»:

- энергияның жоғары деңгейін және жұмысқа қабілеттілікті сақтауға;
- жүктеме мен күйзелістен кейін тез қалпына келуге;
- жүректің саулығын сақтауға көмектеседі.

Құрамы

Калий (гидрокарбонат) 420 мг, С дәрумені (L-аскорбин қышқылы) 100 мг, рибоза 20 мг, қосымша компоненттер.

«ПентоКан»/«Пентокан К⁺» — калийдің, С дәруменінің, рибозаның — тиімді энергия алмасуын қолдау үшін қажетті үш компоненттің үйлесімді бірігуі. Ыңғайлы шығарылу түрі: жоғары биосіңімділігін қамтамасыз етеді, белсенді заттектерге тезірек және жақсы сіңуіне мүмкіндік береді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Калий — маңызы зор элемент. Олар барлық жасушааралық сұйықтықта болады және қышқыл-сілті теңгерімін реттеуге көмектеседі. Калий жүректің саулығы үшін қажет, миокардтың өткізгіштігін азайтады. Оның мөлшерінің қандағы азаюы аритмия даму қаупін арттырады. Осы минералдың деңгейіне ағзада жұмысқа қабілет пен қуаттылық тәуелді, ол төмен болғанда (дене немесе ақыл-ой белсенділігінің артуында, күйзелісте, үйлесімді тамақтанбауда) адам күшін жоғалтып, тез шаршайды.

С дәрумені — денсаулық үшін аса маңызды дәрумен, антиоксиданттық қасиеттері бар. Егер белсенді өмір сүретін болсаңыз, қарқынды жұмыс істесеңіз, күйзеліске жиі ұшырайтын болсаңыз немесе қолайсыз жағдайда тұратын болсаңыз, ол сізге аса қажет. С дәрумені бұлшықет пен тіндерді оттегімен қамтамасыз етуге көмектеседі, коллагеннің түзілісінде қатысады, ақуыздың жақсы сіңуіне ықпал етеді. Оның көмегімен ағза жүктемеден және күйзелістен кейін тез қалпына келеді. С дәрумені, сондай-ақ, ағзаны мезгілінен бұрын қартаюдан қорғауға ықпал етеді.

Рибоза ағзадағы барлық жасушалар энергияны сақтайтын және биохимиялық реакциялар үшін қолданатын АТФ (аденозинтрифосфат) молекуласының түзілуіне қажет. Рибоза спортшылар үшін аса маңызды: жаттығудан (немесе басқа күйзеліс жағдайынан кейін) АТФ мөлшері едәуір азаяды, ал рибозаны қосымша энергетикалық қорды қалпына келтіруге көмектеседі.

ПРЕМИУМ СПИРУЛИНА

Premium Spirulina

код: 2163 шығарылу түрі: 200 таблетка



Спирулина:

- зат алмасуды жақсартады;
- иммунитетті нығайтады;
- салмақты бақылауға көмектеседі.

Құрамы

Спирулина 500 мг.

Экологиялық жағдайда өсірілген балдырдан жасалған таблеткалар, қосымша заттар қосылмаған, 100% спирулина.

Спирулина бактериялар мен балдырлардың қасиеттерін біріктіреді. Барлық өсімдіктер сияқты, ол фотосинтезге қабілетті: күн сәулесінің әсерінен спирулинаның көк-жасыл пигменттері көмірқышқыл газы мен суды құрамындағы күрделі органикалық заттарға айналдырады. Осылайша, спирулина-фитонутриенттер, дәрумендер мен минералдар кешеніне бай қарапайым, экологиялық таза өнім. Сондықтан қазіргі әлемде спирулинаны «суперфуд» деп жиі атайтыны тектен тек емес.

Белсенді компоненттерінің әрекет:

Спирулинаның құрамында барлық маңызды аминқышқылдарды бойына жинаған толыққанды өсімдік ақуызы бар. Бір қызығы, спирулинада сиыр етіне қарағанда оңай сіңетін ақуыз 12 есе көп, бұл оны вегетариандар мен вегандар үшін таптырмайтын өнім етеді. Сонымен қатар, өсімдік ақуызы жануарлардан алынған өнімге қарағанда ағзаға оңай және тез сіңеді. Спирулинадағы май мөлшері тек 2-4% ғана, оның негізгі бөлігін омега — 6 полиқанықпаған майлы қышқылдары құрайды. Олардың ішінде физикалық және зияткерлік денсаулық үшін өте маңызды гамма-линол және гамма-линолен қышқылдары бар. Олар ағзаны ерте қартаюдан, күйзелістен, жасқа байланысты өзгерістерден, әртүрлі аллергиялық реакциялар мен қабыну процестерінен қорғайды.

Сондай-ақ, спирулина А, Е, F және В тобының дәрумендеріне бай. Оның құрамынан көптеген макроэлементтерді (кальций, калий, магний) және микроэлементтерді (марганец, темір, мырыш) табуға болады. Оның құрамындағы каротиноидтар, селен және германий сияқты антиоксиданттардың жоғары мөлшері де ерекше назар аударарлық. Спирулинаны метаболизм мен детоксикацияны жақсартады, салмақты бақылауға, холестерин деңгейін реттеуге көмектеседі. Спирулинаның құрамында барлық маңызды аминқышқылдарды бойына жинаған толыққанды өсімдік ақуызы бар.

ПРЕНАТАЛ +

Prenatal +

код: 2140 шығарылу түрі: 30 капсула



«Пренатал +»:

- ана денсаулығын қолдауға және ұрықтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге;
- жүктілік және босану кезінде мүмкін асқынулардың қаупін азайтуға;
- балада туа біткен ақаулардың даму мүмкіндігін азайтуға;
- бала өмірінің алғашқы жылдарында денсаулығына көмектеседі.

Құрамы

ДГҚ 200 мг (балық майынан), биотин 50 мкг, В5 дәрумені (кальций-пантотенат) 6 мг, D3 дәрумені (холекальци-ферол) 5 мкг, В12 дәрумені (цианокобаламин) 3,5 мкг, фолий қышқылы 400 мкг, ниацин 15 мг, йод 150 мкг, В6 дәрумені 1,9 мг, В2 дәрумені 1,5 мг, селен 30 мкг, В1 дәрумені 1,2 мг, Е дәрумені 13 мг, мырыш 2,25 мг.

«Пренатал +» өнімі жүктілік және бала емізу кезеңінде әйелдің денсаулығын қолдау үшін арнайы әзірленген. Оның құрамында барлық қажетті дәрумендер мен минералдар, сондай-ақ, сәбидің дұрыс дамуы үшін маңызды докозагексаен қышқылы (ДГҚ) бар, осының барлығы – бір капсулада бар. Өнім жүктіліктің бүкіл кезеңі бойы және одан кейін ана мен балаға қажетті қоректік заттарды алуға көмектеседі. Жүктілік кезінде дәрумендердің тапшылығы ана мен баланың денсаулығына зиян келтіретіндігі, перинаталдық дерттердің даму қаупін арттыратындығы, мезгілінен бұрын босанудың, балалардың физикалық және ақыл-ойының дамуындағы бұзылыстардың бір себебі болатындығы дәлелденген.

Белсенді компоненттердің әсері:

Омега 3 КҚМҚ (ДГҚ). Пренаталдың құрамына Омега-3 түрлерінің ең құндысы – докозагексаен қышқылы (ДГҚ) кіреді. Бұл болашақ ана мен сәбиінің денсаулығын қамтамасыз ететін өзекті компоненттердің бірі, ол плацента арқылы ұрыққа өтеді, ұрықтың миының, жүйке жүйесі мен көзінің дамуына көмектеседі. ДГҚ тамырлар мен қылтамырлардың қабырғасын нығайтуға, жүректің жұмысын реттеуге, «нашар» холестериннің деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Жүкті әйелдің ағзасындағы ДГҚ жеткілікті деңгейі мезгілінен бұрын босану қаупін азайтады.

D дәрумені. Бұл дәрумен әсіресе, жүктілік кезінде қажет, себебі, ол кальцийдің жоғары мөлшерде сіңуі үшін қажет. Оның тапшылығы рахитке апаруы мүмкін, оның көрінісінің бірі – қаңқаның дұрыс қалыптаспауы.

B тобының дәрумендері жүйке жүйесінің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді және ұрықтың қалыптасуында алмасу процестерінде белсенді қатысады. В9 және В12 дәрумендерінің тапшылығы ұрықтың жүйке түтігінің қалыптасуындағы бұзылыстарға, құрсақ ішіндегі дамудың кешеуілдеуіне, мезгілінен бұрын босану қаупіне апаруы мүмкін.

E дәрумені және ниацин баланың қалыпты дамуы және плацентаның қызмет етуі үшін қажет. Құрсақтағы нәрестені қалыпты көтеріп жүруге көмектеседі, ерте мезгілде түсік пайда болуы қаупінің алдын алады. Олар ұрықтың қалыпты дамуы үшін қажет (атап айтқанда, сәбидің тыныс алу жүйесінің қалыптасуында қатысады). Е дәрумені аналық бездің қызметін жақсартады, қалыпты гормоналды күйді қолдайды және түсіктің пайда болуының алдын алады.

Селен мен мырыш. Селен мен мырыштың жүкті әйелдің ағзасында айқын жеткіліксіз болуында сәбидің туа біткен ақауларымен (бұлшықет әлсіздігі, омыртқа бағанының жетілмеуі, жүректің ақаулары, тыныс алу жүйесінің аурулары, жүйке бұзылыстары) туылуының қаупі бар. Осы минералдардың тапшылығы кеш токсикоз, ісіну, анемия мен мезгілінен бұрын босануды туындатуы ықтимал.

Йод қалқанша бездің қалыпты қызмет етуі үшін маңызды. осы элементті жүктілік кезінде жеткіліксіз тұтыну зобтың қалыптасуына және әрі қарай анада қалқанша без қызметінің өзгеруіне және балада тиреоидтық бұзылыстардың дамуына апаруы мүмкін, сондықтан, жүктілік кезінде қалқанша безді тексеру және йодтың жетіспеуін толықтыру қажет.

ПРОМАРИН КОЛЛАГЕН ПЕПТИДТЕРІ

Promarine Collagen Peptides

код: 2260/226003 шығарылу түрі: 50 мл-ден 10 құты



«Промарин Коллаген Пептидтері»:

- терінің жас ұлғаюына байланысты өзгерістерін (серпімділіктің азаюын, құрғақтықты, жұқаруды, біркелкі емес реңкті) баяулатуға;
- шаш пен тырнақтың күйін жақсартуға;
- целлюлит көріністерін азайтуға көмектеседі.

Құрамы

гидролизденген балық коллагені 10 000 мг, алма шырынының концентраты 700 мг, аскорбин қышқылы 100 мг, көкжидек шырынының концентраты 10 мг, В6 дәрумені 1,4 мг, шпинат 1 мг, биотин 50 мкг, қосымша компоненттер. Құрамында тәттілендіргіштер - эритритол мен стевииолгликозидтер бар.

«Промарин Коллаген Пептидтері» — бұл нәлім, сайда, пикша сияқты терең сулы теңіз балықтарының 1 және 3 типті коллаген пептидтерінің концентрацияланған көзі — терінің жастығы мен сұлулығын сақтау, шаш пен тырнақты сауықтыру үшін арналған өнім. Коллаген пептидтерінің молекулярлық салмағы төмен, сондықтан ағзаға оңай сіңеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Коллаген пептидтері (төмен молекулярлық коллаген) — бұл адам ағзасының негізгі ақуыздарының бірі кератин мен коллаген негізін құрайтын амин қышқылдарының қысқа тізбегі. Коллаген көптеген органдар мен тіндерде болады, ал терінің 2/3 бөлігі коллагеннен тұрады, бұл оның серпімділігін, тегістігін және тығыздығын қамтамасыз етеді. 25 жастан кейін коллаген түзілісі төмендей бастайды және 60 жасқа қарай ағзадағы оның мөлшері бастапқы деңгейінің жартысына да жетпеуі мүмкін. Жас ұлғайған сайын коллаген талшықтары қалыңдайды, олардың мөлшері мен серпімділігі төмендейді, бұл терінің салбырауына және жұқаруына, статикалық әжімдердің пайда болуына әкеледі.

Қазіргі уақытта коллагеннің 28 түрі анықталды. Тері коллагенінің 90%-дан астамы 1 және 3 типтерді құрайды, сондықтан жасқа байланысты өзгерістердің алдын алу үшін олардың орнын толтырудың маңызы өте зор.

С дәрумені ағзаның өз коллагенін, эластин мен гиалурон қышқылын фибробласттардың өндіруін күшейтеді.

Биотин немесе «сұлулық дәрумені» — бұл шаш пен тырнақтың негізгі құрылымдық ақуызы - кератин синтезі үшін қажет күкірт көзі. Биотин, сонымен қатар, май бездерінің жұмысын реттейді, терінің қабыршақталуын азайтады, тері тесігінің бітелуіне жол бермейді.

В6 дәрумені амин қышқылдарының синтезі үшін қажет және тері мен шырышты қабықтардағы зат алмасу процестерін күшейтеді.

Көкжидек және шпинат. Олардың құрамына кіретін антоциандар, флавоноидтар, А, С, РР дәрумендері қан тамырларының қабырғаларын нығайтады және коллаген талшықтарын бұзылудан қорғайды.

ПРОМАРИН КОЛЛАГЕН ТРИПЕПТИДТЕРІ

Promarine Collagen Tripeptides

код: 2270/227003 шығарылу түрі: 50 мл-ден 10 құты



«Промарин Коллаген Трипептидтері» келесі жағдайда көмектеседі:

- жасқа байланысты терінің өзгеру белгілерін азайтуға (икемділіктің төмендеуі, құрғақтық, жұқару, біркелкі емес өң);
- тері өңін тегістеуге және пигментацияны азайтуға;
- шаш пен тырнақтың күйін жақсартуға;
- целлюлиттің көрінетін белгілерін азайтуға.

Құрамы

MAXICOLLAGEN балық коллагені гидролизаты 15 000 мг, оның ішінде трипептидтер 3 500 мг, гибискус (*Hibiscus sabdariffa*) гүлдерінің сығындысы 1 500 мг, ақ қарақат (*Ribes rubrum*) жидектері сығындысы 700 мг, С дәрумені (L-аскорбин қышқылы) 100 мг, гиалурон қышқылы 72 мг, В6 дәрумені 1,8 мг, В2 дәрумені 1,7 мг, асжапырақ жапырақтары 1 мг, биотин 50 мкг көмекші компоненттер.

Өмірдің жеделдетілген ырғағы тері күтіміндегі жылдам және тиімді тәсілдемелерге сұраныс тудырады. «Промарин коллаген Трипептидтері» — коллагені бар өнімдерді қолданудан қажетті нәтижеге тезірек қол жеткізгісі келетіндер үшін ең қолайлы шешім.

Белсенді компоненттердің әсері:

Трипептидтер мөлшері жоғары MAXICOLLAGEN сұйық төмен молекулалы коллагені. Трипептидтер — үш амин қышқылынан (көбінесе глицин, пролин және гидроксипролин) тұратын және молекулалық салмағы төмен коллагеннің ең кіші құрылымдық бірліктерінің бірі. Бірнеше трипептидтердің қосылысы полипептид (пептид) түзеді. Көптеген пептидтерге қарағанда, трипептидтер массасы мен мөлшерінің аздығына байланысты ішекте алды ала бөлінбестен сіңіп, қанға оңай еніп, қажетті мүшелер мен тіндерге тез жетеді. Осының арқасында, әжімдерді тегістеу және теріні көтеру әсері тезірек пайда болады.

MAXICOLLAGEN шағын молекулалы коллагені эндо- және экзопептидазаларды қолдану арқылы ферментативті гидролиз технологиясы арқылы алынады. Бұл технология жергілікті коллагенді трипептидтер мен пептидтерге бақыланатын түрде бөлуге мүмкіндік береді.

Гибискус сығындысы терінің трансепидермальды ылғалдың жоғалуын баяулатады және гиалурон қышқылының синтезін ынталандырады. Терінің серпімділігі мен қаттылығын қолдайды, мимикалық әжімдерді тегістейді.

Ақ қарақат сығындысы қартайған теріге ерекше мән береді, өйткені ол кара меланин пигментінің синтезін бәсеңдетуге және пигментацияны азайтуға қабілетті. Тері өңін тегістеуге көмектеседі.

Гиалурон қышқылы терідегі ылғалды ұстап, ылғалданудың оңтайлы деңгейін қамтамасыз етеді. **С дәрумені мен асжапырақпен** бірге коллаген синтезін ынталандырады және тотығу стрессінен қорғайды. Терінің тегіс және жарқын көрінуіне көмектеседі.

В2, В6 және В7 дәрумендері (биотин) терінің, шаштың және тырнақтың саулығын сақтай отырып, жасушалардың қалпына келуіне және тіндердің жаңаруына қатысады.

ПРОТИВИТИ УЛЬТРА

Protivity Ultra

код: 2178 шығарылу түрі: 150 таблетка



«Противити Ультра»:

- теңгерімсіз тамақтану кезінде;
- әртүрлі диеталар кезінде;
- сүт ақуызына төзбеушілік кезінде;
- ас қорыту процестері бұзылған кезде;
- жоғары физикалық және зияткерлік жүктеме кезінде;
- жарақаттан, операциядан кейін регенерацияны жеделдету үшін;
- әлсіз иммунитет және көп күш жоғалтқан кезде ұсынылады.

Құрамы

L-лейцин 250 мг, L-изолейцин 125 мг, L-валин 125 мг, L-лизин 120 мг, L-аргинин 100 мг, L-фенилаланин 100 мг, L-глутамин 100 мг, цитруллин 80 мг, L-треонин 60 мг, L-гистидин 40 мг, L-цистеин 20 мг, қосымша компоненттер.

Противити Ультра — бұл күнделікті рационды толықтыруға және байытуға арналған 11 алмастырылатын және алмастырылмайтын аминқышқылдарының кешені. Рациондағы ақуыз жетіспеушілігін толтырады, зат алмасуды оңтайландырады, бұлшықеттерді, буындар мен байламдарды қалпына келтіруге, бұлшықет массасын жетілдіруге, иммундық жүйені нығайтуға, ағзаның төзімділігін арттыруға көмектеседі. Құрамында ГТӨ, соя, глютен жоқ.

Белсенді компоненттерінің әсері.

Дұрыс және теңгерімді тамақтану — бұл адамның өсуін, қалыпты дамуын және өмірлік белсенділігін қамтамасыз ететін, оның денсаулығын нығайтуға және аурулардың алдын алуға ықпал ететін, жалпы өмір сапасын жақсартатын тамақтану.

Ақуыздар — бұл барлық жасушалық құрылымдардың негізін құрайтын аминқышқылдарынан тұратын күрделі органикалық заттар, ол біздің бұлшықеттерімізде, ішкі мүшелерімізде, терімізде, шашымызда, тырнақтарымызда және басқа тіндерде болады. Сонымен қатар, олар зат алмасуды реттейді, иммунитетті қалыптастыруға көмектеседі, химиялық реакцияларды жеделдетеді және бағыттайды және тіндердің қалпына келуіне жауап береді. Бұл ретте, көмірсулар мен майлардан айырмашылығы, ақуыздар ағзада жиналмайды.

Бүгінгі таңда адамдардың көпшілігі ақуыз мөлшері аз тағамдарды жейді. Бұл созылмалы аурулар мен асқынулар қаупін арттыра отырып, өмір сүру сапасын едәуір нашарлатады.

Тағамнан алынатын ақуыз қорытылу үшін ұзақ жолдан өтуі керек және ас қорыту процесінде жеке аминқышқылдарына айналуы керек. Бұл уақыт пен энергияны қажет етеді. Аминқышқылдарын қорытуды едәуір жылдамдатады және үлкен энергия шығынын қажет етпейді. Осылайша, ақуыздардың өздері емес, аминқышқылдары ең құнды қоректік заттар болып саналады.

Противити Ультра кешені бұл:

— алмастырылмайтын (валин, лейцин, изолейцин, лизин, треонин, фенилаланин), алмастырылатын (аргинин, гистидин, глутамин, цитруллин) және шартты түрде алмастырылмайтын (цистеин) аминқышқылдарының теңдестірілген құрамы;

— барынша аз калория — әр таблеткада небәрі 7 ккал, 0,02 г көмірсу және 1 г ақуыз;

— заманауи биотехнологиялық әдістермен (ферментация, гидролиз) алынған қолжетімділік пен тиімділік дәрежесі жоғары оңай сіңірілетін аминқышқылдары.

ПЬЮР-СИ 500 МГ

Pure-C 500 mg

код: 2185 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«С дәрумені»:

- иммунитетті нығайтады;
- тотығу күйзелісінен қорғау;
- коллаген синтезіне ықпал етеді және терінің, қан тамырларының, сүйектердің, тістердің, буындардың, қызыл иектің саулығын қолдайды;
- жүйке жүйесін реттеуге қатысады;
- төзімділікті арттырады, шаршауды азайтады.

Құрамы

PUREWAY-C™: С дәрумені (L-аскорбин қышқылы) 500 мг/250 мг жеміс сығындыларынан алынған цитрус биофлавоноидтары (Citrus sinensis, Citrus limon, Citrus aurantifolia, Citrus reticulata, Citrus tangerina) және күріш майынан (Oryza sativa L) алынған май қышқылдары, көмекші компоненттер.

С дәрумені – ағза үшін маңызды антиоксидант. Эволюция процесінде адам С дәруменін синтездеу қабілетін жоғалтты, сондықтан оны тек сыртқы көздерден алуға болады: тамақ өнімдерінен және емдәмдік қоспалардан. С дәрумені ағзада жиналмайтындықтан, оның қорларын үнемі толтырып отыру керек. С дәруменінің негізгі көздері – жаңа піскен көкөністер мен жемістер, бірақ дұрыс сақталмаған немесе термиялық өңдеуден дұрыс өтпеген кезде оның мөлшері он есе азаяды.

С дәрумені – мүшелер мен тіндердің жасушаларын бос радикалдардың зақымдануынан қорғайтын және ағзаның қорғаныс функцияларын белсендіретін, жаралар мен тыртықтардың жазылуын тездететін антиоксидант.

С дәрумені коллаген мен эластиннің, эндогендік гиалурон қышқылының, стероидты гормондардың синтезіне, фолий қышқылының, D дәруменінің және көптеген ферменттердің белсенді түрлерінің түзілуіне қатысады. Ақуыз және көмірсулар алмасуы оған байланысты, кальций, темір, мырыш, холестерин синтезі мен алмасуы жақсарады. Ағзадан улы заттардың: қорғасын, мыс, сынап, ванадийдің шығарылуын тездетеді. С дәрумені қан тамырларын нығайтады, ағзаның төзімділігін арттырады.

С дәруменінің биожетімділігін жақсарту және тұрақтылығын арттыру үшін **PUREWAY-C™ патенттелген нысанының** құрамына өсімдік май қышқылдары мен цитрус биофлавоноидтары кіреді. PUREWAY-C™ құрамындағы С дәрумені ағзада С дәруменінің әдеттегі түрлеріне қарағанда 233%-ға ұзағырақ сақталатыны және асқазан-ішек жолы жақсы сіңіретіні клиникалық дәлелденген.

САРЫМСАҚ СЫҒЫНДЫСЫ

Garlic Extract

код: 2151 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Сарымсақ сығындысы»:

- иммунитетті нығайтуға;
- суық тиюдің алдын алуға;
- холестерин деңгейін қалпына келтіруге;
- асқазан-ішек жолдарында дискомфортты жоюға;
- ағзаның антиоксиданттық қорғанысына;
- ағзадан паразиттерді кетіруге көмектеседі.

Құрамы

Сарымсақ сығындысы 200 мг, қосымша компоненттер.

Сарымсақ — тағамға қолданылатын құнды өсімдік, өсімдік қатарынан тағам мен дәрінің көзі бола алатындығы оның қасиеттерін ашады. Оның емдік қасиеттерін біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда Диоскорид сипаттаған болатын. Сарымсақтың басты қасиеті — эфир майларының үлкен мөлшерінде, осыған сай оның бактерияға қарсы күшті қасиеттері бар.

Сарымсақ ежелден асқазан-ішек ауруларының, гипертонияның, атеросклероздың, тұмаудың, асқазан мен ішектің ширақтығын жоғалтуының, іштің бұзылуының, іштің кебуінің алдын алу, ішектегі шіру және ашып кету процестерін басу үшін, бронх-өкпе ауруларында қолданылады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Баданасы мен жапырағында аллиин гликозиді, көмірсулар, фитостериндер, эфир майлары және басқа майлар, инулин, В, С, D, PP дәрумендері, органикалық қышқылдар, минералдар: селен, калий, кальций, магний, мыс, темір, марганец және мырыш, сондай-ақ, кобальт, хром, молибден, бром, литий бар. Сарымсақ — суық тию ауруларының алдын алуға аса белгілі құралдардың бірі. Ол адамның иммундық жүйесін ынталандырады, антиденелердің түзілуін, бөгде бөліктерді жоюын арттырады. Сарымсақтың фитонцидтері оның ауру қоздыратын бактерияларды басатын әрекетін күшейтеді.

Аллицин гликозиді — сарымсақтың ерекше заттегі, оның телімді иісінің көзі. Сарымсақтың ұшқыр бөліктері — аллиин мен аллициннің есебінен бұл өсімдік күшті микробқа қарсы, зеңдерге және ішекқұртына қарсы әрекет етеді. Аталған гликозидтер микробтардың түрлерін, бактерияларды, зеңдер мен паразиттерді жояды, ішектегі шіру және ашып кету процестерінің алдын алады, ағзаның табиғи флорасын бұзбайды, өт бөлінуін күшейтеді. *Helicobacter pylori* көбеюін басуға қабілетті, сондықтан, сарымсақты асқазанның және ұлтабардың ойықжаралы ауруында қолданады. Ол колитте, гастритте, ішекқұрт инвазиясында, ішектің ширақтығын жоғалтуда пайдалы.

Сарымсақ қандағы холестерин деңгейін реттейді, оны 9%-ға азайтып, жоғары тығыздықты липопротеиндердің мөлшерін арттырады. Ол тромбоциттердің жабысуына кедергі болады, тамыр ширақтығын реттейді, артериалдық қысымды азайтады. Бұл — атеросклероздың, гипертонияның, стенокардияның алдын алудың үздік құралы.

Сондай-ақ, сарымсақ ағзаны бос радикалдардан қорғайды. Оның құрамында селеннің жеткілікті мөлшері бар, селен бос радикалдарды байланыстырып, жасушалардың тотығуын азайтады, жасушалық мембраналардың өтімділігін реттейді, радионуклидтердің және ауыр металдардың уытты әрекетін бейтараптандырады, сондықтан, иондайтын сәулемен жұмыс істейтін немесе экологиялық қолайсыз жерде тұратын адамдарға ұсынылады.

САФРИНО

Safrino

код: 2184 шығарылу түрі: 30 өсімдік капсуласы



«Сафрино»:

- өткір және созылмалы стресс жағдайларда, оның ішінде етеккір алды синдромы және етеккір үзілісі кезінде эмоционалды тепе-теңдікті қалпына келтіруге;
- көңіл-күй мен ұйқыны жақсартуға;
- стресс жағдайында қалыпты жүрек соғу жылдамдығын сақтай отырып, стресстің жүрекке физикалық әсерін азайтуға көмектеседі.

Құрамы

Инозит (ЖАО-инозит ретінде) 350 мг, Запырангүл аналығының сығындысы Safr'Inside™ 30 мг, Мырыш (мырыш оксиді ретінде) 2,3 мг

Сафрино патенттелген иран запырангүлінің сығындысы мен мио-инозитолдың құнды қасиеттерін біріктіреді. Өнім өткір және созылмалы стресстен эмоционалды тепе-теңдікті қалпына келтіруге, ұйқы мен көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әрекеті

Запырангүл ежелден бері адамдарға психикалық және жан күйзелісінің көріністерін жеңуге көмектескен. Запырангүлді өсіру б.з. д. 2000-1500 жылдардан бері жүргізіледі. Ол дүниедегі ең қымбат дәмдеуіш болып саналады және және осы күнге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ. Запырангүлдің денсаулық үшін жоғары құндылығы оның аналығының физикалық және ментальдік денсаулыққа оң әсер ету қабілетіне байланысты.

Safr'Inside™- жалғыз капсулаланған запырангүл аналығының сығындысы.

Сығындыны өндіруші ACTIV'INSIDE француз компаниясы Sargol сұрыпты жоғары сапалы ирандық запырангүлді пайдаланады. Патенттелген жұмсақ экстракция үдерісі запырангүлдің белсенді заттарының сақталуына қол жеткізуге мүмкіндік береді және ең жоғары сафранал құрамын (2%) қамтамасыз етеді, бұл капсулаланбаған запырангүл сығындыларына қарағанда 10 есе көп. Запырангүл аналығының сығындысы серотониннің ыдырауын 50%-ға баяулата отырып, ал кортизол гормонының секрециясын 44% төмендетеді, оның деңгейі адам басынан өткен стресстің маркері ретінде қызметін атқарады.

Мио-инозитол.

Бұл инозитолдың тоғыз изомерінің бірі, ол жоғары биологиялық белсенділікпен сипатталады, жақсы сіңеді және сәйкесінше тезірек әрекет етеді. Инозитолдың ең жоғары концентрациясы мида анықталады, өйткені ол жүйке импульстерінің берілуінде маңызды рөл атқарады, дофамин мен серотонин синтезіне қатыса отырып, стресске төзімділікті арттырады.

СЕЛЕН

Selenium

код: 2111 шығарылу түрі: 100 өсімдік капсуласы



«Селен»:

- жүрек-қантамыр, иммундық және басқа жүйелердің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге;
- қартаюу процесінің бәсеңдеуіне ықпал етуге;
- терінің күйін жақсартуға көмектеседі.

Құрамы

Селен (L-селенометионин) 75 мкг, С дәрумені 75 мг, қосымша компоненттер.

Өнімде үздік антиоксиданттар — селен минералы мен С дәруменінің қосарланған әрекет ететін кешені бар, олар мезгілінен бұрын қартаюдан қорғайды, өмірлік маңызды жүйелердің, оның ішінде, иммундық және жүрек-қантамыр жүйелерінің жұмысын қолдайды, ағзаны уытсыздандыру процесін қатысады, терінің жағдайын жақсартады.

Белсенді компоненттердің әсері:

Селен (гректің selene - «ай») — денсаулық үшін маңызды микроэлементтердің бірі. Алынатын тағамдық құнарлы көздерінің арасында бауыр, ет, құс еті, албырт, орман жаңғағы, сарымсақ, дақылдар селенге бай.

Адам ағзасында селен антиоксиданттық фермент — глутатионпероксидазаның құрамына кіреді. Нақты осы фермент ағзадағы селеннің басты қорын құрайды (30-60%). Сонымен қатар, Е және С дәрумендерімен қосарлана әсер ететін заттек болғандықтан, олардың антиоксиданттық белсенділігін күшейтеді. Олармен кешенді түрде қуық асты безі мен аналық бездің саулығын қолдайды, ағзаның радиацияға тұрақтылығын арттырады. Селеннің жеткіліксіздігі иммунитетті және жұмысқа қабілетті төмендетеді, сонымен қатар, жүрек-қантамыр ауруларының дамуына, ерлер мен әйелдердің бедеулігіне, ауыр металлдардың жинақталуына және мезгілінен бұрын қартаюға апарады.

Ерекше ферменттердің қатарына кіретін селен йодтың алмасуында және жалпы ағзаның денелік және психикалық дамуы, әсіресе, орталық жүйке жүйесінің дамуы үшін қажетті қалқанша без гормоны Т3 түзілуіне қатысады.

Селен — бұлшықеттің, оның ішінде, миокардтың да ақуызының, компоненті. Ол тамыр қабырғасының созылымдылығын және қанның ағуын, қоректік заттектер мен оттегінің тасымалдануын жақсартады, қан жасушалары - тромбоциттердің қалыпты жағдайы үшін жауапты.

Селен мен **С дәрумені** иммундық жүйенің саулығын қолдауда едәуір рөл атқарады. Олар негізгі иммундық жасушалардың түзілуіне ықпал етеді: лейкоциттердің, лимфоциттердің, антиденелердің, макрофагтар мен интерферонның, осылайша, ағзаның қолайсыз факторлардан қорғанысын күшейтеді.

Селен терінің саулығы үшін аса маңызды. Ол теріні ауыр металлдардың және бос радикалдардың зақымдауынан қорғайды, мезгілінен бұрын қартаюдың алдын алады, оның созылымдылығын жақсартады, меланиннің түзілуін азайтуға ықпал етеді, терінің пигменттелуін (дақтануын) азайтады.

СЕЛЕН ҚОСЫЛҒАН ҚҰМЫРСҚА АҒАШЫНЫҢ ҚАБЫҒЫ

Pau D'Arco with Selenium

код: 2153 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы»:

- респираторлық аурулар (ЖРВИ, тұмауда, трахеитте, бронхитте);
- әртүрлі жерде пайда болған қабыну процестері;
- несеп-жыныс жүйесі ауруларын кешенді терапиясы;
- зеңдік аурулар;
- терінің іріңді зақымдануы кезінде көмектеседі.

Құрамы

«Құмырсқа ағашының» қабығы 500 мг, С дәрумені 60 мг, селен (L-метионин) 30 мкг, қосымша компоненттер.

«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы» — вирустық және бактериалдық инфекциялар, түрлі қабыну процестері кезінде иммунитетті реттейтін, бактерияға, қабынуға, вирусқа, зеңге қарсы әсер етеді. **Селен және С дәрумені** — «Құмырсқа ағашының» қабығының әсерін күшейтеді, ағзаның қорғаныс күштерін ынталандырады, түрлі жұқпаларға қарсы тұруды арттырады.

Белсенді компоненттердің әсері:

«Құмырсқа ағашының» қабығының әрекет етуші заттегі — **лапахол** — бактерияға, қабынуға қарсы қасиеттерін көрсетеді, грам-оң (стафилококктар, стрептококктар) және грам-теріс (бруцеллалар) микроағзалардың өсуі мен көбеюінің алдын алады.

Вирусқа қарсы белсенділігі: лапахол вирустарды, герпес, полиомиелит, стоматит вирустарын қоса, жояды немесе өсуін тежейді, вирустарда ферменттердің түзілуін тоқтатып, вирустардың көбею қабілетін тежейді.

«Құмырсқа ағашының» иммунитетті реттейтін қасиеттері оны ағзадағы аллергиялық және аутоиммундық процестерде оларды асқындырмастан мүмкіндік береді. Қабық ағзаның телімсіз тұрақтылығын арттырады, жасушалық және гуморальдық иммунитеттің реттелуін күшейтеді. Бұл ерекше өсімдіктің көптеген оң әрекеттері оның белсенді құраушыларының қосарлана әсер етуіне байланысты.

Зеңдерге және паразиттерге қарсы әсері қабықтан бөлінетін ксилодинмен қамтамасыз етіледі, ол лапахолмен бірге көптеген зеңдердің, оның ішінде, іншектік (кандида, трихофитон) және жасушаішілік паразиттердің өсуі мен дамуын бәсеңдетеді. «Құмырсқа ағашының» сүрегі термиттердің және түрлі зеңдердің әсеріне аса төзімді: «Құмырсқа ағашының» діңгегінде ешқашан зеңдер өспейді.

Селен С дәруменімен бірге әрекет етеді және оның әлеуетін күшейтеді. Бұл — тотығуға қарсы тамаша құрал, жасушалар мен тіндерді стресс факторларының, сәулеленудің, химиялық заттектердің, ауыр металдардың әрекет етуінен қорғайды. Әлсіреген иммунитетті нығайтуға ықпал етеді, вирустармен және ауру қоздыратын бактериялармен күресте жойқын-жасушалар мен макрофагтардың белсенділігін ынталандырады.

С дәрумені қылтамырлардың қабырғасын нығайтады, олардың мықтылығын және бактерияны өткізбеуін арттырады, суық тию ауруларының ауырлығын және ұзақтығын азайтуға ықпал етеді. Өң бітіру процестері мен жұқпаларға тұрақтылықты күшейтеді.

СИЛЬВЕР-МАКС

Silver-Max

код: 91619/91614 шығарылу түрі: 118 мл/236 мл



«Сильвер-Макс»:

- жұқпалы респираторлық аурулар кезінде;
- тері аурулары кезінде (дерматомироз, фурункулез, түрлі орналасқан экзема);
- асқазан-ішек жолдары аурулары (асқазан мен ұлтабардың ойықжарасы), тағамдық улану кезінде;
- трофикалық ойықжара мен күйіктер кезінде көмектеседі.

Құрамы

Тазартылған күміс, концентрациялы 10 мкг/мл, тазартылған су.

«Сильвер-Макс» күшті табиғи зарасыздандыратын — коллоидты күміс негізінде әзірленген, микробқа және қабынуға қарсы әрекет етеді. Коллоидты күміс бұл өнімде 10 ppm концентрациясында дерт қоздыратын бактерияларға тиімді әрекет етеді, ағзадан тез шығарылады, теріге дақ түсуін туындатпайды. Коллоидтық ерітінді өндірісінің технологиясы күмістің бөлшектеріне суда толық еруіне мүмкіндік береді және өнімнің жоғары сапасына кепілдік береді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Коллоидты күміс — зиянды микроағзалардың 350-ден астам түрлеріне әрекет етеді, оның ішінде, асқазанның ойықжарасын туындататын стафилококктар мен хеликобактер пилориге қатысты, және бұл кезде ағзаға уытты әсерін көрсетпейді. Күшті бактерияны жоятын әсері бар. Жұқпаланған жасушаға еніп, күміс иондары қоректік заттектердің вирусқа түсуін тежейді, ауру жасушаны жояды. Бұл кезде күміс иондары сау жасушаларға зиян әкелмейді, яғни, дерт қоздыратын бактерияларды жоя отырып, ағзаның өзінің пайдалы флорасына қауіпсіз күйінде болады.

Күмістің қабынуға қарсы қасиеттері оның зақымданған тіндермен жанасуында көрініс береді. Іріңді жараға түсіп, күміс тіндік ақуыздармен байланысады және қорғаныс қабатын құрады, жүйке жалғамдарын бүркеп, тітіркенудің алдын алады. Күмістің әсерімен жара беріштенген бөліктерден тез тазарады, бұл түрлі дерттің дамуының алдын алады және тіндерге өң біту процесін үдетеді. Коллоидтық күміс асқазан-ішек жолдары сырқаттарында, тағамдық улануда, кейбір тері бөртпелерінде (псориаз, аллергиялық), буынның қабынуында тиімді әрекет етеді.

Күміс — адам ағзасының қалыпты жұмысына қажетті маңызды микроэлементтердің бірі. Оған әсіресе, ми, ішкі бөлініс бездері, бауыр, бүйрек, сүйектер мұқтаж келеді. Күміс ағзаның алмасу процестерінде, көптеген ферменттер мен дәрумендердің түзілуіне белсенді қатысады, сондай-ақ, энергетикалық алмасуды реттейді, лимфоциттер, эритроциттер мен гемоглобин мөлшерінің артуына ықпал етеді.

СЛИМ БАЙ СЛИМ

Slim by Slim

код: 91673/91674 шығарылу түрі: 6 г-нан 10/30 стик-пакет



«Слим бай Слим»:

- май алмасуын реттеуге;
- салмақты азайтуға;
- тәбетті және тәттіге әуестікті азайтуға;
- жұмысқа қабілетті және төзімділікті арттыруға ықпал етеді.

Құрамы

ФОС (цикорий тамырының ұнтағы) 2 г, мандарин қабығының сығындысы 0,8 г, құрма жемісінің сығындысы 0,7 г, годжи жидегінің сығындысы 0,7 г, гарциния жемісінің сығындысы 0,5 г, көк шай жапырағының сығындысы 0,3 г, таурин 0,25 г, С дәрумені (аскорбин қышқылы) 0,1 г, қосымша компоненттер.

Белсенді өсімдік тектес компоненттеріне сай «Слим бай Слим» салмақты түзетуде жақсы нәтижеге жетуге көмектеседі, сондай-ақ, ағзада тез ыдырауы және жойылуы есебінен артық холестеринді жеңіл жояды, қандағы қант деңгейін төмендетуге ықпал етеді, ағзаны токсиндерден зиянсыздандырып, тазартуға көмектеседі.

Белсенді компоненттердің әсері:

Камбоджиялық гарциния — өсімдіктің жемісінен алынатын гидроксилмон қышқылының (ГЛК) көзі, адам ағзасында үш жақты әрекет етеді: майлы қышқылдар мен холестериннің түзілуін азайтады, майдың тотығуын күшейтеді және тәбетті реттейді. ГЛК қанттар мен майлардың алмасуында қатысады, қанттың майларға айналуына кедергі болады. Көмірсулардан майлы қышқылдардың түзілуін тежейді, глюкозаның мөлшерін - гипоталамустың нейрондары тәбетті ынталандырмайтындай етіп қолдайды.

Инулин — алдымен, еритін талшық плюс белсенді пробиотик. Функционалдық қасиеттерін тоқ ішекте оның симбиотикалық флора деңгейінде көрсетеді, пайдалы бактериялардың өсуі мен алмасу белсенділігін іріктемелі ынталандырады. Сорбент ретінде ағзаны токсиндерден тазартуды тездетеді.

Цитрустар қабығының сығындысы кофеин тәрізді сергектік беретін әсері бар. Құрамында склерозға қарсы әрекет ететін флавоноидтардың (нарингин, рутин, кверцетин, гесперидин) үлкен мөлшері бар. Қандағы, бауырдағы, тамырлардағы липидтердің жалпы деңгейін азайтады, оларды ыдыратуға өтке көмектеседі, оларды қандай да бір жанама әсерін туындатпастан.

Құрма сығындысы — көптеген пайдалы заттектердің көзі: тағамдық талшықтардың, минералдардың (натрий, магний, калий, марганец, кальций), жеңіл сіңетін қанттардың, А, С, Р дәрумендерінің көзі. Мұндай қанттар бауырда гликогеннің түзілуі және оның энергетикалық қоректенуі үшін қажет.

Годжи жидегінің сығындысы антиоксиданттық және ширақтық беретін әсер етеді, ас қорыту процесін едәуір жақсартады, бауырдың қызметіне оңтайлы әсер етеді. Осы жидекті тұтынғанда салмақ жоғалтуды құрамында антиоксиданттардың үлкен мөлшері болуымен байланыстырады, олардың әрекет етуі майлардың тез ыдырауына апарды.

Көк шай жапырағының сығындысы — белсенді антиоксидант және биологиялық белсенді заттектердің көзі. Заттек алмасуын ынталандырады, майлардың тотығуын үдетеді және энергияның шығындалуын арттырады, ағзадан холестеринді, уыттық заттектерді байланыстырып, шығарады.

Таурин — бауырда болатын маңызды амин қышқылы. Көмірсулық және липидтік алмасуда үлкен рөл атқарады, энергетикалық және алмасу процестерін оңтайландыруға ықпал етеді.

С дәрумені — ең тиімді дәрумен-антиоксиданттардың бірі. Бауырдың уытсыздандыратын ферменттік жүйесінің жұмысын ынталандырады, жалпы холестерин деңгейін азайтуға ықпал етеді.

СУПЕР-ФЛОРА

Super-Flora

код: 2150 шығарылу түрі: 90 өсімдік капсуласы



«Супер-Флора»:

- өзінің пайдалы бактерияларының өсуіне және АІЖ сау микрофлорасының қалпына келуіне ықпал етеді;
- метеоризмді және асқазандағы ауырлықты азайтады;
- зат алмасуды, ас қорытуды, пайдалы және қоректік заттардың сіңуін жақсартады.

Құрамы

Bifidobacterium longum 3×10^9 КОЕ/капс, *Lactobacillus acidophilus* 2×10^9 КОЕ/капс, инулин 25 мг, қосымша компоненттер.

«Супер-Флора» — ішек микрофлорасының нәтижелі сауығуын қамтамасыз ететін пробиотиктер (*Bifidobacterium longum* және *Lactobacillus acidophilus*) және пребиотиктер (инулин) үйлесімді құрамдастырылған тиімділігі жоғары синбиотик. Бұл өнімде пайдалы лакто- және бифидобактериялардың мөлшері ұлғайтылған, бұл оның тиімділігін едәуір арттырады. Ал инулин өз микрофлорасының өсуіне ықпал етеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Пробиотиктер — бұл микрофлораның негізін құрайтын пайдалы бактериялар. Олардың ішіндегі ең белсенділері-бифидо және лактобактериялар. **Бифидобактериялар** — ішекте болатын пайдалы бактериялардың ең үлкен тобы. Олардың көпшілігі нәрестелердің микрофлорасында (80-90%) болады. Бифидобактериялар асқазан-ішек жолдарындағы патогендік, шартты патогендік, шірік бактериялардың өсуіне және көбеюіне кедергі келтіреді, осылайша метеоризмді азайтады және ағзаны ішек инфекцияларынан қорғайды. Олар ас қорытуға белсенді қатысады, ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың ыдырауын жылдамдатады, қоректік заттардың, соның ішінде кальций мен D дәруменінің сіңуін жақсартады. Тағамның сапалы қорытылуы үшін өз ферменттерінің синтезделуіне қатысады. Көптеген дәрумендердің пайда болуына ықпал етеді, олардың ішінде: К, В тобының дәрумендері - В3 және В9, алмастырылмайтын аминқышқылдары бар. Бифидобактериялар АІЖ патогендік флорасын басатын, аллергиялық реакцияларды азайтатын сүт қышқылын белсенді түрде шығарады.

Lactobacillus acidophilus — бүгінде 100-ден астам түрі белгілі болған лактобактериялардың ең көп таралған түрлерінің бірі. Лактобактериялар асқазан-ішек жолында, ауыз қуысынан тік ішекке дейін бойлай тіршілік етеді. Ең алдымен, олар бифидобактериялардың тіршілігі үшін өте қажет. Олар жетіспеген кезде ішектегі бифидобактериялардың саны айтарлықтай азаяды. Лактобактериялар сау иммунитетті қамтамасыз етеді, бұл гастрит пен асқазан жарасын туындататын қауіпті хеликобактер пилори бактериясымен, сонымен қатар кандида, стрептококк және стафилококк бактерияларымен тиімді күресуге мүмкіндік береді. Бифидобактериялармен бірге олар ағзаның уытсыздандыруын жақсартады, метеоризмді, асқазандағы ауырлықты азайтады.

Инулин (цикорий тамырынан) — тиімді өсімдік пребиотигі, ол ерімейтін жасұнық көзі ретінде өзінің пайдалы бактерияларының өсуі үшін қоректік негіз болып табылады. Бифидо- және лактобактериялардың жақсы белсенділігіне және сау микрофлораның қалпына келуіне ықпал етеді, ағзадағы зат алмасуды (әсіресе көмірсулар мен липидтерді) қолдайды. Сорбент ретінде ағзадан зиянды уыттарды шығаруға көмектеседі, ішектің перистальтикасын жақсартады.

Super Bars — бұл құрамында жаңғақ, жүзім, жемістердің, жидектердің хош иісті кесектері, қоңыр күріштің ақуызы және спирулина немесе хлорелла балдырлары, өнген зығыр, киноа тұқымдары, бидай немесе арпа шырыны және т.б. сияқты биологиялық белсенді өсімдік тектес компоненттер бар салауатты тағам өнімдері. Бұл қоректік ингредиенттер ағзаға қажетті табиғи КҚМҚ омега-3, -6, -9 жоғары мөлшерімен ерекшеленеді, Құрамында амин қышқылдарының, дәрумендер мен минералдардың кешенін, жасұнық бар. Батончиктердің Құрамында қанттар, консерванттар, жасанды бояғыштар мен дәмді күшейткіштер жоқ, жоғары дәмдік және қоректік сапаға ие. Балалар мен ересектерге, салауатты өмір салтын ұстанатын және өз жақындарының денсаулығы жайлы қамданатын барлық адамдарға пайдалы болады.



СУПЕРБЛУБЕРРИ БАР

SuperBlueberry Bar

код: 91649 шығарылу түрі: 38 г

Құрамы

Бадам майы, құрма, қара жидек, агава шірнесі, зығырдың өнген тұқымы.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 170 ккал, көмірсулар 19 г, майлар 7 г, ақуыздар 5 г, жасұнық 3 г.



СУПЕРМАНГО БАР

SuperMango Bar

код: 91694 шығарылу түрі: 38 г

Құрамы

Манго, мейіз, агава, үлпілдек киноа, тапиока, тұз, зәйтүн майы.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 130 ккал, көмірсулар 30 г, майлар 1,5 г, жасұнық 3 г, А дәрумені 8%, темір 5%.



СУПЕР СПИРУЛИНА БАР МАКАДАМИЯ ЖАҢҒАҒЫМЕН

SuperSpirulina Bar with Macadamia Nuts

код: 91681 шығарылу түрі: 38 г

Құрамы

Кешью майы, құрма пастасы, агава шәрбаты, күріш ақуызы, мейіз, макадамия жаңғағы, спирулина, өнген зығыр тұқымы, киноа өскіндері, күнжіт тұқымы.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

алориялар 170 ккал, майдан калориялар 70, көмірсулар 19 г, майлар 8 г, ақуыздар 5 г, жасұнық 3 г.



СУПЕР ХЛОРЕЛЛА БАР

SuperChlorella Bar

код: 91691 шығарылу түрі: 38 г

Құрамы

Кешью майы, құрма пастасы, тапиока, күріш ақуызы, кешью жаңғағы, хлорелла, люцерна (жоңышқа), ананас, күнжіт тұқымы.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 140 ккал, ақуыздар 7 г, майлар 7 г, көмірсулар 16 г, тағамдық талшықтар 1 г.



СПИРУЛИНАСЫ БАР ШОКО

Choco Spirulina Bar

код: 91692 шығарылу түрі: 44 г

Құрамы

Сұлы, кешью майы, шоколад, күріш шәрбаты, агава, мейіз, кешью жаңғағы, спирулина, даршын.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 200 ккал, майдан алынған калориялар 80, ақуыздар 4 г, майлар 9 г, көмірсулар 25 г, жасұнық 2 г.



БАДАМЫ БАР ШОКО

Choco Almond Bar

код: 91684 шығарылу түрі: 38 г

Құрамы

Бадам майы, агава, құрма, шоколад чипстері, үлгілдек күріш, жаңғақ, какао ұнтағы, өскен зығыр тұқымы, какао майы.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 170 ккал, майдан алынған калориялар 60, ақуыздар 4 г, майлар 7 г, көмірсулар 21 г, жасұнық 4 г.



КОРАЛ ПРОТЕИН БАР

Coral Protein Bar

код: 91686 шығарылу түрі: 46 г

Құрамы

Күріш протеині, агава шәрбаты, құрма пастасы, бадам майы, шоколад чипстері, мүкжидек жидектері мен шырын ұнтағы, өскен зығыр тұқымдары, күнжіт тұқымдары.

Энергетикалық және тағамдық құндылығы:

калориялар 170 ккал, майдан алынған калориялар 60, көмірсулар 19 г, майлар 7 г, ақуыздар 9 г, жасұнық 3 г.

ТЕМІР

Iron

код: 2123 шығарылу түрі: 60 өсімдік капсуласы



«Темір»:

- *анемияның алдын алуға;*
- *тіндік тыныс алу және метаболизм процестерін реттеуге ;*
- *жасушалық деңгейде иммунитет қызметін қалпына келтіруге;*
- *тері ауруларын алдын алуға;*
- *терінің, тырнақ пен шаштың күйін жақсартуға себептеседі.*

Құрамы

Темір (бисглицинаты) 14 мг, қосымша компоненттер.

«Темір» — органикалық өнім, құрамында жоғары дәрежелік маңызды элемент бар, ол анемияның алдын алады, өмірлік қуат пен жұмысқа қабілет деңгейін арттырады. Органикалық темір толығырақ және жеңіл сіңеді. Ол темірдің органикалық емес тұздарына тән жанама серпінге: іш бұзылыстарына, асқазан мен ішектің сілемей қабатының тітіркенуіне, металл дәмін сезінуге, тіс эмалінің қараюына жол бермейді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Қан өндірімі және тіндік тыныс алу процестеріне қатысады. Темір ішекте сіңеді, одан кейін қантамырларға таралады, онда ерекше тасымалдау ақуызы — трансферринмен қамтылады. Трансферринге сай жасушалар мен тіндердің темірмен қанығуы өтеді. Цитохромдар ферменттерінің құрамына кіріп, тіндік тыныс алу (өкпеден оттегіні ағзаның барлық жасушаларына тасымалдайды) және АТФ түзілісі процестерінде, ферменттеу реакцияларында, холестериннің алмасуында қатысады. Көк бауырда, бауырда, сүйек кемігінде жинақталады және ағзада керегіне қарай қолданылады, осылайша, темір тапшылықты анемияның алдын алады: оның симптомдары: жалпы бұлшықет әлсіздігі, дәм мен иіс сезу бұзылыстары, тырнақ пен шаштың сынғыштығы.

Иммунитетті нығайтады. Темірдің ағзадағы сәйкес мөлшері қорғаныс жүйесінің толыққанды қызмет етуіне ықпал етеді. Темір дерт қоздыратын микроағзалардың әсерін басатын, уытсыздандыратын және бактерияға қарсы қасиеттері бар ферменттердің (каталаза, миелопероксидаза) құрамына кіреді. Ол қорғаныс ақуыздарының: лизоцим мен интерферонның түзілісін қамтамасыз етеді.

Терінің, тырнақ пен шаштың күйін жақсартады. Темір жасушаларда тотығу процестерінің алдын алатын және эпителий тіндеріне өң бітуінде қатысатын, тырнақтың сынғыштығын және шаштың дақтануын жоюға антиоксидант-ферменттердің (оксидаза, гидроксилаза, супероксиддисмутаза) өндірілуін белсендіреді.

Темірдің жеткіліксіздігі ағзаның жұмысында күрделі ақауларға апарыды: қан аздық дамиды, иммунитет төмендейді, инфекциялық аурулар қаупі артады, ұдайы шаршаңқылық сезіледі.

Тэйсти Би

Tasty B

код: 2187 шығарылу түрі: 30 шайналатын таблетка



«Тэйсти Би»:

- жүйке және жүрек-қантамыр жүйесінің денсаулығын сақтауға;
- ағзаның энергетикасын арттыруға, шаршау мен, енжарлықпен күресуге;
- назарды шоғырландыруды, есте сақтауды, зеректікті жақсартуға;
- терінің, шаштың және тырнақтың сұлулығын сақтауға көмектеседі.

Құрамы

V1 дәрумені 1,1 мг, B2 дәрумені 1,4 мг, никотинамид 16 мг, B6 дәрумені 1,4 мг, фолий қышқылы 200 мкг, B12, дәрумені 2,5 мкг, биотин 50 мкг, B5 дәрумені (пантотен қышқылы) 6 мг, қосымша компоненттер.

«Тэйсти Би» – В тобы дәрумендерінің ұнамды лайм дәмімен, шайналатын таблетка түріндегі үйлесімді кешені. Өнім үйлесімді тамақтанбау, күйзелістің жоғары деңгейі, қарқынды дене жүктемесі, зиянды әдеттер, кофеині (кофе, энерготониктер, қою шай) бар сусындарды жиі тұтыну, антибиотиктер мен диуретиктерді қабылдау секілді факторлардың әсерінен жиі орын алатын В тобы дәрумендерінің тапшылығын жоюға арналған. В тобы дәрумендерінің жетіспеуі алдымен, созылмалы шаршаңқылыққа, тез шаршауға, неврологиялық бұзылыстарға, танымдық қызметтің нашарлауына, тері мен шаштың түрлі мәселелеріне апаратын.

Белсенді компоненттердің әсері:

V1 дәрумені (тиамин) – белсенді компоненттерінің әрекет етуі жасушалық алмасуды реттеуде, көмірсу, ақуыз, майлардың алмасуын белсенді қатысады. Жүйке жүйесінің қалыпты жұмысы үшін маңызды: есте сақтау мен ұтымды ойлауды жақсартады, ми жасушаларының қартаюының алдын алады, көңіл-күй жағдайын тұрақтандыруға көмектеседі.

B2 дәрумені (рибофлавин) – «өмір отыны» – АТФ молекуласының түзілісін қатысады, сондықтан, энергияның өндірілуі үшін қажет. Көздің, бауырдың саулығы үшін маңызды, жүйке жасушаларының түзілісінде қатысады, қан өндірімін жақсартады.

B3 дәрумені (ниацин) – қалыпты заттек және энергия алмасуын қолдайды, ағзада холестерин деңгейін қолдауға көмектеседі, тамыр қабырғасында атеросклеротикалық түйіндақтың түзілуінің алдын алады. Жұмсақ тыныштандыратын әрекет етеді, үрейленуде, енжарлықта, күйзелісте жағдайды жеңілдетеді.

B5 дәрумені (пантотен қышқылы) – орталық жүйке жүйесінің тиімді жұмысына ықпал етеді, иммунитетті нығайтады. ағзаның жалпы ширақтығын жақсартады, шаршаумен күреседі және төзімділікті арттырады.

B6 дәрумені (пиридоксин) – фолий қышқылымен және B12 дәруменімен қатар жүйке және жүрек-қантамыр жүйесінің денсаулығын сақтауға көмектеседі. Ақуыздардың, гормондар мен эритроциттердің түзілісінде қатысады; B12 дәруменінің толыққанды сіңуі үшін қажет.

B7 дәрумені (биотин, «сұлулық дәрумені») жасушалардың өсуі мен бөлінуі үшін қажет, себебі, нуклеин қышқылдарының түзілісін қатысады. Керотиннің (шаш үшін «құрылыс материалы») түзілуі және шаш баданасының қалыптасуы үшін қажет. Оның құрамында коллагеннің түзілуі үшін қажетті, демек, терінің серпімділігі мен созылымдылығын сақтау үшін қажетті күкірт бар.

B9 дәрумені (фолий қышқылы) – барлық тіндердің өсуі мен дамуына оң әсер етеді, иммундық және жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын реттеуге ықпал етеді. Амин қышқылдарының, ферменттердің түзілісінде, қан өндірімінде қатысады, бауырдың және жалпы ас қорыту жүйесінің жұмысын реттеуге көмектеседі. Әйелдердің репродуктивтік денсаулығын қолдау үшін маңызды.

B12 дәрумені (цианокобаламин) анемияның алдын алуға көмектеседі, энергия деңгейін арттырады, жүйке жүйесінің саулығын қолдайды, назарды шоғырландыруды, есте сақтауды, ұтымды ойлау қабілетін жақсартады.

ФАНДЕТОКС

FanDetox

код: 91663/91675 шығарылу түрі: 4,5 г-нан 10/30 стик



«ФанДетокс»:

- гепатоциттердегі уытты өнімдерді белсенді ыдыратады;
- майлардың метаболизмін жақсартады, қандағы холестерин деңгейін азайтады;
- алкогольдің жағымсыз салдарын: жалпы әлсіздікті, бас ауырсынуын, бас айналуын, жүрек айнуын, дірілдеуді, жүректің жиі соғуын, тершеңдікті, ұйқысыздықты жояды.

Құрамы

Декстрин 1520 мг, құрма жемісінің сығындысы 280 мг, годжи жидегінің сығындысы 210 мг, мандарин қабығының сығындысы 210 мг, егістік қарақұмығының сығындысы 210 мг, соя өскіндерінің сығындысы 70 мг, таурин 50 мг, аскорбин қышқылы 10 мг, қосымша компоненттер.

«ФанДетокс» — ғалым Сонг Хе Бок әзірлеген өнім, ол бауырды алкогольдің, дәрінің, сапасыз тағамның және басқа зиянды заттектердің уытты әсерінен қорғайды және қалпына келтіреді. Өнімнің құрамында тек өсімдік тектес сығындылар бар. Құрма, годжи жидегі, мандарин қабығы, қарақұмық дәндері, соя өскіндері денсаулыққа тез және тиімді сауықтыру әсерін көрсетеді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Құрма қоректік заттектердің мөлшері бойынша жүзім мен інжірден асады. Бұл — А, С, Р дәрумендерінің, алма және лимон қышқылдарының, минералдық заттектердің, бастысы, ағзаның өмірлік қорын арттыру үшін жеңіл сіңетін өсімдік тектес қанттар — глюкоза мен фруктозаның құнарлы көзі. Осы қанттар бауырда гликоген түзілуі және оның энергетикалық қоректенуі үшін қажет.

Годжи жидегі ас қорытуды жақсартады, жалпы нығайтатын, антиоксиданттық және ширақтық беретін әсері бар. Өсімдікте болатын бетаин заттек алмасуын жақсартады, өт түзілуін және бауырдағы май алмасуын реттейтін, уытты заттектерді (алкогольдің ыдырау өнімдерін қоса) бейтараптандыратын ферменттер — алкоголь-дегидрогеназа мен альдегиддегидрогеназаның өндірілуіне ықпал етеді.

Цитрустылар қабығының сығындысында склерозға қарсы әсер ететін флавоноидтардың мөлшері мол. ағзаға түсіп, олар төмен тығыздықты липопротеиндердің ыдырауын үдетеді және жалпы холестерин деңгейін қалыпқа келтіреді, С дәруменін тотығу бұзылысынан қорғайды.

Қарақұмық флавоноидтардың, органикалық қышқылдар мен лецитиннің жоғары мөлшеріне сай ас қорыту, жүрек-қан тамыр, жүйке жүйелеріне оңтайлы әсер етеді, бауырдың зақымданған тіндерін қалпына келтіруге көмектеседі және бауырдан липидтердің артық мөлшерін шығарады.

Сояның құрамында биологиялық белсенді заттектердің мөлшері көп: ақуыздар, дәрумендер (Е, Н, РР, В тобының), минералдар, лецитин, тағамдық талшықтар.

Декстрин — полисахаридтердің: крахмал, гликогеннің ішінара ыдырауының жоғары сіңімді өнімі. Бауырдың жасушаларында қорға жиналып, олардың қоректенуі және жұмыс қабілетінің артуы үшін тез жұмылдырылатын энергетикалық қоры болады.

С дәрумені — коллагеннің түзілуінің қажетті қатысушысы, тамырдың қабырғасын нығайтады, оларды холестериннің тотығу түрінің жинақталуынан қорғайды, ағзаны уыттардан қорғайды.

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ФИТОМИКС

PhytoMix for Women

код: 2173 шығарылу түрі: 30 өсімдік капсуласы



«Әйелдерге арналған ФитоМикс»:

- ысынудың жиілігін және қарқындылығын азайтуға ықпал етеді;
- «ұйқы-сергектік» циклін реттеуге көмектеседі;
- эмоционалдық күйді тұрақтандырады.

Құрамы

Бета-аланин 400 мг, құлмақ түйіндерінің сығындысы 100 мг, қарапайым зығыр дәндерінің сығындысы 30 мг, егістік зағыпыранының сығындысы 20 мг, қосымша компоненттер

«Әйелдерге арналған ФитоМикс» — гормонды емес өнім, әйелдердің етеккір тоқтау алдында және етеккір тоқтаған кезде денелік және психологиялық денсаулығын қолдауға, климаксқа тән симптомдарға байланысты жайсыздықты (ысыну, тершеңдік, көңіл күй тұрақсыздығы, ұйқысыздық, депрессия) азайтуға арналған.

Белсенді компоненттердің әсері:

Бета-аланин — амин қышқылы, етеккір тоқтау (климакс) алдындағы өтпелі кезеңде және етеккір тоқтаған кезде болатын келесі симптомдарды әлсіретуде маңызды рөл атқарады: ысыну, түнгі тершеңдік, артериалдық қысымның құбылуы. Бета — аланинді қабылдау ысынудың жиілігі мен қарқындылығын азайтуға, «ұйқы-сергектік» циклін реттеуге және психикалық және эмоционалдық күйді жақсартуға ықпал етеді. Бета-аланин — тиімді амин қышқылдарының бірі, климакс кезінде өмір сапасына оң әсер етеді.

Lifenol® құлмақ сығындысы әйел денсаулығына оңтайлы әсер етеді, бұл ғажайып әсерінің құпиясы құлмақтың түйіндерінде. Олардан фитоэстроген 8-пренилнарингенин бөлініп алынады. Өзінің қасиеттеріне сай ол әйелдердің жыныстық гормоны — эстрогенге жақын және климакс кезінде олардың деңгейін өтеуге қабілетті. Lifenol® — белсенді компоненттердің тұрақты мөлшері бар құлмақ түйіндерінің сығындысы. Етеккір келуі кезінде ауырсынуды жеңілдететіні, етеккір айналымын реттейтіні, жүйке қозғыштығын, ашушаңдықты, шаршаңқылықты азайтатыны, сау және терең ұйқыға ықпал ететіні дәлелденген.

Зығыр тұқымы альфа-линолен қышқылына (омега-3 тобының алмастырылмайтын май қышқылдары) және лигнан секілді фитохимиялық заттерге бай келеді. Зығыр тұқымдары фитоэстрогендердің көзі ретінде әйелдердің денсаулығы үшін аса пайдалы, бұл климакс кезінде аса маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, зығыр тұқымдарының фитоэстрогендері омега-3 КҚМҚ толықтырылуында климакстың симптомдарын едәуір жеңілдетеді.

Зағыпыран сығындысы депрессияға қарсы әсерді қамтамасыз етеді, бұл мидағы серотониннің деңгейін реттеуге қабілетіне сай орындалады. Климакс кезінде әйелдер көңіл-күйдің басыңқылығын, енжарлықты, назар қоюда қиындықты жиі сезінеді. Бұл көңіл-күй бұзылыстары эстрогеннің деңгейінің төмендеуінен болады, онымен қатар «бақыт гормоны» — серотониннің деңгейі де төмендейді. Депрессияға басқа симптомдар қосарланады: салмақты тез қосу немесе жоғалту, ұйқының бұзылысы. Зағыпыранының сығындысы оң көңіл күйге бейімделуді қамтамасыз етеді және артық салмақ қосуға мүмкіндік бермейді.

ФЛЕКСИКОР

FlexiCor

код: 91803 шығарылу түрі: 90 капсула



«ФлексиКор»:

- артрит, артроз;
- остеопороз;
- остеохондроз;
- денені соғып алған, жарақаттар кезінде көмектеседі.

Құрамы

Глюкозамин 300 мг, хондроитин сульфаты 250 мг, МСМ 200 мг, С дәрумені 50 мг, марганец (глюконат) 0,3 мг, бамбук сығындысы 7,5 мг, қосымша компоненттер.

«ФлексиКор» — бір-бірін толықтыратын белсенді заттектердің үйлесімді бірігуі, тірек-қимыл аппаратының жұмысын қалпына келтіруге арналған. Сүйекті, буынды нығайтады, сүйек-шеміршек және дәнекер тіндердің бұзылуына кедергі болады, ауырсыну мен сіресуді едәуір азайтады, жүруде қозғалғыштық пен жеңілдік береді.

Белсенді компоненттердің әсері:

Глюкозамин — дәнекер, сүйек және шеміршек тіндері үшін құрылыс материалы. Бұл — буын ішілік сұйықтықтың басты компоненті, ол буындардың «майлануын» іске асырады, шеміршектің үйкелісі мен қажалуын азайтады. Буын шеміршегінің қабыну мен бұзылудан қорғайды, сүйек-шеміршек тінін нығайту үшін хондроитиннің өндірілуін ынталандырады. Буындағы және омыртқадағы тыныш күйде және жүргенде сезімталдық пен ауырсыну сезімін азайтады.

Хондроитин сульфаты — шеміршек тінінің негізгі құрылымдық компоненті, сүйек-шеміршек тінінің құрылуында, сондай-ақ тамыр қабырғасының серпімділігі мен созылымдылығын қолдауда өзекті рөл атқарады. Сүйектен кальцийдің шайылуының дәрежесін азайтады, олардың қалпына келу процестерін үдетеді, шеміршек тіндегі кері бұзылысты процестерді тежейді, телімді ферменттердің әсерін басады, мысалы, буын шеміршегінің бұзатын 1-интерлейкин. Хондроитин шеміршек қатпарында сулы қуыстар түрінде сұйықтықты сақтайды, бұл соққыларды жақсы көтеруге жағдай жасайды және шеміршектің беріктігін және тұтастығын арттырады.

МСМ буындардың созылымдылығы мен қозғалғыштығын қолдайтын коллаген мен кератиннің қалыптасуында қатысады, қабынуды азайтады, жасушалар қабырғасының икемділігін және өтімділігін қалпына келтіруге көмектеседі, қоректік заттектерге тіндерге жеңіл енуіне мүмкіндік береді.

С дәрумені коллагеннің түзілуіне міндетті қатысады. МСМ ортақ әрекет ете отырып, қылтамырлардың қабырғасының өтімділігін арттырады, сүйек пен терінің құрылымын жақсартады, глюкозаминнің сіңуіне ықпал етеді, антиденелер мен макрофагтардың өндірілуін белсендіреді, буындардың қабынуын туындататын инфекцияға қарсы әрекет етеді.

Марганец өзіндік хондроитиннің түзілуі үшін қажет, минералдық алмасуды реттейді және кальцийдің сіңуіне ықпал етеді, шеміршектің өздігінше қалпына келуін үдетеді.

Бамбук — кремнийдің құнарлы көзі, кремний — маңызды микроэлементтердің бірі, гиалурон қышқылын және хондроитиннің өндірілуін ынталандырады, коллагенді және эластанды талшықтардың серпімділігі мен созылымдылығын қалпына келтіреді, сүйек-шеміршек тінінің бұзылуының алдын алады.

ХЛОРЕЛЛА

Chlorella Tablets

код: 2129 шығарылу түрі: 180 таблетка



«Хлорелла»:

- денсаулығы әлсіреген адамдарға, егде жастағы адамдарға, ірі өнеркәсіпті қалаларда зиянды өндірісте жұмыс істейтін тұрғындарға, алкогольді шамадан артық тұтынатындарға, темекі шегушілерге;
- анемияның алдын алу үшін;
- дисбактериозда және асқазан-ішек жолдарының ауруларында көмектеседі.

Құрамы

Хлорелла (*Chlorella Pyrenoidosa*) 500 мг.

«Хлорелла» — хлорелла микробалдыры негізіндегі өнім, ерекше биологиялық құрамымен антиоксиданттық және уытсыздандыратын қасиеттерімен ерекшеленеді, иммундық жүйенің қызметін және ас қорыту процесін оңтайлы етуге қабілетті.

Белсенді компоненттердің әсері:

Жалғыз жасушалы хлорелла балдыры өзінің қоректік құндылығы бойынша ет пен дақылдардан кем емес. Бидайда 12% ақуыз болса, хлореллада ол 50%-тен астам! Бұл оның цитоплазмасының жартысы ақуыздан тұруына байланысты. Биохимиктердің мәліметтері бойынша бұл ет жей алмайтын немесе ет жегісі келмейтін адамдар үшін ақуыздың жақсы көзі. Сонымен қатар, хлореллада бета-каротин, В9, В12, С, Е дәрумендері, амин қышқылдары, минералдық заттектер, яғни, толыққұнды тамақтануға қажеттінің барлығы бар.

Америкалық ғалымдардың зерттеулері хлорелланың едәуір уытсыздандыратын қабілетін анықтады. Олардың нәтижелері бойынша организмнен пестицидтердің, ауыр элементтердің, мысалы, уран, меркурий, қорғасынның шығарылуы хлорелланы қабылдауда едәуір артады. Мұндай теңдессіз әсері хлореллада өсу факторының болуымен түсіндіріледі, ол жасушаларды түрлі уытты заттектердің әрекетінен қорғайды.

Хлорелла хлорофиллдің үлкен қорымен ерекшеленеді. Спирулина немесе жоңышқаға қарағанда микробалдырдың құрамында хлорофилл 5-10 есе көп. Хлорофилл қан аздықпен күресте аса тиімді: қан ағымына түсіп, ол қанды оттегімен қанықтырады және гемоглобинге айналады.

Хлорелла ас қорыту сөлінің бөлінуін реттеу есебінен ас қорыту процесіне оң әсер етеді және оңтайлы микрофлора үшін қоректік ресурс болады, оның өсуін ынталандырады. Балдыр жасушаларының қабырғасын құрайтын талшықты материал ішек қызметін жақсартады, асқазанның қорытпауын жояды, өң бітіретін әсер етеді. Материалдың құрамына кіретін нуклеин қышқылдарының, амин қышқылдарының, пептидтердің кешені тіндердегі мутацияға қарсы процесс және олардың қалпына келуі үшін жауапты.

Хлорелла, сондай-ақ, ағзаның қорғаныс күштерін ынталандыруға, вирусқа қарсы интерферон ақуызының өндірілуіне ықпал етеді, цитомегаловирусқа және Эпштейн — Барр вирусына қарсы әсер етеді. Осы қасиеттеріне сай ол көптеген инфекцияларға қарсы тұрады.

ЦИРКУФИТ

CircuPhyt

код: 91823 шығарылу түрі: 60 капсула



«ЦиркуФит»:

- көктамырдың варикозды кеңеюін алдын алуға;
- микроайналымды жақсартуға;
- тамырлардағы қабыну процестерін азайтуға көмектеседі.

Құрамы

Диосмин (цитрустылар сығындысынан) 250 мг, готу кола шөбінің сығындысы 100 мг, «жылқы талшыны» тұқымының сығындысы 100 мг, көкжидек жемісінің сығындысы 100 мг, долана жемісінің сығындысы 60 мг, гингко билоба жапырағының сығындысы 40 мг, қосымша компоненттер.

«ЦиркуФит» — қантамырларының саулығын қолдау үшін көктамырға ширақтық әсер беретін тиімді табиғи құралдар кешені.

Белсенді компоненттердің әсері:

Диосмин — аса пайдалы флавоноид, цитрустар сығындысынан алынады. Бұл заттек тамырлардың ширақтығын арттыруда алдыңғы дәрежелі рөл атқарады, микроайналымды реттейді, көктамырдың варикозды кеңеюінің және көктамыр жеткіліксіздігінің алдын алуға ықпал етеді. Диосмин қылтамыр қабырғасының серпімділігін жақсартады, тамырлар мен қылтамырлардың қабырғасын қабыну процестерінен қорғайды.

Готу кола көктамырдың варикозды кеңеюінде тиімді көмектеседі. Шөбінде үштерпенді қышқылдар (азитик, центил, центоил), флавоноидтар: рутин, кемпферол, кверцетин бар, олар мидың және шеткері қан айналымын жақсартады. Готу кола коллагеннің өндірілуін ынталандыра отырып, тамыр қабырғасының созылымдылығын арттыруға ықпал етеді, со-нымен бірге, зақымданған тамырлардың жазылуын үдетеді.

«Атталшын» тұқымында 60% дейін крахмал, эсцин гликозиді, протеин, майлар, катехиндер, ащы, тұтқыр (8-13%) және ақуызды (8%) заттектер, аргинин бар. «Атталшын» - көктамырға ширақтық әсерін беретін және қабынуға қарсы белгілі құрал. Оның белсенді заттектерінің кешені микроайналымды жақсартады, қылтамырлардың өтімділігін және ірі-ұсақ тамырлардағы қабыну көріністерін азайтады, қанның іркілуіне кедергі болады.

Айыр тілінген долана жемісінің сығындысында — жемісінде органикалық, фенолкарбонды және үштерпенді қышқылдар, флавоноидтар, проантоцианидиндер, С дәрумені бар. Осындай құрамына сай долана тамырды күшті тарылтатын заттектердің бірі — ангиотензин II түзілуіне кедергі болады, қан ұйындысының алдын алып, қанның ағуын жақсартады.

Гингко билоба гинголидтарға, билобалидтерге және флавоноидтарға бай келеді, олар қантамырлардың созылымдылығы мен қабырғасының мықтылығын арттырады, эритроциттер мен тромбоциттердің жабысуының алдын алады, қан ұйындысының алады, оның ішінде, ми мен жүректің тамырларының. Гингко тамырды кеңейтетін әсер етеді, тамырлардың қанмен толуын реттейді, қылтамырлық қан айналымын жақсартады, қол-аяқтың ісінуін азайтады.

Көкжидек — құрамында пайдалы заттектердің алуан түрлі ерекше кешені бар, олардың ішінде аса құндысы проантоцианидин антиоксиданттары, олар қылтамыр мен ірі тамырлардың созылымдылығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

Шайнайтын Папайя

Chewable Papaya

код: 2196 шығарылу түрі: 90 шайнайтын таблетка



«Шайнайтын Папайя» мынаған көмектеседі:

- ақуызды тағамның қорытылуын және сіңуін жақсартуға, ас қорыту жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға;
- тамақтанғаннан кейін жағымсыз белгілерді азайтуға;
- асқазан-ішек жолдарының денсаулығын қолдауға;
- иммунитетті нығайтуға.

Құрамы

папайя (*Carica papaya*) жемісінің сығындысы 75 мг, бромелайн 20 мг, ұзын куркума (*Curcuma longa*) тамырсабақ сығындысы 3,3 мг, В2 дәрумені (рибофлавин) 0,15 мг, қосалқы компоненттер.

Ақуыздар — мүшелер мен тіндерге арналған негізгі «құрылыс материалы». Алайда, адам ағзасы ірі ақуыз молекуласын толығымен сіңіре алмайды, бұл үшін оны кішкене бөліктерге — амин қышқылдарына бөлу керек. Ақуыздардың ыдырауы асқазан, ішек, ұйқы безі, бауыр бөліп шығаратын протеолитикалық (грек. proteios — «бұзушы») ферменттермен жүзеге асырылады. Бұл мүшелердің саулығы және үйлесімді жұмысы ақуыздың қорытылу сапасын анықтайды. Сонымен қатар, ақуыздың сіңуіне аспаздық өңдеу сапасы (қуырылған тағамдар қайнатылғаннан гөрі нашар сіңеді), ақуыз көзі (майлы еттен алынған ақуыз балыққа қарағанда нашар сіңеді), жеген ақуызды тағамның саны да әсер етеді.

Ферменттік препараттарды қосымша қабылдау рациондағы ақуыздың артық болуы немесе өз ферменттерінің жеткіліксіз өндірілуі кезінде ас қорыту жүйесіне жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

«Шайнайтын Папайя» — ақуызды тағамды сапалы қорыту және сіңіру үшін өсімдік ферменттері мен тропикалық өсімдік сығындыларына негізделген өнім.

Белсенді компоненттердің әсері:

Бромелайн — өсімдік протеолитикалық ферменті. Ол ананастың өзегі мен сабағынан алынады. Бромелайнның әсері асқазан сөлінің негізгі ферменті — пепсин ферментінің әсеріне ұқсас: ол ақуыздарды аса ұсақ ферменттерге — жеңілдетеді. Бромелайн ықпал етеді ас қорытуға ықпал етеді, сондай-ақ рН деңгейіне аз тәуелді болып табылады және қышқылда да, бейтарап және сәл сілтілі ортада да белсенді бола отырып, ақуыздардың тиімді қорытылуына көмектеседі. Жоғары сапалы сіңірілген ақуыз — бұл барлық жаңа жасушаларға, соның ішінде асқазан-ішек жолдарының шырышты қабығын емдеуге арналған құрылыс материалы.

Папайя жемісінің сығындысы. Папайяның шырынды жұмсағы дәрумендерге, минералдарға, өсімдік ферменттеріне бай, олардың ішінде папаин ең құнды болып табылады. Бромелайн сияқты, папаин да протеолитикалық ферменттерге жатады және рН көрсеткішінің кең ауқымындағы әрекеті мен белсенділігі бойынша соған ұқсас болып келеді.


В2 дәрумені (рибофлавин) тіндердің қалпына келуіне және жазылуына ықпал етеді, асқазан-ішек жолдарының шырышты қабығын сау күйде ұстауға көмектеседі.

Куркума сығындысы бауырдағы өт өндірісін ынталандыра отырып, тағамның, әсіресе майлардың жақсы қорытылуына және сіңуіне ықпал етеді.

Ямми Витс Апельсин Дәмімен

Yummy Vits Orange

код: 2126 шығарылу түрі: 30 шайналатын пастилка



«Ямми Витс»:

- ағзадағы дәруменді-минералдық теңгерімді реттеуге көмектеседі, бұл үйлесімді тамақтанбауда, қарқынды өсу және даму кезеңінде, түрлі емдәм ұстануда аса маңызды.
- жақсы сіңеді (әдеттегі дәруменді кешендермен салыстырғанда).
- ұнамды цитрусты дәмі және құрылымы бар, соңынан су ішу қажет емес.

Құрамы

Холин 20 мг, Е дәрумені (d-α-токоферол) 3,5 мг, селен 10 мкг, пантотен қышқылы (D-кальций пантотенаты) 1 мг, В6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді) 0,6 мг, В12 дәрумені (цианокобаламин) 0,5 мкг, А дәрумені (ретинол пальмитаты) 0,49 мг, D3 дәрумені (холекальциферол) 5 мкг, фолий қышқылы 100 мкг, йод 20 мкг, ксилит, сорбит, апельсин табиғи хош иістендіргіші, қосымша компоненттер.

«Ямми Витс» — белсенді заттектердің биосіңімділігін едәуір арттыратын ConCordix инновациялық технологиясы бойынша жаңадан әзірленген дәруменді-минералдық кешен. «Ямми Витс» шайналатын пастилкалары дәмі және құрылымы бойынша мармеладқа ұқсайды, және оның құрамында қант, жасанды тәттілендіргіштер мен хош иістендіргіштер жоқ. «Ямми Витс» өсу үстіндегі ағзаны оның мұқтаждығына сай қажетті дәрумендермен және минералдармен қамтамасыз етеді. Олар толыққанды денелік және ақыл-ой дамуы үшін жылдың барлық маусымында қажет.

Белсенді компоненттердің әсері:

А дәрумені (ретинол) — айда еритін дәрумен, белсенді антиоксидант. Көру үшін маңызды, тері мен шаштың жағдайын жақсартады. Иммундық жүйенің қалыпты қызметі және инфекциямен күрес үшін қажет.

D3 дәрумені (холекальциферол) кальций мен фосфаттардың алмасуында қатысады, сондықтан, сүйек пен тістің жағдайына әсер етеді. Иммундық жүйенің қалыпты қызметі үшін қажет.

Е дәрумені (d-альфа-токоферол) жүйке және жүрек-қантасыр жүйесін, бұлшықет тінін, көздің торқабығын қорғауға көмектеседі. Әсіресе, балалар үшін маңызды, себебі, ағзаның жасушаларының қалыптасуы мен жаңаруында қатысады. Терінің тітіркенуі мен құрғақтығының алдын алады, қабыну процестерімен күреседі.

В6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді) ағзаның жасушаларын түзуге қажетті қанықпаған май қышқылдарын сіңіруді үдетеді. Шаш пен терінің жағдайын жақсартуға көмектеседі. Жүректің, орталық және шеткері жүйке жүйесінің жағдайына оң әсер етеді.

Фолий қышқылы (В9 дәрумені) жаңа жасушаларды түзеді және қалыпты жағдайын қолдайды. Қызыл қан денелерінің жетіспеуі - қан аздықтың алдын алуға ықпал етеді.

В12 дәрумені (цианокобаламин) қалыпты өсу мен даму үшін қажет. Ол орталық жүйке жүйесінің жұмысын реттеуге көмектеседі, әсіресе, бұзықтыққа және әлеуметтікке сәйкес емес мінез-құлыққа бейім балалардың жүйке қызметін реттеуде пайдалы.

Пантотен қышқылы (D-кальций пантотенаты) бүйрек үсті бездерінің гормондарының түзілуі және орталық жүйке жүйесінің қалыпты жұмысы үшін маңызды.

Йод (калий йодиді) эндокриндік жүйенің, оның ішінде, қалқанша бездің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Селен темір мен йодтың қалыпты сіңуі үшін қажет. дененің түрлі жүйелері мен қызметінің жұмысын үйлестіруге көмектеседі, оның ішінде, ферменттер мен гормондардың өндірілуіне көмектеседі.

Холин жүйке жасушаларын зақымданудан қорғайды, психикалық және танымдық процестерге (есте сақтау, назарды шоғырландыруға қабілет) оң әсер етеді.

Coral Club кешенді шешімдері

Coral Club денсаулық тұжырымдамасы — бұл адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған жаңа жүйелі тәсілі. Біздің азық-түлік қоспаларын өндіру саласындағы көпжылдық тәжірибеміз кешенді шешімдерді — денсаулық саласындағы нақты мәселені шешуге бағытталған нысаналы бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз болды. Белсенді компоненттердің үйлесімді құрамы және нақты схемасы керемет нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тиімді нысаналы бағдарламаларды әзірлеу үшін Coral Club мамандары өнімдердің синергиялық үйлесімдерін таңдайды, тамақтану және өмір салты бойынша ұсынымдар береді. Мұндай аралас тәсіл сауықтыруда және денсаулықтың әртүрлі проблемаларының алдын алуда оң нәтижеге кепілдік береді.

Кешенді шешімдердің артықшылықтары:

- жүйелі тәсіл;
- кешенді тұрақты әсер;
- белсенді компоненттердің белгілі бір мәселені шешуге арналған үйлесімді құрамы;
- барынша әсер үшін нақты схемасы;
- синергиялық әсер;
- тиімді баға.

Нысаналы бағдарлама өте тиімді. Өнімді жинақпен сатып алу бағасы әр өнімді жеке-дара сатып алғанға қарағанда тиімді.



САЛАУАТТЫ СТАРТ

Healthy Start

код: 8011007



Жинақ:

- ас қорыту, жүйке, жүрек-қан тамырлары жүйелерінің жұмысына жәрдемдесуге;
- эмоциялық жағдайды қалыпқа келтіруге көмектеседі.

Құрамы:

«Гриффония» (60 капсула),
«Күнбағыс Лецитині» (120 капсула),
«Корал-Майн» (30 саше),
«Шайнайтын Папайя» (90 таблетка),
«Супер-Флора» (90 капсула).

«Салауатты Сарт» жиынтығы — бұл ас қорыту, жүрек-қан тамырлары және жүйке жүйелерін сауықтыруға, зат алмасуды жақсартуға және стрессті жеңуге көмектесетін бес өнімнің комбинациясы.

Жақсы ас қорыту — денсаулықтың басты құраушыларының бірі. Бұл түрлі кезеңдерде ферменттер, пробиотиктер, пребиотиктер, өт қышқылдары жұмылдырылған күрделі процесс. Сондықтан ағзада олардың жеткілікті болуын сақтау қажет.

«Супер-Флора» кешені лакто- және бифидобактериялардың және инулин пребиотигінің теңдестірілген көзі.

«Шайнайтын Папайя» шайнайтын таблеткалары ас қорыту процесінің сапасын жақсартады.

«Күнбағыс Лецитині» — жүрек-қан тамыры, жүйке, иммундық жүйелердің жұмысында маңызды рөл атқаратын антиоксидант, май алмасуды реттеуге қатысады. Лецитин — ағзадағы барлық жасушалық мембраналардың негізгі компоненті.

Гриффония дәндерінің сығындысы — 5-гидрокситриптофан амин қышқылының көзі — табиғи антидепрессант — қуаныш гормоны серотониннің бастамашысы.

Склерактиний тұңғық маржандарынан жасалған «Корал-Майн» минералдық композициясы судың дәмін жақсартады, ағзаның су-тұз теңгерімін қалыпқа келтіреді.

ГИДРАМАКС

Hydramax

код: 80380



Жинақ:

- ағзаның су-тұз және қышқыл-сілтілік теңгерімін қалпына келтіруге;
- судың органолептикалық қасиеттерін жақсартуға;
- судың физиологиялық пайдасын ұлғайтуға;
- жұмыс қабілеттілігін және жүктемелерге төзімділікті арттыруға септігін тигізеді.

Құрамы:

«Корал-Майн» (3 қаптама, 30 саше)
«ПентоКан» (3 қаптама, 60 көпіргіш таблетка)
«Н-500» (60 капсула)

Жинаққа кіретін өнімдердің белсенді компоненттері ағзада судың қатысуымен өтетін көптеген физиологиялық және биохимиялық процестерге қатысады, су-тұз теңгерімін реттейді, бұл денсаулық пен ағзадағы тепе-теңдікті (гомеостаз) сақтаудың міндетті шарты болып саналады.

Су адамның дене салмағының негізгі бөлігін құрайды, оның ағза үшін маңызы өте зор. Судың көптеген биохимиялық реакцияларда алатын орны ерекше, жасушалардың негізгі физиологиялық белсенді көлемі судан тұрады. Су көптеген биохимиялық реакциялардың ажырамас бөлігі, ол ыдырау өнімдері мен токсиндерді шығаруға, терморегуляцияға қатысады. Тіндердегі зат алмасу, шығару функциясы, ас қорыту және тыныс алу процестері ағзада жеткілікті су болған жағдайда қалыпты жүреді. Сусыздану (дегидратация) ағзаның барлық функцияларының бұзылуына және тіпті өліміне әкеп соқтырады.

«Корал-Майн» — құрамында пайдалы макро - және микроэлементтердің (кальций, магний, калий, сондай-ақ темір, фосфор, күкірт, кремний, хром, марганец, мырыш және т.б.) тұздары бар склерактиний маржандарынан жасалған минералды өнім. Сумен әрекеттескен кезде Корал-Майн минералдары тұздардан суға ауысады да, оның физиологиялық толыққандылығын арттырады, минералдар құрамынын, қышқыл-сілтілік теңгерімін реттейді және оның органолептикалық қасиеттерін жақсартады.

«ПентоКан» — жасушаларды ағзаның, ең алдымен жүректің су-тұз (минералдық) және қышқыл-сілтілік теңгерімін сақтау үшін маңызды электролит болып саналатын калиймен қамтамасыз етеді. Калий жасушалардағы алмасу процестерін реттейді және жасушаішілік сұйықтық көлемін қолдайды.

«Н-500» — қалпына келтіру әлеуеті жоғары антиоксидант. Жасушалардың бос радикалдармен зақымдануын болдырмауға көмектеседі, осылайша ағзаның энергетикалық әлеуетін арттырады. Ақыл-ой және физикалық қабілеттерді жақсартуға, стресске төзімділіктің артуына ықпал етеді.

Иммунити Пэк

Immunity Pack

код: 8039009



Жинақ:

- ағзаның иммундық жүйесін нығайтуға;
- бос радикалдардың әсерін бейтараптандыруға;
- ағзаның төзімділігін арттыруға;
- регенерация процестерін жеделдетуге көмектеседі

Құрамы:

«Пьюр-Си 500 мг», (60 капсула),
«D-Spray 2000», 1 қаптама (60 мл),
«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы»,
1 қаптама (90 капсула),
«Акула бауырының майы», 1 қаптама (60 капсула),
«Корал-Майн», 3 қаптама (30 саше)

«Иммунити Пэк» жинағы ағзаның қорғаныш қасиетін нығайтуға және иммундық жүйенің қалыпты қызметін қолдауға арналған. Жинақтың негізін иммунитетті қолдау үшін зор маңызы бар дәрумендер мен минералдар құрайды. Жинақтың құрамы табиғи шығу тегі бар қоректік заттармен күшейтілген, олар әртүрлі инфекцияларға төзімділікті арттырады және ағзаның жұқпалардан кейінгі қалпына келуіне көмектеседі.

«Пьюр-Си 500 мг». Бұл суда еритін дәрумен синтезделмейді және ағзада жиналмайды, сондықтан оны үнемі жеткілікті мөлшерде тағамнан алу керек. С дәрумені интерферон қорғаныш ақуызының синтезделуіне себеп болады және иммундық жауаптың қалыптасуына қатысады. Күшті антиоксидант ретінде әрекет ете отырып, ағзаның иммундық жүйесін әлсірететін бос радикалдарды байланыстырады. Коллаген синтезін белсенді етеді, тіндердің қалпына келуі мен сауығуын жеделдетеді. Липосомдық нысан дәруменнің биоқолжетімділігін арттырады және АІЖ шырышты қабығын аскорбин қышқылының тітіркендіргіш әсерінен қорғайды.

«D-Spray 2000» құрамында биоқолжетімді, липосомдық нысанда табиғи текті дәрумен бар. D3 дәрумені кальций мен фосфордың сіңуінде маңызды рөл атқарады, иммундық жүрек-қан тамырлары жүйелерінің жұмысын реттейді. Бұл дәруменнің жеткілікті мөлшері иммундық жасушаларды уақтылы белсенді ету үшін қажет. D3 дәрумені бактерияға қарсы және вирусқа қарсы иммунитетті қолдайды. Сонымен қатар, бұл «күн» дәрумені ағзаның қорғаныс резервін сақтай отырып, жүйке жүйесінің әртүрлі стресс факторларына төзімділігін арттырады.

«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығында» әртүрлі иммундық жасушаларды белсенді ететін және патогендік микроағзалардың тіршілік етуіне кедергі келтіретін құнды заттар нафтохинондар (лапахол, беталапахол) бар. Антиоксиданттар селен және С дәрумені ағзаның оңтайлы иммундық реакциясын қалыптастыруда әсерді синергетикалық түрде толықтырады.

«Акуланың бауыр майы» — сквален мен алкилглицеридтердің көзі. Сквален спецификалық және спецификалық емес (туа біткен) иммунитетті күшейтеді, жасушаларға оттегінің түсуін жақсартады, тіндердің сауығуы мен қалпына келуіне ықпал етеді. Алкилглицеридтер иммундық жасушалардың синтезін жылдамдата отырып, ағзаның әртүрлі ауруларға төзімділігін арттырады.

«Корал-Майн» — қалдық маржандардың минералды композициясы, құрамында пайдалы макро-және микроэлементтер тұздары бар. Суға Корал-Майнды қосып, тұрақты тұтыну көптеген биохимиялық және физиологиялық процестерге қажет минералдардың ағзаға түсуін қамтамасыз етеді.

КАРДИОПЭК

Cardiopack

код: 80370



Жинақ:

- жүрек бұлшықетінің қоректенуін жақсартуға;
- тотығу күйзелісінен қорғауға;
- қалыпты жүрек ырғағын қолдауға;
- жүрекке қуат беруге септігін тигізеді.

Құрамы:

«ПентоКан» (3 қаптама, 60 көпіргіш таблетка),
«Коэнзим Q10» (60 капсула),
«Корал Таурин» (60 капсула),
«Корал Магний» (90 капсула).

Ең маңызды органдардың бірі жүрек денсаулығын сақтауға арналған «Кардиопэк» жинағы 60 күн қабылдауға арналған. Жинақтың белсенді компоненттері жүрек бұлшықетінің жасушаларына жан-жақты жағымды әсер етіп, жүректің жұмысын жақсартады және жеңілдетеді.

«ПентоКан» — керемет макроминерал болып саналатын және жасушадағы зат алмасу процестерін реттейтін белсенді калий көзі. ПентоКан жасушалар ішіндегі калийдің тұрақты концентрациясын қамтамасыз етеді, бұл жүректің дұрыс соғу ырғағын, су-минералды тепе-теңдікті сақтаудың және оксидативтік стресс жағдайында да жүрек жасушаларының төзімділігін сақтаудың кепілі.

«Коэнзим Q10» — ұзақ өмір сүруге мүмкіндік беретін және жүрек үшін ең жақсы дәрумен болып саналатын зат. Ол ағзада энергия өндіруге жауап беретін жасуша-митохондрияның құрамдас бөлігі болып табылады және АТФ синтезіне қатысады. Антиоксиданттық белсенділігі жоғары. Коэнзим Q10 —оның жеткілікті деңгейі жүректің қалыпты жиырылу қабілетін қамтамасыз етеді, қан ағымын жақсартады, бұл физикалық жаттығуларға төзімділікті арттырады және жүрек бұлшықетінің қартаю процесін баяулатады.

«Корал Таурин» жүректі нығайтады және қорғайды. Таурин аминқышқылы жүрек тіндерінде жоғары концентрацияда болады. Ол жүрек ырғағына жауап беретін минералдар - калий, натрий, кальций және магний алмасуын реттейді, калийдің миокард жасушаларынан шығуына жол бермейді, жүрек тамырларының жағдайын жақсартады.

«Корал Магний» — стресске қарсы. Ол бұлшықет тонусын және жүрек ырғағын реттейді, жүйке жүйесіне тыныштандыратын әсер етеді, жүректегі қан ағымын жақсартады, қан тамырларының қабырғаларында холестеринді түйіншектердің пайда болуының алдын алады. Жүрек бұлшықетінің энергетикалық әлеуетін, төзімділігін арттырады және жүктеме кездерінде қалпына келуіне ықпал етеді.

Коло-Вада Плюс 2 БАҒДАРЛАМАСЫ

Program 2 Colo-Vada Plus

код: 1200/91322 1 жиынтық (14 пакет)/91323 2 жиынтық (8 пакет)/91324
3 жиынтық (6 пакет)/91225 «Коло-Вада Микс» ұнтағы (16 пакет)/2150030 Блистер
«Супер-Флора» (30 капсула)



Қолдану

«Коло-Вада Плюс 2 бағдарламасы» қолдану нәтижесінде:

- ағзаның ас қорыту, бөлініс, тыныс алу, жүрек-қантамыр, лимфа жүйелерінің жұмысы жақсартуға;
- өмірлік тонусты пен жұмысқа қабілеттікті арттыруға;
- терінің күйін жақсартуға көмектеседі.

«Коло-Вада Плюс 2 бағдарламасы» ағзаны тазартуға және сау ішкі ортасын қалыптастыруға ықпал ететін кешенді бағдарлама, тіршілік ету ырғағын бұзбайды және жайсыздық сезімін әкелмейді. Бағдарлама 14 күнге есептелген және 3 кезеңнен тұрады, бұл жоғары сауықтыру әсерін алуға мүмкіндік береді.

1-кезең. Дайындық — 7 күн

Бағдарламаның бірінші кезеңі үшін № 1 — 14 пакет арналған, олардың әрқайсына келесі өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «Витамин С» («С дәрумені») (1 таблетка), «Люцерна» («Жоңышқа») (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «Набор трав № 2» («Шөптер жиынтығы № 2») (2 капсула), «Листья черного ореха» («Қара жаңғақ жапырағы») (2 таблетка) және «Супер-Флора» (14 капсула).

Бұл кезеңде организмді тазартуға дайындық өтеді, уытты заттар тоқ ішекке шығарылады. Ағза қоректік заттермен қамтамсыз етіледі, ішектің жұмысы реттеледі.

2-кезең. Тазарту — 4 күн

Бағдарламаның бірінші кезеңі үшін № 2 — 8 пакет арналған, олардың әрқайсына келесі өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «Витамин С» («С дәрумені») (1 таблетка), «Люцерна» («Жоңышқа») (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «Набор трав № 2» («Шөптер жиынтығы № 2») (1 капсула), «Листья черного ореха» («Қара жаңғақ жапырағы») (1 таблетка), «Супер-Флора» (8 капсула) және «Коло-Вада Микс» ұнтағы (16 пакет). Екінші кезеңде «Коло-Вада Микс» ұнтағының қоймалжың түзілім нысанында күшті ұлғаюы есебінен ішектің тазаруы өтеді, бұл түзілімнің ішектің ішіндегі тұрып қалған қоқыстарды бүркеп ағзадан және организмнен жеңіл шығаруға тамаша қабілеті бар.

3-кезең. Қалпына келтіру — 3 күн

Қалпына келтіру — 3 күн. Бағдарламаның үшінші кезеңі үшін № 3 — 6 пакет арналған, олардың әрқайсына келесі өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «Витамин С» («С дәрумені») (1 таблетка), «Люцерна» («Жоңышқа») (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «ДигестЭйбл» (1 капсула) және «Супер-Флора» (8 капсула). Үшінші кезеңде табиғи пробиотикалық өсірінділер (бифидо- және лактобактериялар) мен ас қорыту ферменттерінің (амилаза, протеаза, липаза, бромелайн, т.б.) кешені есебінен асқазанішек жолдары мен ішек микрофлорасы жұмысының қалпына келуі өтеді.

Коло-Вада ЛАЙТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Colo-Vada Light Program

код: 120050



Бағдарлама:

- ас қорыту жүйесін қалыпқа келтіруге;
- иммунитетті және зат тек алмасу процестерін белсенді етуге;
- терінің жағдайын жақсартуға;
- өмірлік тонусты арттыруға септігін тигізеді.

Құрамы:

I кезең:

«ДИ-ТОКС I», 20 капсула,
«ДИ-ТОКС II», 20 капсула,
«ГринГрин», 20 капсула.

II кезең:

«Лайт Микс», 12 пакет-саше.

III кезең:

«Ассимилятор», 20 капсула,
«Супер-Флора», 30 капсула,
«ГринГрин», 20 капсула.

«Коло-Вада Лайт» бағдарламасы — бұл ағзаны тазарту, уытсыздандырудың табиғи механизмдерін белсенді ету, ас қорыту жолдарының және тұтастай ағзаның жұмысын қалыпқа келтіру бағытындағы жаңа кешенді бағдарлама. Оның құрамына тек табиғи шығу тегі бар ингредиенттер кіреді. Бағдарлама 14 күнге есептелген және қатарынан өтетін 3 кезеңнен тұрады. Бұл кезеңдер үйреншікті өмір салтымен жақсы үйлеседі және тамақтануда қатаң шектеулерді қажет етпегендіктен, «лайт» (light — ағылш. жеңіл) режимінде өтеді. Бағдарлама компоненттерін уақтылы және дұрыс қабылдаумен қатар, диеталық тағамға артықшылық бере отырып, денсаулыққа зиянды өнімдерден бас тарту керек.

1-кезең. Уытсыздану — 5 күн

«ДИ-ТОКС I» және «ДИ-ТОКС II» — бұл бөрікгүл, алатікен, зімбір, үлкен түйежапырақ жүгері тұмсығы, сәлбен, қызыл мия сияқты танымал уытсыздандырғыш өсімдіктерден тұратын фитокешендер. Бұл өсімдіктердің әсері негізінен ағзаның табиғи тазаруына жауап беретін өмірлік маңызды мүшелер - бауыр мен бүйректің жұмысын белсенді етуге бағытталған. 12 өсімдік ингредиентінен тұратын «ГринГрин» кешенінде табиғи белсенді компоненттердің — дәнді дақылдардың (бидай мен арпаның шырыны мен өсінділері), балдырлардың (спирулина, қызыл балдыр және хлорелла), жеміс-жидектер мен көкөністердің (таңқурай, көкжидек, ананас, қызылша және сәбіз) мол көзі бар. Ішектің жиырылғыштығын жақсартады, токсиндер мен тіршілік қалдықтарын жоюға, пайдалы микрофлораны қалпына келтіруге көмектеседі.

2-кезең. Тазару — 4 күн

«Лайт Микс» ұнтағының құрамында жолжелкен тұқымдарының қауызы, «ГринГрин» қоспасы, кәдімгі зығыр тұқымы, бентонит және қара өрік бар.

Екінші кезеңде ішек қарқынды тазартылады. Шөп қоспаларының тағамдық талшықтарымен күшейтілген жолжелкен тұқымдарының қабығы ішек қатпарларында жиналған қалдық өнімдерді «сыпырған» щетка сияқты әрекет етеді, бентонит токсиндерді байланыстырады, зығыр тұқымдары бүркеуіш және жұмсартқыш әсерге ие, балдырлар мен қара өрік жиырылғыштықты күшейтеді.

3-кезең. Қалпына келтіру — 5 күн

Үшінші кезең уақытында пробиотиктік дақылдар мен ферменттер кешені ішек микрофлорасы мен ас қорыту процесінің теңгерімін қалыпқа келтіруге ықпал етеді. Өсімдік фитонутриенттерімен үйлесе отырып, ас қорыту жүйесінің функциялары белсенді және толық қалпына келеді.

Бағдарламаны кезінде «Корал-Майн» минералды қоспасымен су ішу режимін және тамақтану бойынша ұсынымдарды сақтау ұсынылады.

Коло-Вада Грин Бағдарламасы

Program Colo-Vada Green

код: 120060/91302 1-жиынтық (14 пакет)/код: 91303 2-жиынтық (8 пакет)/
91304 3-жиынтық (6 пакет)/Коло-Вада Микс, ұнтақ (8 пакет)/
және Лайт Микс, ұнтақ (8 пакет)/Супер-Флора (30 капсула)



Бағдарлама:

- ағзаның ас қорыту, бөліну, тыныс алу, жүрек-тамыр және лимфалық жүйесінің жұмысын қалпына келтіруге;
- өмірлік тонусты және жұмысқа қабілеттілікті арттыруға;
- терінің жай-күйін жақсартуға көмектеседі.

«Коло-Вада Грин» бағдарламасы — ағзаны тазартуға және заттектің алмасуын оңтайландыруға себептесетін кешенді бағдарлама. Бағдарлама 14 күнге арналған және әрқайсысы белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған 3 бірізді кезеңнен тұрады. Бағдарламадан өту тамақтану рационасын түзетуді ұйғарады, алайда өмір ырғағын өзгертуді талап етпейді.

1-ші кезең ДАЙЫНДЫҚ — 7 күн

Бағдарламаның бірінші кезеңі үшін № 1 14 пакет арналған, әрқайсысына мынадай өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «С дәрумені» (1 таблетка), «Люцерна» (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «№ 2 шөптер жиыны» (2 капсула), «Қара жаңғақ жапырақтары» (2 таблетка) және «Супер-Флора» (14 капсула). Осы кезеңде ағзаны қарқынды тазартуға дайындық басталады: ішектің жұмысы ынталандырылады, оның микрофлорасының жай-күйі жақсарады. Өмірлік күштерді сақтау үшін рацион дәрумендер мен минералдармен байытылады.

2-ші кезең ТАЗАРТУ — 4 күн

Бағдарламаның екінші кезеңі үшін № 2 8 пакет арналған, әрқайсысына мынадай өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «С дәрумені» (1 таблетка), «Люцерна» (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «№ 2 шөптер жиыны» (1 капсула), «Қара жаңғақтың жапырақтары» (1 таблетка), «Супер-Флора» (8 капсула), «Коло-Вада Микс» ұнтағының 8 пакеті және «Лайт Микс» ұнтағының 8 пакеті. Екінші кезеңде «Коло-Вада Микс» пен «Лайт Микс» ұнтақтарынан жасалған коктейлдің есебінен ішектің қарқынды тазаруы болады. Коктейльдің екеуі де ішекте тұрып қалған нәрсені тұмшалап, жұмсарту, токсиндерді сорып алу қабілеттігіне ие. Бұдан басқа, коктейльдер зиянды заттардың шығарылуын жеңілдетіп, перистальтиканы жақсартады. Ағзаны дәруменді-минералдық демеу осы және келесі кезеңдерде де жалғасады.

3-ші кезең ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ — 3 күн

Бағдарламаның үшінші кезеңі үшін № 3 6 пакет арналған, оларға мынадай өнімдер кіреді: «Алтимейт» (1 таблетка), «С дәрумені» (1 таблетка), «Люцерна» (2 капсула), «Каскара Саграда» (1 таблетка), «ДигестЭйбл» (1 капсула) және «Супер-Флора» (8 капсула). Үшінші кезең пробиотикалық дақылдар (бифидо-және лактобактериялар), пребиотиктер және ас қорыту ферменттері (амилаза, протеаза, липаза, бромелайн және басқа) кешенінің есебінен ішектің микрофлорасын қалпына келтіруге және асқазан-ішек жолдарының жұмысын нормалауға бағытталған.

КОРАЛ ДЕТОКС

Coral Detox

код: 8035007



Бағдарлама:

- иммунитетті нығайтуға;
- аллергиялық әсерлерді азайтуға;
- қышқыл-сілтілік теңгерімді реттеуге;
- терінің жағдайын жақсартуға септігін тигізеді.

Құрамы:

«Ассимилятор» (90 капсула),
«Н-500» (60 капсула),
«Күнбағыс Лецитині» (120 капсула),
«Корал-Майн» (30 саше).

«Корал Детокс» бағдарламасы — ағзаны уытсыздандыруға ықпал ететін сауықтыру бағдарламасы. Токсиндерді шығаруға және ағзаның өзін-өзі реттеу қабілетінің қалпына келуіне көмектеседі.

Бағдарлама авторлары: Ресейдің еңбек сіңірген дәрігері, м. ф. д., профессор В. М. Подхомутников және м. ф. к., доцент О. В. Подхомутникова.

Бағдарлама 30 күн қабылдауға арналған және 4 өнімнен тұрады. «Корал Детокс» бағдарламасы ағзаға экзотоксиндерді (қоршаған ортадан ағзаға ауа, су және тамақпен бірге түскен сыртқы уыттар) және эндотоксиндерді (ағзада тіршілік әрекеті процесінде пайда болатын ішкі уыттар) шығаруға көмектеседі. Олар ағзада жиналады да, денсаулықта кінәраттар туындатады.

Эндо- және экзотоксиндердің 80% суда ериді, 20% майдың қатысуымен ериді. Токсиндердің тұрақты жойылу процесінің бұзылуы ағзада интоксикацияның дамуына жағдай жасайды.

Ағза әртүрлі токсиндерден әрдайым өздігінен арыла алмайды. Бұл жағдайда оған «Корал Детокс» бағдарламасы көмектесе алады.

«Корал-Майн» ауыз суды баптауға арналған минералды композиция және «Н-500» күшті антиоксидант суда еритін экзо- және эндотоксиндерді байланыстыруға және ағзадан ықпал етеді.

Майда еритін токсиндерді бейтараптандыру үшін бағдарламаның құрамына ас қорыту ферменттері мен А және D дәрумендерінің көзі - «Ассимилятор» және фосфолипидтер көзі — «Күнбағыс Лецитині» кіреді. «Ассимилятор» тағамның сапалы ыдырауына ықпал етеді, бұл ас қорыту жолында токсиндердің пайда болуын азайтады. «Корал Лецитин» жасуша мембраналарын зақымданудан қорғайды және токсиндерді шығаруға көмектеседі.

КОРАЛ ДЕТОКС ПЛЮС

Coral Detox Plus

код: 8036007



Бағдарлама:

- тері жағдайын жақсартуға;
- аллергиялық әсерлерді азайтуға;
- иммунитетті нығайтуға;
- жұмысқа қабілеттілікті жақсартуға септігін тигізеді.

Құрамы:

- «Ассимилятор» (90 капсула)
- «Н-500» (60 капсула)
- «Күнбағыс Лецитині» (120 капсула)
- «Корал-Майн» (30 саше)
- «ПентоКан» (20 көпіргіш таблеткадан тұратын 2 қаптама)
- «Корал Жоңышқа» (120 капсула)

Күшті әсер үшін арналған «Корал Детокс» бағдарламасының кеңейтілген нұсқасы.

«Корал Детокс Плюс» бағдарламасының қосымша белсенді компоненттері жасушадағы зат алмасуды қалыпқа келтіруге және токсиндердің шығуын тездету үшін сау ішек микрофлорасын қалпына келтіруге ықпал етеді.

«ПентоКан» — жасушаның ішінде калийдің тұрақты концентрациясын қамтамасыз ететін, биоқолжетімді нысандағы калий көзі, ал бұл жасушаның және жалпы ағзаның саулығының кепілі болып табылады.

«Корал Жоңышқа» — құрамында жасұнық, дәрумендер мен минералар бар және ішек микрофлорасының тіршілік етуіне жағымды жағдайлар жасайды.

МЕНТАЛ ФОРС

Mental Force

код: 80610



Бағдарлама:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтауды жақсартуға;
- зейін қояуды арттыруға;
- ақыл-ой қабілеттерін арттыруға;
- мазасыздық пен тітіркену деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

Құрамы:

- «Мемо-Прайм» (30 капсула)
- «Корал Карнитин» (10 капсула)
- «Корал Лецитин» (30 капсула)
- «Корал Магний» (20 капсула)
- «Корал Таурин» (30 капсула)
- «О!Мега-3 ТГ» (30 капсула)
- «ГринГрин» (30 капсула)
- «Корал-Майн» (30 саше)

«Ментал Форс» – мидың когнитивтік функциясын қолдауға арналған кешенді бағдарлама.

«Ментал Форс» бағдарламасының құрамына есте сақтауды, зейінді, тепе-теңдікті жақсартуға, ақыл-ой қабілетін арттыруға, психоэмоционалды көңіл-күйді қалыпқа келтіруге бағытталған өнімдер кірді.

Бағдарлама миды қорғауды қамтамасыз ететін, қан айналымын жақсартатын, оттегі мен қоректік заттармен қамтамасыз ететін, ми энергиясын арттыратын 8 өнімнен тұрады. Бағдарлама 30 күнге есептелген және 10 күн қатарынан қабылдау көзделген 3 кезеңнен тұрады.

1 кезең

«Корал-Майн» (10 саше), «Корал Лецитин» (10 капсула), «Корал Магний» (10 капсула), «Корал Таурин» (10 капсула), «Мемо-Прайм» (10 капсула), «О!Мега-3 ТГ» (10 капсула).

Бастапқы кезеңде бағдарламаның белсенді компоненттері ми жасушаларын тотығу күйзелісінің әсерінен қорғайды, мидағы қан айналымына оң әсер етеді және ми жасушаларындағы зат алмасуды қалыпқа келтіреді. Бұл кезең шаршағыштықты, тітіркенуді азайтуға, ұйқыны қалыпқа келтіруге бағытталған.

2 кезең

«Корал-Майн» (10 саше), «Корал Лецитин» (10 капсула), «Корал Магний» (10 капсула), «Корал Таурин» (10 капсула), «Мемо-Прайм» (10 капсула), «О!Мега-3 ТГ» (10 капсула), «ГринГрин» (20 капсула).

Екінші кезеңде ми жасушаларын қосымша қоректендіру және оттегімен қанықтыру орындалады. Омега-3 қуаныш гормоны деп аталатын серотонин метаболизмін жақсартады. Бұл кезең зейін қояуды, «жедел» және ұзақ мерзімді жадтың қалыптасуын, тепе-теңдікті және реакция жылдамдығын жақсартуға көмектеседі.

3 кезең

«Корал-Майн» (10 саше), «Корал Карнитин» (10 капсула), «Корал Лецитин» (10 капсула), «Корал Таурин» (10 капсула), «Мемо-Прайм» (10 капсула), «О!Мега-3 ТГ» (10 капсула), «ГринГрин» (10 капсула).

Бұл соңғы кезеңде мидың әлеуетті мүмкіндіктері іске қосылады. Ақыл-ой қабілеті артады, көңіл-күй мен ағзаның жалпы тонусы жақсарады. Ағзаның энергетикалық әлеуеті қалпына келеді, бұл ми жасушаларының ерте қартаюына жол бермейді.

НУТРИПЭК

Nutripack

код: 8034007



Жинақ:

- жүрек-қантамырлары, жүйке, ас қорыту және иммундық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті маңызды нутриенттердің ағзаға түсуіне;
- ағзадағы зат алмасу және регенерациялық процестерді қалпына келтіруге;
- тамақ рационын түрлендіруге септігін тигізеді.

Құрамы:

«Корал Жоңышқа» (120 капсула),
«Премиум Спирулина» (200 таблетка),
«Күнбағыс Лецитині» (120 капсула),
«О!Мега-3 ТГ» (30 капсула),
«Супер-Флора» (30 капсула),
«Корал-Майн» (30 саше).

«Нутрипэк» жинағы тамақтану рационын табиғи шығу тегі бар маңызды нутриенттермен күнделікті байыту үшін жасалған.

Дұрыс тамақтану үшін көптеген қоректік заттарды (антиоксиданттар, фосфолипидтер, полиқанықпаған майлы қышқылдар, минералдар, пробиотиктер, жасұнықтар) үнемі қабылдау қажет. Шикізатты қарқынды өңдеу технологиялары, тамақтану әдеттері және адамдардың өмір салты салдарынан қазіргі заманғы рационда бұл қоректік заттар тапшы. «Нутрипэк» жиынтығында алмастырылмайтын қоректік заттардың негізгі топтары бар. Сонымен қатар, олардың барлығы табиғи өнімдерден алынған, сондықтан табиғи тағамның жетіспеуі жағдайында бұның маңызы өте зор.

«Корал Жоңышқа» — құрамында жоңышқа шөптерінің жапырақ шырыны мен ұнтағы бар. Жоңышқа ағза үшін маңызды минералдарға (кальций, темір, фосфор, магний, күкірт, калий, кремний) бай және құрамында өсімдік тектес сирек минералдар бар (мысалы, фтор). Онда дәрумендер (С, Е, К, В тобы), органикалық қышқылдар және хлорофилл жеткілікті көп деңгейде.

«Премиум Спирулина» Спирулина — биологиялық белсенді заттардың нағыз көзі — онда өсімдік ақуызы, хлорофилл, сирек антиоксидант — фикоцианин, С, Е, В дәрумендері, бета-каротин, минералдар және полиқанықпаған майлы қышқылдар өте көп. Қосымша заттарсыз, 100% табиғи құрам.

«Күнбағыс Лецитині» ағзаға оксиданттардан зақымдалған жасуша мембраналарын қалпына келтіру үшін күн сайын қажет фосфолипидтер көзі. Лецитиннің құрамында ми мен жүйке жүйесіне пайдалы әсер ететін холин мен инозитол да бар.

«О!Мега-3 ТГ» — алмастырылмайтын полиқанықпаған май қышқылдарының көзі (ПҚПМҚ). Омега-3 ПҚПМҚ жасуша мембраналарының құрамына кіреді, гормондардың синтезіне қатысады, холестерин деңгейін төмендетуге септігін тигізеді. Омега-3 ПҚПМҚ-ны жеткілікті мөлшерде қабылдау ми, жүрек, көз және тері үшін өте маңызды. Өнім теңіз балықтарының табиғи майынан алынған.

«Супер-Флора» — ішек микрофлорасын қалыпқа келтіруге арналған пробиотиктер (бифидо — және лактобактериялар) мен инулин пребиотигінің теңгерілген үйлесімі. Ішектегі пайдалы бактериялар санының көбеюінің нәтижесінде ас қорыту процесі жақсарады, иммунитет күшейеді.

«Корал-Майн» — қалдық маржандардың минералды композициясы, құрамында пайдалы макро-және микроэлементтер тұздары бар. Сумен әрекеттескен кезде тұздардан алынған минералдар суға араласып, оның физиологиялық пайдалылығы мен органолептикалық қасиеттеріне оң әсер етеді.

ПАРАШИЛД

Parashield

код: 80320



Жинақ:

- ішекті әртүрлі ішкі паразиттерден (ішек құрттары, аскарида, описторхтар, лямблия, токсокар және т. б.) тазартуға;
- ағзаны уытсыздандыруға;
- иммунитетті нығайтуға;
- сау ішек микрофлорасын қалпына келтіруге және өзінің пайдалы бактериялары санының өсуіне септігін тигізеді.

Құрамы:

«Корал Бурдок Рут» (90 капсула),
«МСМ» (60 капсуласы),
«Супер-Флора» (90 капсуласы),
«Корал-Майн» (30 саше),
«ПараФайт» (90 капсула).

«Парашилд» жинағы ішкі паразиттерден қорғау үшін жасалған.

Паразиттерді жұқтыру көздері біздің айналамызда өте көп, ал гигиена ережелерін сақтау оны жұқтырмау үшін үнемі жеткілікті бола бермейді. Нақты белгілердің болмауына байланысты көбінесе паразиттердің жұққанын анықтау қиын. Ағзаға түскен соң паразиттер ағзадан қоректік заттарды алып қана қоймайды, сонымен қатар оны өзінің тіршілік әрекетінің өнімдерімен улайды, көптеген алмасу процестерін (атап айтқанда, тамақтың сіңіюін және ішектің жұмысын) және ағзаның ішкі ортасының күйін (мысалы, ішек микрофлорасын) бұзады. Құрамында антигельминттік әсерімен өсімдік сығындылары, сондай-ақ минералдар мен пробиотиктер бар жиынтық өнімдерді қабылдау ағзаңызды кешенді қорғауға және денсаулықты сақтауға көмектеседі.

«ПараФайт» — паразиттерге қарсы кең ауқымды әсері бар зат. Оның негізіне 12 өсімдік: қара жаңғақ, қалампыр, көкгүл, ұзын бұрыш, мыңжапырақ, жалбызтүкен, сарымсақ, бұрышжалбыз, жебір, сәлбен және киікоты сығындыларының жиынтығы алынған. Бұл сығындылардың белсенді компоненттерінің кешенді әсері паразиттердің дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі тіршілігіне кедергі келтіреді, олардың ағзадан шығаруына септігін тигізеді, ішектегі шіру және ашу процестерін жеңуге көмектеседі.

«Корал Бурдок Рут» — құрамында түйежапырақ тамыры және сығындысы бар, ол белсенді заттардың концентрациясын арттырады. Өнімнің белсенді ингредиенттері ағзаның өздігінен тазару процесін жеделдетеді және ас қорыту жолындағы патогенді бактериялардың өсуіне кедергі келтіреді.

«МСМ» — биожетімді органикалық күкірт (МСМ), С дәрумені және биотин негізіндегі синергиялық өнім. Өнімнің белсенді компоненттері ағздан көптеген улы заттарды шығаруға көмектеседі, антиоксидантты әсерге ие, терінің, шаштың және тырнақтың күйін жақсартады.

«Супер-Флора» — ішек микрофлорасын қалыпқа келтіруге арналған пробиотиктер (бифидо — және лактобактериялар) мен инулин пребиотигінің теңгерілген үйлесімі. Ішектегі пайдалы бактериялар санының көбеюінің нәтижесінде ас қорыту процесі жақсарады, иммунитет күшейеді.

«Корал-Майн» — қалдық маржандардың минералды құрамы пайдалы макро — және микроэлементтер (кальций, магний, калий және т.б.) тұздарынан тұрады. Сумен әрекеттескен кезде минералдар тұздан суға ауысып, оның физиологиялық пайдалылығы мен органолептикалық қасиеттеріне оң әсер береді.

ПАРАШИЛД ПЛЮС

Parashield Plus

код: 80330



Жинақ:

- әр түрлі ішкі паразиттерден (жыланқұрт, аскарида, описторх, лямблия, токсокар және т. б.) қарқынды тазартуға;
- ас қорыту жүйесінің жұмысын қалпына келтіруге;
- ішек микрофлорасын сауықтыруға;
- иммунитетті нығайтуға септігін тигізеді.

Құрамы:

«ПараФайт» (90 капсула),
«Корал Қара жаңғақ» (90 капсуласы),
«Корал Бурдок Рут» (90 капсула),
«Ассимилятор» (90 капсуласы),
«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы» (90 капсула),
«МСМ» (60 капсуласы),
«Супер-Флора» (90 капсуласы),
«Корал-Майн» (60 саше).

«Парашилд Плюс» — ішкі паразиттерден қарқынды қорғаныс үшін «Парашилд» жинағының кеңейтілген нұсқасы.

Жинақтың әсерін күшейту үшін оның құрамына 3 өнім: «Корал қара жаңғақ», «Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығы», «Ассимилятор» енгізілген, қабылдау ұзақтығы ұлғайтылған және қабылдаудың бірегей 6 кезеңдік схемасы әзірленген, онда өнімнің әрекет спектрін кеңейту, уытсыздандыруды жеделдету және паразиттерді ағздан шығару, ішек микрофлорасын қалпына келтіру және ас қорыту үшін белсенді компоненттер кезектестірілген.

«Корал Қара жаңғақ» — юглон, эфир майлары мен илік заттардың көзі. Мұндай белсенді компоненттер кешені гельминттермен күресуге және асқазан-ішек жолдарының жұмысын қалпына келтіруге көмектеседі. ПараФайтпен бірге қабылдаған кезде паразиттерге қарсы әсері күшейеді, ішектің жұмысы жақсарады.

«Селен қосылған құмырсқа ағашының қабығында» патогендік микроағзалардың тіршілік етуіне кедергі келтіретін және ағзаның иммундық жүйесін күшейтетін құнды заттар - нафтохинондар (лапахол, бета-лапахол) бар. Селен мен С дәрумені антиоксидантты қорғанышты қамтамасыз етеді, сонымен қатар иммунитетке оң әсер етеді. Олар бүкіл кешеннің синергиялық әсерін толықтырады және күшейтеді. Корал қара жаңғақпен бірге қабылдау патогендік бактериялар мен саңырауқұлақтардың көбеюіне жол бермейді және паразиттерден зақымдалған тіндер мен мүшелерді қалпына келтіру процестерін жеделдетеді.

«Ассимилятор» — бұл тағамның сапалы ыдырауына және ас қорытуды қалыпқа келтіруге ықпал ететін ас қорыту ферменттерінің кешені. Токсиндерді бейтараптандыруға және ағздан шығаруға көмектеседі.

код: 80710



Жинақ:

- ағзаның минералды балансын қалпына келтіруге;
- уыттардың шығарылуын жеделдетуге;
- психоэмоционалды тепе-теңдік пен көңіл-күйді жақсартуға;
- ұйқыны жеңілдетуге және ұйқының сапасын жақсартуға;
- ішек микрофлорасын қалпына келтіруге;
- әлсіреген иммунитетті күшейтуге көмектеседі.

Құрамы:

«Оушенмин» (2 қаптама, 30 стик),
«Корал Артишок» (90 капсула),
«Пентокан» (40 капсуласы),
«Селен» (100 капсуласы),
«МСМ» (60 капсуласы),
«Супер Флора» (90 капсуласы),
«Грифония» (60 капсула).

Ауыр респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмау көптеген адамдар жыл бойы бірнеше рет шалдығатын барлық жұқпалы аурулардың 90% құрайды. Жаңа коронавирустық инфекция бұрынғылардан ауыр жағдайлардың жиілігімен, аурудың ұзақтығынан және одан да ауыр зардаптарынан ерекшеленеді. Науқастар көбінесе жалпы әлсіздік, шаршау, ұйқының бұзылуы, мазасыздықтың жоғарылауы, ас қорыту проблемалары, шаштың түсуі туралы алаңдайды. Мамандар тіпті қалпына келтірілгеннен кейін байқалатын және 12 аптаға дейін, кейде одан да ұзаққа созылатын ұзақ мерзімді белгілерді біріктіретін «ковидт синдром» деген жаңа терминді енгізді.

«Рикавер» жиынтығы инфекциядан кейін дененің функцияларын қалпына келтіруге және тез толыққанды өмірге оралуға арналған.

Белсенді компоненттердің әрекеті:

Минералдар (магний, калий, селен, күкірт, кальций). Инфекция кезінде организм көптеген минералдарды жоғалтады, олардың жетіспеушілігі әртүрлі органдар мен жүйелердің жұмысына теріс әсер етеді. «Оушенминнен» және «Пентоканнан» түсетін электролит-минералдардың (калий мен магний) қосымша қабылдау жүрек-тамыр, бұлшықет және жүйке жүйелерінің қалыпты жұмыс жасуына қажетті ағзаның су-тұз балансын қалпына келтіруді тездетеді. Су-тұз теңгерімін қалыпқа келтіру жұмыс қабілеттілігі мен төзімділікті қалпына келтіруге, шаршау сезімін жеңуге мүмкіндік береді. Органикалық алынған күкірт (МСМ) және селен терінің, шаштың және тырнақтың күйін жақсартады, антиоксиданттық қорғанысты арттырады, иммундық жүйені нығайтады.

Дәрімендер (В тобындағы дәрумендер және С дәрумені). В6, В12 витаминдері («Грифония» құрамына кіреді) синергиялық әрекет етеді және жүйке жүйесі саулығы мен танымдық функцияны қолдайды. В7 дәрумені немесе биотин («МСМ» құрамына кіреді) шаш пен тырнақтың негізгі ақуызы - кератин синтезі үшін қажет. Шаш пен тырнақтың сыртқы түрі мен жағдайын жақсартады, өсуді тездетеді және шаштың түсуіне жол бермейді. С дәрумені («МСМ», «Пентокан», «Селен» құрамына кіреді) иммунитетті нығайтады және инфекциядан кейін қалдық құбылыстарды тез жеңуге көмектеседі.

Пробиотиктер және пребиотиктер. Ішектің пайдалы микрофлорасының мөлшерін арттырады, бұл қоректік заттардың сіңуін жақсартуға, ішектегі ыңғайсыздықты азайтуға, нәжісті қалыптастыруға, иммунитетті нығайтуға мүмкіндік береді.

Өсімдік гепатопротекторлары. Бауыр ауру мен дәрілік терапияға байланысты үлкен жүктемеге ұшырайды. Артишок, сүт ошағаны, бақбақ тамыры және бетаин бауыр жасушаларын қорғайды және қалпына келтіреді және токсиндердің шығарылуын тездетеді.

5-НТР өсімдік көздері. Грифония сығындысы эндорфиндердің синтезін арттырады, бұл мазасыздық, жабырқаулық сезімін азайтуға көмектеседі, көңіл-күй мен ұйқыны жақсартады.

САУ ІШЕК

Healthy Gut. Onestack

код: 8051030



Бағдарлама:

- ішек жұмысының қалпына келуіне;
- иммунитетті нығайтуға, ағзаның инфекциялар мен вирустарға төзімділігін арттыруға;
- зат алмасудың дұрысталуына;
- сырт келбет пен көңіл-күйдің жақсаруына септігін тигізеді.

Сау Ішек - бұл күшті иммунитеттің, ағзаның барлық жүйелерінің үйлесімді жұмысының, сырт келбеттің әсемдігінің және жақсы көңіл-күйдің кепілі. «Сау Ішек» нысаналы бағдарламасы ішектің және жалпы ас қорыту процесінің кешенді кезең-кезеңмен сауығуына ықпал етеді. Бағдарламаға ішекті тазартуға, оның дұрыс жұмысын қалпына келтіруге және оңалтуға бағытталған 17 өнім кіреді. Бағдарлама 30 күнге есептелген және әрқайсысы 10 күнге созылатын 3 қатар кезеңнен тұрады.

Бағдарлама 30 күнге есептелген және әрқайсысы 10 күнге созылатын 3 қатар кезеңнен тұрады.

1-кезең

«Супер-Флора» (10 капсула), «Корал Қара Жаңғақ» (20 капсула), «Шайнайтын Папайя» (10 таблетка), «Корал Жоңышқа» (10 капсула), «Корал Лецитин» (10 капсула), «Корал Карнитин» (10 капсула), «Заферан» (10 капсула), «Корал Бурдок» (10 капсула), «Каскара Саграда» (10 таблетка), «Корал-Майн» (10 саше).

Бірінші кезеңде ішек жұмсақ тазарады және нәжіс қалпына келеді. Ағза улы заттардан, паразиттерден (гельминттерден) және қалдық өнімдерден арылады. Уытсыздандыру процестері күшейеді, бауырдың, өт қабының, бүйректің жұмысы жақсарады.

2-кезең

«Супер-Флора» (10 капсула), «Корал Артишок» (10 капсула), «Ассимилятор» (10 капсула), «Корал Лецитин» (10 капсула), «АкваОкс» (10 капсула), «Заферан» (10 капсула), «Корал Магний» (10 капсула), «Корал-Майн» (10 саше).

Бағдарламаның екінші кезеңі ішектің пайдалы микрофлорасын біртіндеп қалпына келтіруге, асқорытуды және нутриенттердің сіңуін жақсартуға, ішектің сөл бөлу қызметін белсенді етуге бағытталған. Бұл үшін бағдарлама ас қорытуды дұрыстайтын және ферменттер синтезін реттейтін пайдалы бактериялардың санын көбейтуге және қалпына келтіруге ықпал ететін өнімдерді қамтиды. Бұл сауықтыру процесінің өте маңызды бөлігі, нәтижесінде АІЖ-ның қоректік заттарды сіңіру және өмірлік нәр алу сапасы артады.

3-кезең


«Супер-Флора» (10 капсула), «Шайнайтын Папайя» (10 таблетка), «Корал Таурин» (10 капсула), «О!Мега-3 TG» (10 капсула), «Корал Люцерна» (10 капсула), «Заферан» (10 капсула), «Корал Магний» (10 капсула), «ГринГрин» (10 капсула), «Корал Бурдок» (10 капсула), «Корал-Майн» (10 саше).

Бағдарламаның үшінші кезеңінен өту кезінде ас қорыту функциясы қалыпқа келеді. Ішек микрофлорасын қалпына келтіру жалғасады. Пайдалы бактериялардың санын көбейту және қажетті қорекпен қамтамасыз ету үшін бағдарламаға құрамында тағамдық талшық деңгейі жоғары өнімдер кіреді. Ферменттер қоректік заттардың сапалы қорытылуына және сіңуіне ықпал етеді. Дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі дұрысталады. Антиоксиданттар ас қорыту жүйесінің тіндерін қорғайды және олардың регенерациясына ықпал етеді.

Судан Баста

Water Pack

код: 80301/80307/80308



Жинақ:

- ағзаның жалпы жағдайын жақсартуға;
- су-тұз теңгерімін қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Құрамы:

«Корал-Майн» (30 саше),
«Kor Delta» бөтелкеде (түстері сұрыпталымда).

«Судан Баста» жинағы — ағзаны гидраттандыруды жақсартудың ең қарапайым және жағымды мүмкіндігі.

Бүкіл ағзаның жұмысы оңтайлы су-тұз теңгеріміне байланысты. Сұйықтықтың жетіспеушілігі сырт келбетке және көңіл-күйге ғана әсер етіп қоймай, созылмалы ауруларға әкеп соқтыруы мүмкін.

«Корал-Майн» минералды композициясы Жапонияда теңіз түбінен алынған склерактин жұрнақ маржандарынан жасалады. Олардың құрамында кальций, магний, натрий, калий минералдарының және басқа да көптеген минералдардың тұздары болады. Суға түскенде минералдар су дәмін жақсартады, қаттылығын азайтады, ағзадағы минералды және қышқыл-сілтілік теңгерімін қалпына келтіреді.

«Kor Delta» экологиялық пластикінен жасалған 750 мл инновациялық бөтелке эргономикалық дизайнымен, гигиеналығымен және күтім жасауға ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Бұл судың пайдалы қасиеттерін ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

Жинаққа су туралы пайдалы ақпарат пен ауыз су режимін қалай дұрыс ұйымдастыру туралы ұсынымдар берілген **Z-картасы** кіреді.

СҮПҮТҮК





PRIVILEGE



Privilege –

сіздің теріңіздің мінсіз текстурасына, серпімділігіне және жастығына арналған анти-эйдж заттардың премиум санатындағы өнім.

Топтама Гавай аралдарының таза экожүйесінен алынған табиғи өсімдік компоненттеріне негізделген. Privilege сұлулық формуласының негізгі компоненті – Кона кофесі, оның айрықша қарсы ерекше қасиеттері бар.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ МЕН МАЙЫ ҚОСЫЛҒАН БЕТТІ ЖУУҒА АРНАЛҒАН СҮТШЕ

Privilege Milk Cleanser

код: 6001 шығарылу түрі: 100 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, натрий С12-16 олефинсульфонат, глицерин, кокамидопропилбетаин, феноксиэтанол, динатрий кокоамфодиацетат, арабика кофесінің майы, гликоль дистеарат, ПЭГ-150 пентаэритрил тетрастеарат, натрий хлориді, каприлил гликоль, каприлил/каприлгликозид, лаурил глюкозид, натрий гликоляты, этилгексилглицерин, гексилен гликоль, натрий сульфаты, кокос қышқылы, натрий дигликоляты, тетрацеден, Е дәрумені, гексацеден, натрий цитраты, натрий бикарбонаты, С дәрумені (3-О-этил-аскорбин қышқылы), ерігіш коллаген, А дәрумені, тетранатрий ЭДТА, робуста кофесінің сығындысы, көк шай жапырағының сығындысы, токоферол, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, метилхлоризотиазолинон, гиалурон қышқылы, метилизотиазолинон, калий сорбаты, тринатрий ЭДТА, лимон қышқылы, карамель.

Бетті мұқият тазарту және ылғалдандыру

Таңертең сүтше теріңізді мұқият сергітеді, тазартады және ылғалдандырады. Кешке-терінің тесігін ластанудан тазартады, макияжды кетіреді және шаршаған теріні тыныштандырады.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы мен майы теріні оятып, сергітеді, тіндердегі зат алмасу процестерін белсенді етеді және терінің қорғаныш қасиеттерін қалпына келтіреді.

Ылғалдандыратын және тыныштандыратын әсер беретін **алоэ жапырақтарының шырыны** (органикалық) терінің барлық нысаныне сәйкес келеді.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді.

Көк шай жапырақтарының сығындысы терінің серпімділігін жақсартады, тері саңылауын тазартады, тарылтады, тітіркенуді азайтады.

PRIVILEGE Кофе сығындысы мен майы қосылған бетке арналған скраб

Privilege Facial Scrub

код: 6002 шығарылу түрі: 50 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, пропиленгликоль, каприлик/каприк триглицерид, пентиленгликоль, арабика кофесінің ұсақталған дәні, грек жаңғағының ұсақталған қабығы, карбомер, цетеарил спирті, феноксиэтанол, каприлил гликоль, цетеарет-20, арабика кофесінің майы, натрий гидроксиді, Е дәрумені, ерігіш коллаген, А дәрумені, глицерин, сорбин қышқылы, күріш сығындысы, робуста кофесінің сығындысы, органикалық түймедақ гүлінің сығындысы, токоферол, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, биосахаридті шайыр-1, калий сорбаты, соя бұршағының пероксидазасы, супероксиддисмутаза, тринатрий ЭДТА, карамель.

Теріні тазарту және тегістеу

Хош иісті кофе скрабының құрамына ұсақталған кофе дәндері мен өлі жасушаларды мұқият қабыршақтайтын, терінің өңін жақсартатын және тегістейтін жаңғақ қабықтары кіреді.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы мен майы теріні оятып, сергітеді, тіндердегі зат алмасу процестерін белсенді етеді және терінің қорғаныш қасиеттерін қалпына келтіреді.

Ылғалдандыратын және тыныштандыратын әсер беретін алоэ (органикалық) жапырақтарының шырыны терінің барлық нысаны үшін сәйкес келеді

Кофесінің ұсақталған дәндері мен жаңғақ қабығы өлі тері жасушаларын ақырын қабыршақтап, олардың жаңаруына себеп болады. Теріні тегістейді және беттің түсін жақсартады

А және Е дәрумендері реңді тегістейді және теріні ағартады

Теніз коллагені теріні тегістейді және жұмсартады.

Түймедақ гүлінің (органикалық) сығындысы сезімтал және реактивті теріні тыныштандырады және жұмсартады

Супероксиддисмутаза мен пероксидаза эпидермистің тосқауыл функцияларын қалпына келтіреді.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ МЕН МАЙЫ ҚОСЫЛҒАН БЕТКЕ АРНАЛҒАН ЫЛҒАЛДАНДЫРҒЫШ ТОНИК

Privilege Hydrating Toner

код: 6003 шығарылу түрі: 100 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, глицерин, виргин гамамелисінің сығындысы, су, гептил глюкозамид, 1,2-гександиол, каприлил гликоль, этанол, калий сорбаты, арабика кофесінің майы, ерігіш коллаген, робуста кофесінің сығындысы, феноксиэтанол, гептанол, С дәрумені (натрий аскорбил фосфат), гиалурон қышқылы, Е дәрумені, А дәрумені, рим түймедағы күлтелерінің сығындысы, этилгексилглицерин, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, токоферол, тринатрий ЭДТА, карамель.

Теріні ылғалдандыру және сергіту

Сүтшені қолданғаннан кейінгі теріні тазарту процесін аяқтайды, тері тесігін тартады, терінің рН теңгерімін қалыпқа келтіреді, теріні сергітеді және ісінуді азайтады. Теріні макияжға дайындайды. Органикалық алоэ шырыны көп болуының арқасында теріні қарқынды ылғалдандырады.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы мен майы теріні оятып, сергітеді, тіндердегі зат алмасу процестерін белсенді етеді және терінің қорғаныш қасиеттерін қалпына келтіреді.

Алоэ жапырақтарының шырыны (органикалық) терінің барлық нысаны үшін сәйкес келеді, ылғалдандыратын және тыныштандыратын әсер береді.

Виргин гамамелисінің сығындысы тамыр торын, майлы жылтырды және терінің қабыршақтануын азайтады, тері тесігін тарылтады, терінің түсін жақсартады.

Рим түймедағы күлтелерінің сығындысы теріге тыныштандыратын әсер береді, ісінуді азайтуға септігін тигізеді.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ ҚОСЫЛҒАН КӨЗ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ТЕРІГЕ АРНАЛҒАН ҚАРҚЫНДЫ САРЫСУ

Privilege Intensive Eye Serum

код: 6004 шығарылу түрі: 30 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, су, ерігіш коллаген, глицерин, карбомер, феноксиэтанол, С дәрумені (3-О-этил-аскорбин қышқылы), пролин, треонин, каприлил гликоль, күріш сығындысы, робуста кофесінің сығындысы, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, сорбин қышқылы, органикалық түймедақ гүлінің сығындысы, натрий гидроксиді, қызыл балдыр сығындысы *Ahnfeltiopsis concinna*, асаи жемісінің жұмсағы, гиалурон қышқылы, Е дәрумені, А дәрумені, калий сорбаты, аргирелин (ацетил-гексапептид-8), этилгексилглицерин, гексилен гликоль, тринатрий ЭДТА, токоферол, соя бұршағының пероксидазасы, супероксидсмутаза, карамель.

Ерекше аймаққа арналған арнайы күтім

Жасартатын сарысу көздің айналасындағы нәзік терінің терең қабаттарына оңай енеді, оның серпімділігін қалпына келтіреді, ісінуді азайтады және мимикалық әжімдерді тегістейді. Кремді жағар алдында ұсынылады.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы жасартатын күшті әсерге ие. Терідегі алмасу процестерін белсенді етеді, оның ылғалдылық деңгейін сақтайды, серпімділікті қалпына келтіреді және фотоқартаудың алдын алады. Қанның микроциркуляциясын жақсарту арқылы ісінуді азайтады және алдын алады.

Алоэ жапырақтарының шырыны (органикалық), теңіз коллагені және гиалурон қышқылы көз айналасындағы жұқа және нәзік теріге күшті ылғалдандырушы және тыныштандырушы әсер береді.

Аргирелин мимикалық бұлшықеттерді босаңсытады, бар әжімдердің тереңдігін азайтады және жаңа әжімдердің пайда болуына жол бермейді. Бұл терінің терең қабаттарына енетін пептидтік кешен.

Пролин және треонин коллаген мен эластин синтезіне қатысады. Бұл құнды аминқышқылдары тері жасартады, ылғалдандырады, оның тосқауыл функцияларын күшейтеді.

Асаи жемісінің жұмсағы — амин қышқылдарының, дәрумендер мен антиоксиданттардың мол көзі - терінің серпімділігі мен тығыздығын қалпына келтіре отырып, жасартатын әсерге ие.

Түймедақ гүлінің сығындысы (органикалық) сезімтал теріні тыныштандырады және жұмсартады.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді, терідегі коллаген, эластин, гиалурон қышқылының синтезін арттырады.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ ҚОСЫЛҒАН БЕТ ПЕН МОЙЫНҒА АРНАЛҒАН ҚАРҚЫНДЫ САРЫСУ

Privilege Intensive Facial Serum

код: 6005 шығарылу түрі: 50 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, глицерин, су, ерігіш коллаген, қызыл балдыр сығындысы *Nurpea Musciformis*, карбомер, феноксиэтанол, С дәрумені (3-О-этил-аскорбин қышқылы), пролин, треонин, қоңыр балдырлар сығындысы *Sargassum Filipendula*, каприлил гликоль, сорбитол, күріш сығындысы, Е дәрумені, робуста кофесінің сығындысы, қызыл балдыр сығындысы *Gellidiera Acerosa*, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, А дәрумені, натрий гидроксиді, сорбин қышқылы, органикалық түймедақ гүлінің сығындысы, қызыл балдыр сығындысы *Ahnfeltiopsis concinna*, гиалурон қышқылы, калий сорбаты, этилгексилглицерин, токоферол, аргирелин (ацетил-гексапептид-8), гексиленгликоль, тринатрий ЭДТА, соя бұршағының пероксидазасы, супероксид-дисмутаза.

Қартаюға қарсы қарқынды күтім

Сарысудың концентрацияланған формуласы терідегі зат алмасу процестерін қалыпқа келтіреді, мимикалық әжімдерді азайта отырып, жасушалардың жаңаруын белсенді етеді, теріні ағартады және серпімділігін арттырады. Кремді жағар алдында ұсынылады.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы жасартатын күшті әсерге ие. Терідегі алмасу процестерін белсенді етеді, оның ылғалдылық деңгейін сақтайды, серпімділігін қалпына келтіреді және фотоқартаюдың алдын алады.

Алоэ жапырақтарының шырыны (органикалық) терінің барлық нысаны үшін сәйкес келеді, ылғалдандыратын және тыныштандыратын әсер береді. Терінің тонусы мен серпімділігін арттыра отырып, коллаген мен эластин талшықтарының синтезін күшейтеді.

Қызыл және қоңыр балдырлар сығындылары терінің серпімділігі мен беріктігін қамтамасыз ете отырып, трансдермальды ылғал жоғалту процесінің алдын алады.

Пролин мен треонин коллаген мен эластин синтезіне қатысады. Бұл құнды амин қышқылдары терінің коллаген қаңқасын қалпына келтіруге, оның тосқауыл функцияларын нығайтуға ықпал етеді.

Аргирелин мимикалық бұлшықеттерді босаңсытады, бар әжімдердің тереңдігін азайтады және жаңа әжімдердің пайда болуына жол бермейді. Бұл терінің терең қабаттарына енетін пептидтік кешен. Қартаюға қарсы косметиканың маңызды бөлігі.

Теңіз коллагені мен гиалурон қышқылы теріні қарқынды ылғалдандырады, әжімдердің түзілуіне және жас ұлғаюына байланысты оның салбырауына кедергі келтіреді.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді, терінің қара дақтарын азайтады және алдын алады.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ МЕН МАЙЫ ҚОСЫЛҒАН КӨЗ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ТЕРІНІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕТІН КРЕМ

Privilege Repairing Eye Cream

код: 6006 шығарылу түрі: 30 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, тәтті бадам майы, глицерин, жожоба майы, ерігіш collagen, стеарин қышқылы, демитикон, арабика кофесінің майы, сорбитан стеарат, су, феноксиэтанол, С дәрумені (3-О-этил-аскорбин қышқылы), карбомер, цетил спирті, триэтанолламин, карамель, глицерил стеарат, ПЭГ-100 стеарат, каприлил гликоль, этилгексилглицерин, аллантаин, гексилен гликоль, сквалан, Е дәрумені, А дәрумені, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, асаи жемісінің жұмсағы, гиалурон қышқылы, миристил спирті, стеарил спирті, робуста кофесінің сығындысы, токоферол, рим түймедағы күлтелерінің сығындысы, теңіз орамжапырағының сығындысы, калий сорбаты, аргирелин (ацетил-гексапептид-8), тринатрий ЭДТА.

Өзгерту және жарқырау

Көз айналасындағы нәзік теріні нәрлендіреді, ылғалдандырады және жұмсартады, оның жас ерекшеліктерін түзетіп, жарқыратады.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы мен майы қартаюға қарсы күшті әсерге ие. Терінің зат алмасу процестерін және қорғаныш қасиеттерін белсенді етеді, оның ылғалдылық деңгейін сақтайды, серпімділігін қалпына келтіреді және фотоқартаюдың алдын алады. Кофе майының антиоксиданттық әсерінің арқасында терінің қартаю процесін баяулатады.

Тәтті бадам майы және жожоба майы теріні жұмсартады, нәрлендіреді, сергітеді және әр береді, көз астының күңгірттенуін азайтады және жасушалардың қартаю процесін баяулатады.

Алоэ жапырақтарының шырыны (органикалық), теңіз collagenі, сквалан және гиалурон қышқылы көздің айналасындағы жұқа және нәзік теріге күшті ылғалдандырғыш және тыныштандырғыш әсер береді.

Аллантаин эпидермистің жаңаруын белсенді етеді және терінің тосқауыл функцияларын қалпына келтіреді.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді, терінің қара дақтарын азайтады, жасушалардың қалпына келуін жеделдетеді.

Аргирелин мимикалық бұлшықет еттерді босаңсытады, терідегі терең әжімдерді жазады және жаңа әжімдердің түзілуіне кедергі келтіреді. Бұл терінің терең қабаттарына енетін және әсер ететін пептидтік кешен.

Асаи жемісінің жұмсағы — аминқышқылдарының, дәрумендер мен антиоксиданттардың мол көзі жасартатын әсерге ие, терінің серпімділігі мен беріктігін жақсартады.

PRIVILEGE КОФЕ СЫҒЫНДЫСЫ МЕН МАЙЫ ҚОСЫЛҒАН БЕТ ПЕН МОЙЫНҒА АРНАЛҒАН ЖАСАРТҚЫШ КҮНДІЗГІ КРЕМ

Privilege Anti-Aging Morning Cream

код: 6007 шығарылу түрі: 50 мл



Құрамы

Органикалық алоэ вера жапырақтарының шырыны, каприлик/каприк триглицерид, глицерин, жожоба майы, ерігіш коллаген, стеарин қышқылы, диметикон, арабика кофесінің майы, сорбитан стеарат, су, феноксиэтанол, карбомер, цетил спирті, триэтанолламин, карамель, глицерил стеарат, ПЭГ-100 стеарат, каприлил гликоль, этилгексилглицерин, С дәрумені (3-О-этил-аскорбин қышқылы), аллантиин, гексилен гликоль, сквалан, Е дәрумені, А дәрумені, лейконосток/ферменттелген шалғам тамырының фильтраты, асаи жемісінің жұмсағы, гиалурон қышқылы, миристил спирті, стеарил спирті, робуста кофесінің сығындысы, токоферол, рим түймедағы күлтелерінің сығындысы, теңіз орамжапырағының сығындысы, калий сорбаты, аргирелин (ацетил-гексапептид-8), тринатрий ЭДТА.

Күні бойы қалпына келтіру және қорғау

Жасартқыш күндізгі креммен теріні жаңа күнге дайындаңыз. Белсенді компоненттермен қаныққан композиция ұзақ ылғалдануды, жұмсартуды және лифтинг-әсерді қамтамасыз етеді, май бездерін қалыпқа келтіреді.

Белсенді компоненттер

Кона кофесінің сығындысы мен майы қартаюға қарсы күшті әсерге ие. Терінің зат алмасу процестерін және қорғаныш қасиеттерін белсенді етеді, оның ылғалдылық деңгейін сақтайды, серпімділігін қалпына келтіреді және фотоқартаюдың алдын алады. Кофе майының антиоксиданттық әсерінің арқасында терінің қартаю процесін баяулатады.

Алоэ жапырақтарының шырыны (органикалық) терінің барлық нысаны үшін сәйкес келеді, ылғалдандыратын және тыныштандыратын әсер береді. Коллаген мен эластин талшықтарының синтезін күшейтеді, терінің тонусы мен серпімділігін арттырады.

Жожоба майы терінің құрғауының алдын алады, жұмсартады және серпімділігін арттырады. Амин қышқылдарының жоғары концентрациясының негізінде терінің солғындану белгілерінің пайда болуын баяулатады.

Теңіз коллагені, сквалан және гиалурон қышқылы теріні қарқынды ылғалдандырады, бетін тегістейді, әжімдердің пайда болуына және жас ұлғаюға байланысты тіндердің солуына кедергі келтіреді.

А, С, Е дәрумендері ерекше антиоксиданттық әсер береді, терінің қара дақтарын азайтады, жасушалардың қалпына келуін жеделдетеді.

Асаи жемісінің жұмсағы — аминқышқылдарының, дәрумендер мен антиоксиданттардың мол көзі жасартатын әсерге ие, терінің серпімділігі мен беріктігін жақсартады.

